

ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

Л 2010
24293к

Әрелі өнер

АЛМАТЫ • 1976

ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ
ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ

ӨРЕЛІ ӨНЕР

(Тіл мәдениеті туралы)



ҚАЗАҚ ССР-нің «Ғылым» БАСПАСЫ

АЛМАТЫ—1976

Өрелі өнер (Тіл мәдениеті туралы). Алматы, Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1976 ж.

148 б.

Қазақ тілі мәдениетінің сап алуан қиын да күрделі теориялық мәселелері бар. Соның көбі бүгінгі күн талабымен, тәжірибесімен астарласып жатады. Ондай көпшілік назарын әрдайым аударып отыруды тілейтін тіл мәдениетінің өзекті мәселелері мыналар: орфоэпия, орфография, баспа-сөз тілінің мәдениеті, сөз қолдану және аударма мәдениеті. Бұл жинақ осы мәселелерге арналған. Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институты тіл мәдениеті бөлімі жыл сайын осындай жинақ шығарып отырмақ. Сол арқылы қазақ тілінің мәдениетін арттыруға түрткі болуды көздейміз.

Жинақ көпшілікке арналатындықтан, келешекте тіл мамандары ғана емес, жазушы, журналист, мұғалім, т. б. мамандық иелері де мақалалар жазып тұрса екен дейміз.

Редакция алқасы

Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі *БАЛАҚАЕВ М.*, филология ғылымының докторы *ӘМИРОВА Р.*, филология ғылымының кандидаты *АЙТБАЕВ Ө.*

К $\frac{70103-131}{407(07)-76}$ Дп—76

© Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1976 ж.

І. КЕҢЕСБАЕВ

ТІЛ МӘДЕНИЕТІ ТУРАЛЫ БІРЕР СӨЗ

(Алғы сөз орнына)

Республика жұртшылығы соңғы жылдары аса бір игілікті жұмысқа назар аударып отыр. Ол — совет дәуірінде мейлінше байыған, барлық жағынан шыңдала түскен қазақ әдеби тілінің абырой-беделін арттырып, одан әрі дамыта беру мәселесі. Асқақ өміріміздің талабына сай ана тіліміздің әдеби қағидалары бар дейміз; тамырын терең жайған оның арғы-бергі қызықты тарихы бар дейміз; тіліміздің әбден қалыптасқан қағидалары халық қазынасына айналған жалпы ережелері бар дейміз; сол екшелген ережелерден тыс бірқыдыру шекара құбылыстар да бар дейміз.

Ұлан-байтақ Қазақстан өлкесінде тіліміздің жергілікті ерекшеліктері — диалектизмдер де, шаруа жағдайында, күнделікті тіршілікте қолданылатын кәсіби сөздер — профессионализмдер де мол дейміз. Бұлардың әдеби тілге қарым-қатысын қалай түсінбекпіз? Тіл қоғам құбылысына жатады, демек, ол — тарихи құбылыс. Халық сөзді, сөз тіркесін өзінің ой елегінен өткізіп барып керегіне жаратады. Екшеле келе кей сөздер әдеби тіл арнасынан шығып та қалады, оның есесіне жаңа сөздер лек-легімен еніп жатады, сандаған сөз негізгі мағынадан бөлек үстеме мағынаға иеленіп жатады; бұлардан (негізгі немесе ауыспалы мағынадан) бөлек, едәуір сөз, көптеген сөз тіркесі стилистикалық қызмет атқара келіп, айшық-

тала түседі, қолдану қабілетін молайта түседі. Негізгі, ауыспалы мағына, қолдану тәсіл дегендер ішінара байланыста бола тұра, олардың әрқайсысы — өз дегендерімен жүретін, үш арналы дүние. Басқаша айтқанда сөз мағынасы кісінің тұла денесі іспеттес келсе, сөз қолдану кісінің сөзі енгізетін киімі іспеттес келеді. Көне тоз лыпа да — киім болатыны сияқты, кісіні ығыр ететін ерғашты тіркес те ұшырайды. Көңіл жадырататын сөз жаңа киім тәрізді соны сөз айшықтары да ұшырайды. Киім бояу емес: бір жуғанда кететін, арзан дүние емес. Бірақ, киім екеш киім де тозады ғой, дәл сондай болмағанмен, сөздер де көнереді, бірақ орынды сөз, қонымды тіркес інжу-маржан тәрізді ұзақ өмір сүріп, тілге ажар енгізеді.

Тілдің осындай қат-қабат ішкі сырын, мән-мағына заңдылығын семасиология тексереді де, сөз қолдану жолдарын стилистика тексереді. Тіл мәдениеті дегеннің бұл екеуіне де тікелей қатысы бар. Олай болса, тіл байлығы тек сырт сөз байлығымен ғана өлшенбейді. Тіл қасиеті оның байлығы сөз мағынасымен де, сөзді он екі саққа жүгіртіп, қонымды да жатық пайдалана білу амалдарымен жіті байланысып жатады.

Осы тәріздес түйінді мәселелерді тізіп, санын көбейте беруге болады.

Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институтының бір топ ғалымдары радио, телевизия арқылы өз білгендерін ортаға салып, тіл мәдениеті тарауынан кейбір келелі ұсыныстарын айтты. Күнделікті ділгер жайттарға баса көңіл бөліп келелі мәселе көтерді. Бұл — құптарлық жұмыс.

Неге десеңіз, әлі де болса, екі-үшті айтылып, қаз-қатар жарыса жазылатын сөздер кездеседі. 5—6 жыл бұрын тіл мәдениетіне арналған республикалық конференцияда бұл да, одан өзге де маңызды мәселелер арнайы сөз болған-ды.

Қаға берісте қалып, ұмыт боп жүрген ісіміздің бірі — сөз әуезі, тіл қирағаты. Бұл айтып отырғанымыз — орфоэпия туралы. Дыбыс, сөз тіркестерінің айтылуы мен жазылуы үнемі сәйкес келуі

шарт емес. Радио арқылы айтылатын кей сөздерге құлақ түре зер салсаңыз, «торы ала ат», «торы құнан» сияқты сөздер жазу әлпетімен кетіп жатады. Қатарынан келген дауыстылардың алғашқысы түсіп қалуы — тіліміздің атам заманғы заңы. Мұны елемей — тіліміздің басты заңынан ауытқу деген сөз.

Ауызекі сөйлеудің бұдан өзге толып жатқан күрделі мәселелері бар. Солардың бірі — екпін мәселесі. Сөз бен сөздің шегі өзінің ішкі сыры — мағынасымен шектелмейді, сыртқы пішін — грамматика белгісімен ғана оқшауланбайды. Бір сөздің екінші сөзден айырым белгісі екпінге де ойысып жатады. Жұмыстың қиын жағы жеке сөздің екпінін іздеуде емес. Сөйлеу процесінде бір сөздің екпіні екінші сөзге ауысып немесе бір буындағы екпін өзге буынға ығысып кетуі де мүмкін. Бұл жөнде талай рет айтқанбыз да. Мұндай жағдайда жеке сөз екпінінен бөлек тіркес екпін (фразалық екпін) пайда болады. Күні бұрын дайын тексті оқыған диктор, лектор осы ерекшелікті ескергені мақұл. Сөз иіні келгенде айта кету керек, радио мен теледидар дикторлары, қазақ тілінің табиғи заңына муапық сөйлейді, оқыр текстіндегі сөздердің тігісі жатық келеді; өз ғылымының бүгешігесін жете білетін кейбір қазақ интеллигенттеріне қарағанда Әнуарлар тартымды, сүйкімді сөйлейді. Бұған дән ризамыз. Біз сөз әуезін әңгіме еткенде, дикторды ғана еске алып отырғанмыз жоқ. Басқа да алуан түрлі шешендеріміз бар ғой. Солардың сөз саптауы дұрыс болғай еді дейміз; дыбыс мақамының кібіртігі, сүреңі болмаса екен дейміз; жаманы — жақсы, жақсысы — аса жақсы болса екен дейміз. Осы тұста мынаны да айтқан жөн: жастарымызды да, орта буын кісілерді де көркем оқу, мүдірмей еркін оқуға жаттықтыру лазым. Республикамызда аты мәшһүр, ел құрметіне бөленген сөзшен, шешен артистеріміз, жазушыларымыз, халық ақындарымыз, лекторларымыз бар. Сол өрен жүйрік қайраткерлердің сөйлеу өнерін күлліге паш еткен мақұл. Оларды магни-

тофон ғана емес, киноға түсіріп, өзін де, сөзін де бүгүнімізге де, ертеңімізге де үлгі ету абзал. Бұл жөнде бәріміздің де жіберіп алған өкініш-қатемізді мойындауымыз керек. Басқасын былай қойғанның өзінде Жамбыл, Мұқтар, Қаныш, Қалыбектердің алуан түрлі хикая, сөздерін жаза алмай қалғанымызға опық жеп жүргеніміз жоқ па? Бұдан былайғы жерде өзге ірі адамдарымыз жөнінде «қап, әттеген-ай» демелік.

Сөз мақамы мен ырғағын жазу арқылы білдіру мүмкін емес. Бұл — әрі қиын, әрі қызық мәселе. Арнайы жасалған сөздік, лұғат, бірді-екілі оқулық болмаса, екпін екеш екпіннің де графикалық белгісі болмайды. Тілдің әрқилы, сан қырлы интонациясын қайтесіз?

Хабарлы, сұраулы, лепті интонация дегеннің ішінара қаншама варианттары бар (жай, жедел, баяу, асқақ, көтеріңкі, екпінді, екпінсіз, созылық, келте, басым, ашық, тұйық, желдірме, кібіртік, үнді, үнсіз, т. б.). Әр кісінің дикциясына лайық нәзік үнді қайтесіз?

Тілдің қарым-қатынас жасау қасиеті сайып келгенде, тым күрделі: әдеби тілдің жазба нұсқасы мен айтылу нұсқасының тоғысатын да, алшақ кететін де жері бар. Тарихи тұрғыдан қарасаң, жазудағы балама — ауызекі тілдің баламасы, ұрпақтан ұрпаққа көшкен, халқымызбен құрдас ана тілімізді алсақ, ежелгі рухани, мол дүние — сол ауыз әдебиеті, дәстүрлі ауызша сөйлеуден басталғанына күмән келтірмесек керек. Түсінікті, қызықты әңгіме дүкенін құру, тек мән-мазмұнға ғана іліктес деген сыңар жақтық болар еді. Әрине, ойсыз сылдыр сөз жарқ ете түсіп, жанбай жатып, сөнген отпен тең. Біздің айтпақ болып отырғанымыз: сөйлеудің ішкі сыры мен айтылу тұрқын бірлікте ұстасақ, сөз сарасы қиыннан қиысып жатар еді-ау демекпіз. Орфоэпия тұрғысынан пайымдасақ, әдеби тілдің жазба түрінен сөйлеу түрі — анағұрлым қиынға түсер құбылыс. Бұл екеуінің ара салмағы екі түрлі. Солай бола тұрса да, шама

келгенше, бұл екеуінің жуықтыру белгілеріне зер салғанымыз жөн.

Монолог түрде сөйлеу бар, диалог ретте сөйлеу бар: үлкен қауымда сөйлеу, түрлі-түрлі дайындықта, білім деңгейі әрқилы топта, жиын-мәслихатта баяндама жасау осы монолог аясына енеді. Жазып сөйлеу, ауызекі (хат-қағазсыз) сөйлеу түрі бар.

Диалог көбіне, екі кісі аралығында болатыны әркімге-ақ аян. Тіл мамандары болсын, өзге қазақ интеллигенттері болсын, әдеби тіл дейді де, алдымен жазба әдебиет мәселелерін сөз етеді. Бұл дұрыс та. Сол жазба дәстүрдің ауызша да баламасы бар емес пе? Екі жарты бір бүтін дегендейін, әдеби тілдің ауызекі сыңарын шет қақпайласақ, оң бастық, түзу жүрдік дей алмасақ керек. Осыны елемеу, ескермеу салдарынан сөйлеу тәжірибемізде қыруар олпы-солпылықтар жиі кездесіп отырады. Жаңа ғана жол-жөнекей келтірген бір ғана «уақ» мысалмен шендес фактілер толып жатыр.

Жазып сөйлеудің ерекшелігі неде? Сөз саптау, сөйлем құру тәсілі бөлегірек. Күні бұрын ой елегінен өткен сөйлем жазба әдебиеттің қағидаларына дөп келіп жатады. Мәселен терминологиялық ретте де, сөз талғап алуда да, сөйлем түрінде де, сөйлем мүшелерінің орын тәртібінде де бағзы уақта, сөз мәнері — сөйлеу сазында да айырма байқалады. Бұл айырма кере қар емес. дегенмен де көзге түсер парық бар.

Ауызекі диалогласуда сөйлем түрі ықшам, келтелеу келуі, сұрау-жауап басым келуі, сұраулы, лепті, хабарлы сөйлемдердің ауыс-түйіс алма-кезек қат-қабаттасып жатуы сол диалогқа тән жағдаяттарда өзара ұласып жатады. Қол сілтеу, бас изеу, ымдау, иек қағу әңгімелесушінің, керек десең, тұрпат-тұрқына айтпақ ой ойысып жатады, ой желісі шу дегенде-ақ белгілі болған мезетте, сөйлемнен сөз түсу, тіпті сөйлем бітпей қалған жағдайда да айтар ой айқын болу — сол диалогтың жай-жапсарына байланысып жатады.

Ұлт психологиясы тілдің өз байлығы мен грамматикасы саласынан ғана емес, жеке дыбыс жүйесінен ғана емес, баяу-жедел сөйлеу, айқайлай-ақырын сөйлеуде де аңғарылып қалатын жайы жоқ емес.

Тіл туралы ғылымның жоғарыда аталған мәселелерге сай орныға бастаған жүйе, ережелері бар. Ана тіліміздің әр алуан жақтарын қамтитын «Тіл мәдениеті» атты білім саласы бар. Орфоэпия дыбыс сазы мен әдеби тілдің дауыс ырғағын тексереді, орфография емле ережелерін, пунктуация тыныс белгілерін, стилистика сөз тіркесі заңдарын, жатық сөйлеу, сөз талғау тәсілдерін зерттейді.

Оқырман қауымға ұсынылып отырған мына шағын еңбекте тіл мәдениеті мәселелерінің едәуір жақтары өз шешімін табады деп ойлаймыз.

І. ТІЛ МӘДЕНИЕТІНІҢ ЖАЛПЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

М. БАЛАҚАЕВ

ӘДЕБИ ТІЛДІҢ МӘДЕНИЕТІ ТУРАЛЫ

Қазақ тілінің қоғамдық қызметі арта түсіп отырған қазіргі кезде оның үздіксіз даму процесін терең ұғынып, өмірлік проблемаларын жан-жақты зерттеуге ерекше мән беріліп отыр. Солардың қатарында теориялық, практикалық биік талаптар деңгейінен қарайтын сала — тіл мәдениеті мәселелері болмақ. Бұл — қазақ тілінің енді-енді өзінің даму жолына түскен жас саласы. Тіл мәдениеті халқымыздың жалпы мәдениетімен астарлас дамуға тиісті болатындықтан, бұл ғылым саласы алдымен тіл мәдениетінің дәрежесін арттыруды, тілдің қатынас құралдық қызметін жетілдіру үшін оның күнделікті өмірлік мәселелерін ғылыми тұрғыдан дұрыс шешіп, жөн сілтеуді көздейді.

Еңсесі биік біздің елдің барлық іс-әрекеті мәдениетінің, әсіресе, тіл жұмсау мәдениетінің дәрежесін көтеру халыққа қызмет ету мүддесімен ұштасып жатса, әрине, ондай іске тілшілер ғана емес, көп болып көмектесу талабы қойылады.

Тіл мәдениетінің басты талабының бірі — тілдің халықтық қасиетін дамыту, ана тілінің байлықтарын талғам елегінен өткізіп, молынан әдеби тілге енгізу. Халық тілі, К. Д. Ушинский айтқандай, оның рухани өмірінің ең жақсы, еш уақытта солмайтын және әрдайым гүл-гүл жайнап тұратын қоры, оның өмірі тарих шекарасынан

әлдеқайда әріден басталады. Халық тілінің сол айтқандай ұшан-теңіз мол байлығы сарайының қақпасы қазақ жұртшылығының игілігі үшін, әсіресе, Октябрьден кейін лаңғыт ашылды: көп жанрлы көркем әдебиет, басқа да тасқынды баспасөз, оқу-ағарту, үгіт-насихат жұмыстары... — бәрі халық тілінің байлықтарының нәрімен сусын-данып, оның ішкі мүмкіншіліктері негізінде жаңа ұғымдарға лайық соны сөздер, синтаксистік орамдар жасалды. «Қен байлығы жерде, сөз байлығы елде» екенін жақсы білетін ақын-жазушылар және басқа қалам қайраткерлері сол байлықтарды әдебиетке емін-еркін ендіріп келеді.

Өз өмірінің аса қымбат «дәулеті» — ана тілінің байлықтарын талғап, дестелеп пайдалану үшін адам алдымен сол тілді қастерлеу керек қой. Сол сезім ақын Ә. Тәжібаевтың аузына мынадай сөз салыпты:

Туған тілім — тірлігімнің айғағы,
Тілім барда айтылар сыр ойдағы.
Өссе тілім, мен де бірге өсемін,
Өшсе тілім мен де бірге өшемін.

Тілсіз хайуан — бишара
Бишараға не шара?!

Ана тілін тірлігінің тірегі етемін деген ақын-жазушылар үшін ол тек қарым-қатынас құралы ғана емес, — сонымен қатар көрікті, көркем нақышқа толы туындылардың да бірден-бір құралы. Сөз шеберлерінің жасампаздық қабілеті мен шабытына үйлесе дүниеге келіп, игілік қорына қосылған шығармаларынан «айтылар сырға» негізделген ақыл-ой байлықтарының кестелі бояуларын да көреміз. Абай, Ыбырай, Сәкендерден бастап, жібi үзілмей келе жатқан осындай тіл жұмсалудағы халықтық бағыттың өрісі кеңейе түсіп отыр. Оған шүбә жоқ. Бірақ халық тілі байлықтарын әдебиетке енгізу мәдениеті қалай болмақ деген сұрақ кейбір авторлар мен баспа қызметкерлерінің ойына кіріп те шықпайтын көрінеді. Сол дұрыс па? Әрине, халық тілін сарқа пайда-

ланайық, солар арқылы әдеби тілді байыта түсейік деген талап та, әрекет те дұп-дұрыс. Бірақ халық тілінің сөйлеу вариантында кездесе беретін орашалақтық, ала-құлалық, қарапайымдылық сияқтыларға тіл мәдениеті талаптары тұрғысынан қарап, сөйлеу тілінде бардың бәрін емес, керектілерін сұрыптап, таңдап, талғап жұмсау арқылы әдеби тілдің байлығына айналдырсақ, олар халық тілінің шыңдалған алтын қоры болады. Мысалы, сөйлеу тілінде «сонан соңғы» дегенді **сосынғы, сонсоңғы, сосыңғы** деп түрлендіріп айта береді. Осы төртеуін де кездестірдік. Немесе, сөйлеу тілінде **кереует** те, **кірауат** та, **крават** та... айтылады деп, әдебиетте де солай түрлендіріп жазыла беріледі. Кейбіреулерге осындайлар жүрдім-бардым тыңдайтын ұсақ-түйектер сияқты да, тіл мәдениеті тұрғысынан — барып тұрған сорақылық. Бақыт Сарбалаев «Шындықтың орны бір басқа» деген мақаласында алып ақын Жамбылдың тілі жайында мынадай сипаттама беріпті: «Сөз сарасын нәсерше селдетіп төккенде, оған эпостағы керуен-көш образдар, халық тілінің тасқын байлығы алтындай сауылдап құйылып жатпай ма? Ендеше сол нәсер тамшыларының ішінде ұсақ таза еместері де кездесуі заңды. Ол жазба әдебиет әкілі сияқты ойланып, түзеп, қайта сызып жата алмайды ғой». Осы айтылғандай тілдің «ұсақ», «таза еместері» Жамбыл үшін кешірімді болса, ойланып-толғанып, қайта-қайта жазып, ұнамаған жерлерін «қайта с ы з а» алатын қазіргі авторларда «ұсақ-түйек те» болмау керек емес пе? «Лениншіл жас» газетінде жарияланған суреттемесінде Ертай Айғалиев ылғи «... сенің жаныңа **барғам**», «қарқылдап **күлгем**», «мен де көз **салғам**» деп жазады. Осыларды автор да, газет редакциясы да ойланбай жаза салмаған болар. Мүмкін, **барғанмын, келгенмін, салғанмын** демей, сөзді бұзып жазуда халықтық сыр бар, немесе «ұсақ» кемшілік қой, не қылар дейсің деуі ме екен? Ауызекі сөйлеу тілінде сөздер осылай қысқарып, солғын түрінде айтылатыны рас. Халық тілінің қамқор-

шысымын деп жүрген достарымыз сөйлеу тілінде бардың бәріне бір түрлі қызғаншақтықпен қарайды. Бұл бағыт әсіресе ақын-жазушылар шығармаларынан анық байқалады. Сөйлеу тілінде сөздердің тұрқын бұзып, «үнемден» айта салу — қарапайым, қарадүрсіндіктің белгісі: боп, ап, қап, бүй деп, үй деп айтам, барғасын, келгесін, балағұсап, барсигеді тәрізділер ауызекі тілде, тіл мәдениеті төмен кісілердің аузынан шыққанға кешірім болса, ал әдеби тілде солай жазып, солай сөйлеу де дұрыс болар ма екен? Осындайды дұрыс дейтіндер сөйлеу тілі мен әдеби тілдің арасында үлкен парық барын, қарым-қатынасын елемейді.

✓ Қазіргі әдеби тіліміз — халық тілінің жоғарғы формасы. Әдеби тіл дамыған сайын оның қоғамдық қызметі, стильдік тармақтары сараланып, нормалық жүйесі нығая түседі. Сөйлеу тілі де, әдеби тіл де өзара тамырлас, әрі бірінен бірі нәр алып дамиды: соңғы халық тілі негізінде жасалып, оның құнарлы қазынасынан керегін таңдап, талғап алып дамыса, сөйлеу тілі де өзінің бұрынғы дәрежесінде қалып қоймай, әдеби тіл елегінен өтіп, жалпы халықтық қасиетке ие болған байлықтарын, керісінше, үнемі қабылдап отырады. Бара-бара сөйлеу тілі мен әдеби тілдің алыс-берісі күшейіп, әдеби тілдің екі түрі — жазба әдеби тіл мен сөйлеу әдеби тілі қалыптасады. Осы процесті тездетудің орнына әдеби тілдің бұл екі формасын алшақтату жөн емес. Бірақ көпке дейін сөйлеу тілінің ерекшеліктері жойыла қоймайды. Мысалы, қазіргі әдебиет, әсіресе көркем әдебиет тәжірибесіне көз жіберсек, әрине, сөздердің, сөз тіркестерінің мүжілмеген толық түрі кең түрде жұмсалады да, сөйлеу тілінің айтылу нормалары сияқты — **боп, ап, қап, балағұсап** (балаға ұқсап), **келем, беремдер** көбінесе персонаждар тілінде, қарапайым халық өкілдерінің диалогтарында, поэзияда көп кездеседі. Ал биік талғамды, білімді, мәдениетті жазушылардың өз сөзінде, авторлық ремарктерде

қарапайым, сауаты шамалы қазаққа ұқсап, сөздің «басын жарып, көзін шығарып» жазғандарын құптауға болмайды. Бірер мысал: Ол жау тылына өтіп, аса құнды тіл де апты. Бірақ көзге түсіп қапты (С. Бакбергенов). Орал жақтан әкелінген тұтқын бар еді, оны біз «оралдық» деп атағамыз. (Ол) екінші Меккенің қазіргі тірі әулиесі құсап лепіре сөйлеп отыр (О. Достанов). Мұндағы қарамен терілгеннің дұрысы: алыпты, қалыпты, атағанбыз, әулиесіне ұқсап. Әдеби тілде қысқартылып біріккен сөздердің біразы нормаға айналып кеткендері де бар. Мысалы, бүгін (бұл күн), сөйтіп (солай етіп), бүйтіп (бұлай етіп), қайтып (қалай етіп), қайтейін (қалай етейін), неғып (не қылып). Кейбір сөздердің толық түрлері мен өзгерілген, ықшамдалған нұсқалары әдеби тілде өте жиі қолданылады, мысалы: айқай — айғай, есіттім — естідім, алып бер — әпер, алып кел — әкел. Мұндай мысалдарға арқа сүйеп, кез келген дублеттерді қолдана беруге болмайды. Әдеби тілдің дәрежесі ұлғайған сайын тілдегі ала-құлалық азая бермек, мәдениеті жоғары тілдің сөздері мүжілмеген, сақадай сай, әрі салмақты, кескінді, тұлғасына мағыналары үйлесіп жұмсалуға тиіс, өстісем, бүй деген, соғүні, сосын, бастағам, деп көмескілемей — осылай етсем, бұлай деген, сол күні, сонан соң, бастағанмын деп ауызды толтыра сөйлегенге не жетсін!

Халық тілінің байлығын мәдениетті кісілерше пайдаланам деушілер «аспани әлем», «сыни мақала», «заманауи заңғар драматург» демей — «аспан әлемі», «сын мақала», «замананың заңғар драматургы» деу керек қой. Сондай дұрыс, әрі жатық тіркестерді газет беттерінде бұзып жазылғанды кездестіреміз:

...Қаладай жаңа көрген қызықтарды
Адами ақыл-ойдың табыстары.

(«Қаз. әдеб.», 1973, 23 июль).

Аспани әлемнің шырқау биігіне көтерілген (Сонда. 1973, 30 ноябрь). Бұл сыйлық... сыни еңбектері үшін

беріліп отыр («Лен. жас», 1971, 24 июль).
Адамның өмірінің мазмұн-мәні алғашқы яғни
ғұмыри бөлігі екеніне ешкім таласпас деп ойлай-
мын (А. Көбесов, Сөнбес жұлдыздар, 117-б.).

Адами ақ жүрекпен ол тасуда,
Қамшысын домбыра ғып ауық-ауық.

(І. Мәмбетов. Сал-Сары, 61-б.).

Мұндай тілді ойыншыққа айналдырған экспе-
рименттер ұзақ өмір сүрмесе керек. Жұртқа тіл
білдіру емес, тіл бүлдірушілердің бір ұшы халық
тілінің байлықтарын місе тұтпай, «өзгеден өзгеше
боламын» деуден шығады. Сөйтіп, ол жолға
түскендер қалыптасқан тілдік нормаларға қиянат
жасайды. Мүмкін, адами, аспани, ати дегендей
етіп сөз түрлендірушілер — и қосымшасы тілімізде
бар ғой, соның да қызметін арттыру керек дей-
тін шығар. Ол пікірдің негізсіз екені адами, ас-
панилардың сөлекеттігінен (дұрысы — адамның,
аспанның) байқалса, сөзді олай түрлендірудің
қазақ тіліне тән еместігінен көрінеді. Ол — и
қосымшасы қазақ тіліне парсы тілінен саяси,
мәдени, ғылыми, ресми... сөздерімен бірге енді. Он-
да сөз түбіріне саясати, мәдениети, ғылыми, ресими
түрінде жалғанбаған. Бізде саяси, мәдени, ғыл-
ми, ресми... деген түбір сөздер де жоқ. Сон-
дықтан әлгі қосымша өзінің жұмсалуды дәстүрінен
шығып байырғы, кірме сөздердің түбірлеріне
жалғауды біздің тіліміз көтермейді. Өйткені ол
тілде қалыптасқан ілік жалғауының қызметін
де, мағынасын да білдіре алмайды. Қазақ тілін-
де орыс тілінен енген терминдермен ілесе жұмса-
латын -ист, -изм сияқты қосымшалар бар. Солар-
дың бірде біреуі күлкі үшін болмаса, байырғы
сөздерден жаңа сөз жасау қызметінде жұмсал-
майды ғой. Дұрысында, парсы тілінен енген — и
қосымшасы да сол сияқты. Бұған қарағанда, кір-
ме — қор, -паз, -гер қосымшаларының түбір сөз-
дерге жалғану аясы кеңірек. Олардың да жұмсалуды
шегі бар.

Жұрттың бәрінің сөйлеу дағдысын, тіл жұмсау мәдениетін бір өлшеммен өлшеуге, бір үлгімен пішуге болмайды. Тілді қоғамдық құбылыс есебінде пайдаланушы қоғам мүшелерінің ақыл-ой парасаты, білімі, мәдениеті, өнер-ғылымға қанықтығы, іс-әрекеті біркелкі емес. Оның үстіне олардың туып-өскен айналасы, тілдік дағдысы бірдей емес. Сол сияқты қоғам мүшелерінің сөйлеу, жазу мәнері де, дәрежесі де әр алуан. Жұрттың бәріне міндетті дейтін тілдік тәсілдер, тілдік нормалар бар. Тілдік нормалардың тәсілдері — ғасырлар бойы дамып қалыптасқан сөздік қор, грамматикалық құрылыс, фонетикалық заңдылықтармен қатар, ресми түрде қабылданған орфография ережелері, терминдер және оқулықтар мен оқу құралдарындағы нормативті ереже, нұсқаулар. Бұл айтқандардан тыс сөйлеу тілінде бар, ешқандай ережеге сыймайтын ала-құлалықтарды бір қалыпқа түсіріп, оларды әдеби тілдің жалпыхалықтық нормасына айналдырудың әрекеті — тіл мәдениетінің талабы. Оны іске асыртудың толып жатқан жолы бар: баспасөз, радио, телевидение, театр, кино, мектеп, вуз, грамматикалар, ғылыми зерттеу жұмыстары т. б.

Тілдегі қалыптасқан «норма» дегеніміздің бәрінша шартты болатындары бар. Одан ауытқуға да болады. Ауытқудың екі түрі бар:

1. Кейбіреулер норма қайсы, емесі қайсы екенін білмей, ел арасында солай айтылады ғой деп, кейде өзіне үйреншікті болғанның бәрін — асылы бар, жасығы бар, араластырып айта, жаза салады. Мұндайға душар болатындар, әдетте, әдеби емес, норма емес дегендерге мән бермейді, айтсаң құлақ аспайды. Қайта өзгеден өзгеше болғанын мақтан етеді. Бір мысал: «Кенет сен мені түйіп қалдың тастай жұдырығыңмен», «Танауды көтере мен де көз салдым көкке» (Ертай Айғалиев). Бұл сөйлемдердегі сөздердің орналасу нормасы былай емес пе? «Кенет сен мені тастай

қолымен (кенет) түйіп қалдың». «Танауды көтере мен де көкке көз салдым». Сөйлемдегі сөздерді әлгіндей, аяғын аспаннан келтіріп орналастырушылар көп. Олар сөйлемді дұрыс құрауды білмейді емес,— біледі. Бірақ солай етсе, сөйлемнің құрылысы басқалардікіндей болып кетеді. «Меніңше, дұрысы осы, өйткені сөйлеу тілінде солай да айтылады ғой» деушілер әдеби норманы бұзудың жөнсіздік екенін сезбейді-ау, сезбейді.

2. Норма мен нормалау талабын біле-тұра, әдейі мақсатқа лайықтап, оны өзінше шендестіріп, өзгелерден өзгеше етіп жұмсайтындар болады. Мысалы, М. Әуезов «Қараш-Қараш оқиғасында» бойшаң, сом денелі Тектіқұлды «атан жілік азамат еді» деп суреттейді.

Сәкен Сейфуллин «Тар жол, тайғақ кешуде» етектері сүйретіліп би билеп жүрген жағымсыз әйелдерді «Мысық құйрық етектер» деп атайды; Абай «Қараңғы түнде тау қалғып, ұйқыға кетер балбырап» деп, тауды адамша қалғытып, «ұйқыға кетер балбырап» деуі — сөздердің жайшылықтағы тіркескен топтарының нормалары емес — көріктеу, көркемдеу мақсатымен нормадан ауытқыған әсем суреттері. Немесе диалектизмдер әдетте әдеби тіл нормасына енбейді, бірақ Мұқтар Әуезов, «Білекке — білекте», Ілияс Жансүгіров балықшылар өмірінен жазған пьесасында жергілікті диалектизмдерді әдейі персонаждарына айттырып, өте орынды қолданғанын білеміз. Ондайдың жөні бір басқа.

Көркем әдебиет тілі стилінің бір ерекшелігі — онда басқа стильдерге тән тілдік тәсілдер, нормадан ауытқулар жиі кездеседі. Өйткені көркем әдебиет әдеби тілді әр алуан қоғам өмірі мен қилы-қилы адамдар бейнелерін, табиғатты суреттеудің бірден-бір құралы, әрі түрлі түсті «бояу» орнына жұмсайды. Сондықтан әрбір көрнекті жазушы, ақынның өзіндік стилі, тіл жұмсау дағдысы, шеберлік шабытына лайық тіл байлығы болады. Оның үстіне жеке жазушының туып-

өскен айналасы әр түрлі, әдеби тіл, халық тілі байлықтарын игеру дәрежесі біркелкі емес, әр алуан болады. Тіл мәдениетінің мақсаты солардың бәрінің тілін бір ережеге бағындыру емес. Бірақ солардың бәріне ортақ бір тілдің ішіндегі бар байлықты жазушы өз «мүлкім» ғана емес, қоғам «мүлкі» деп қарап, өз ықтиярын соған бағындыруға тура келеді.

Тілдік норма да — тарихи құбылыс. Әдеби тілдің бір кезеңіндегі норма кейін басқаша түрде жалпы халықтық қасиетке ие болған болса, сезімтал, әдеби тілге талғам мұнарасынан қарайтын жазушы кейін бұрынғысын өзгертуді ар көрмейді. Профессор Рахманқұл Бердібаевтың «Стиль сыры» деген жинақтағы мақаласында Мұқтар Әуезовтің «Абай жолының» 1942 жылғы басылуындағы ескі норманы 1961 жылғы басылуында жаңаша өзгертіп жазғанына мынандай мысалдар келтіреді:

Терең ғазап — терең азап, лапкені аралау — дүкенді аралау, түңлік — түндік (155-б). Бір кезеңде жұмысшы сөзі — жұмыскер, орталық — кіндік, совет — кеңес, генерал — жандарал, социалистік — социалды, помещик — алпауыт, философия — палсапа... түрінде қолданылатын. Бұл күнде ондайлар өзгеріп, жаңа нормалар дәурен сүріп жатқанда, кейбір жолдастардың жаңаны місе тұтпай, ескірген қалдықтарға әуес болатынына таңым бар. Октябрьден бұрынғы әдебиетте мысалы, мағлұм, мехнат, ғұмыр, ғалам, ғимарат, ғазап, уағда, ғыззәт... сөздері осы қалпында зиялылар арасында көп жұмсалатын. Халық тілі ондай араб-парсы тілдерінен енген сөздерді өзгертіп, жатық түрінде игерген болатын да, кейін мәлім, бейнет, өмір, әлем, имарат, азап, уәде, іззет сияқтылар әдеби тіл нормасына айналған-ды. Соған қарамастан кейбір жас жазушы-ақындар, көбінесе «Қазақ әдебиеті» газетінің бетінде, мұндайларды сән көре ме, әйтеуір осындай сөздерді ескірген нұсқасында жұмсауға әуес. Бұрынғы молда-ишанды, сол кездегі зиялы-

ларды сөйлеткенде, олардың аузынан шыққан сөз әлгіндей басқаша естіліп жатса бір сәрі ғой. Ондайда пәлендей стильдік өң, мағыналық не эстетикалық талғам байқалмаса, дұрысты бұзып басқаша айтудан не пайда? Жақан Сыздықов «Октябрь таңы» деген мазмұнды өлеңінде мынадай жолдар бар:

Келеміз біз Октябрьдің жолымен,
Орын алдық Октябрьдің төрінен.
Өмірдің де, ғұмырдың да арқауы —
Қарап тұрмыз Октябрьдің өрінен.

Осында бір сөз әрі өмір, әрі ғұмыр түрінде бірыңғай мүше қызметінде екі рет айтылған. Мүмкін, ғұмыр авторлық қолданыста «тіршілік» сөзінің орнына жұмсалған болар, бірақ өлең ырғағының ойнақылығы болмаса, ол сөзден пәлендей бал тамып тұрған жоқ. Мұзафар Әлімбаевтың «Ана тілінің ақ сүті» деген өлеңінде былай дейді.

Ана тілі —
Ананың құнар сүті ғой,
Ғұмыр бойы сен еметін.
Ана тілі —
Халқыңның ырыс-қуаты ғой,
Игілігіне кенелетін.

Жақсы айтылған! Бәрі дұрыс! Бір күдігім «ғұмыр бойы» дегенді ақын неге «өмір бойы» демеді екен? Бұл арада халықтық қалыптан ауытқуда қандай мән бар? Автордың өзі қастерлеп отырған ананың лебізіне лайықтысы «өмір бойы» емес пе? Тіл мәдениеті тұрғысынан әлгі өлең жолдарының «елеусіз» ақауы сол бір сөздің ескіше жұмсалуды ғой деймін. «Ананың құнар сүті» — ана тілінің халықтық табиғатына үйлеспеген бір сөздің тұрқын көп қазбалап жатқан себебіміз — Жақанды, Мұзафарды мұқату емес, тек сондай сөздердің әдеби тілде жарыса қолданылуының көптігін, онда ешқандай мән жоқ ала-құлалық екенін айтқым келеді.

Тілдегі ала-құлалықты елемеу, соларға жол беру жақсылықтың нышаны емес, тілдегі ауа жайылушылық тіл мәдениетінің жауы. Сондықтан мұнда да «қатал тәртіп» орнатуға алдымен тіл жұмсаушылар мұрындық болу керек. Әдетте дұрыс қолданылмаған сөздер шығарма тілінің құтын қашырады. Рымғали Нұрғалиевті сөзшен, тілі жатық деп білеміз. Оның сол қасиетіне «Өнер алды — қызыл тіл» деген кітабының алғашқы беттеріндегі **жаралмыш, көзі қарақты, тәрк етіп, кемшін** (кемдеу д. мағынада), **ғайбаттаушылар, машһур** (**сыншы**) сияқты сөз қолданыстары үйлеспейді-ақ. Кейбіреулер осылай етсе, сөзіміз үкілі бөрік, оқалы тон сияқты сәнді болады деп ойлайды. Тілі де мен мұнда лап тұратын данғыл жол тұрғанда, оқушыларын шатқалаңды жұмбақ түбекке қарай сүйреуден көркемдік шыға қояр ма екен? Әркімнің жазғандарында ой айқындылығы сөз дәлдігімен қабысып жатуы керек емес пе? **Аятылмыш, машһур, барадур, есіткіл, жаннан әзиз көргуші** сияқтылар ертеде әдеби тілде кездесетін, бірақ солар қазіргі әдеби тіліміздің халықтық қалпына сай емес қой. Сондайды сән көріп, сөзін түрлендіремін деп — тілін шұбарлап жаза салушылар аз емес. Ондайда және араб-парсы тілдерінен енген сөздерді бұрынғыларша айтуға аға буын — Ғабит, Мұқтар, Сәкен, Сәбит, Бейімбет, Ғабидендер емес (олар мыштарды... білсе де қолданбайды), — жас жазушылар әуес. Шамасы, ертедегі өткінші, қазір тілден ысырылып шығып қалған болса, ерекше бір орайда, стильдік нәрі бар деген тұста жұмсалуға тиісті сөздер олар үшін жаңалық шығар. Бірақ жаңалыққа әуестік мода қуған сылқымдар тәрізді болмағай да.

Тілдік тәсілдер адамның ойын тек бір қалыпты күйінде емес, әр алуан ерекшеліктері мен нәзік, әрі эмоция, экспрессивті құбылыстарын білдіру құралы ретінде де жұмсалады. Мағына мен ұғым, ой мен пікір бірдей болмайтынындай **көрмедім мен көргенім жоқ, айтпаймын мен айтпан** дегендердің мағыналары, жұмсалу аясы, қызметі тепе-тең емес. Егер осындайдың тек біреуін, немесе қарама-

ғында бет, жүз, дидар, тұмсық, келбет, нұсқа, ажар, рең сияқты сөздер тізбектеліп керегінде алдыңа көлденең тартылмаса, тіліміз сірідей сірескен икемсіз, тынысы тар жарлы тіл болған болар еді. Таңдау, талғау торын құруға болмайтын тілдің байлығын арттыру да, стильдік мүмкіншіліктерін дамыту да мүмкін емес. Сондықтан тілдегі варианттылықты мүлде керексіз құбылыс демей, олардың бірқатарын ой-пікірді дәлме-дәл айтуға керектілерін пайдалануға тиіспіз. Олар — синонимдік қатарлар, мағыналық, стильдік айырмашылықтары бар дублеттер (өкімет — үкімет, өкіл — уәкіл т. б.), түрітұрпаты өзгеше тілдік тәсілдерді стильдік орайда, көріктеу амалы ретінде басқаша айтуға болатын сөздердің, грамматикалық құрылыстардың орнына жұмсау т. б. Сонымен қатар таңдау, сұрыптау елегінен өткізіп тілде бар кейбір құбылыстарға шек қоюға болады. Мысалы: диалектизмдердің, әдеби емес, қарапайым вариантты сөздер мен грамматикалық тұлғалардың жұмсалуы. Бірқатар жолдас-тар тілде барды халық жасайды, «халық айтса қалт айтпайды» дегенді негізге алады да, жарыспалы сөздерді, дыбыс ауытқуларын т. б. қызғыштай қорғайды. Олар «норма» дегенді дәріптейді де, өздері нормалауға қарсы шығады. Осы арадағы түсінбестіктің себебі неде? Вариант, дублет, жарыспалы тұлғалар дегендердің иесі — халық деу оңай, бірақ солай ма? Оларды «халық жасайды» дегеннен гөрі, олар қалай пайда болады? деген дұрыс. Олар тілдегі жаңа мен ескінің, сөйлеу тілі мен әдеби тілдің, біртұтас ұлт тілі мен диалект, говорлардың, тілдің төл байлығы мен кірме сөздердің, ескі әдеби тіл мен жаңа әдеби тілдің т. т. араларындағы қайшылықтардан пайда болған. Мысалы, есімшенің өткен шақ көне түрі — **-тұңғыш**. Қазіргі жаңа түрі **-(а)тын,-(е)тін**, сөйлеу тіліндегі **дүз, жігірма, пірқанлік** әдеби тілде **жүз, жиырма, приказщик**, ескі әдеби тілдегі **мағлум, мехнат, ғұмыр, газети, учитель, атпекет...** қазіргі әдеби тілде — **мәлім, бейнет, өмір, газет, мұғалім, адвокат**. Әрине, осындайлардың бір сыңарын тілге тиек етпей, қазіргі әдеби

тілдің дамуына жөн сілтемей, кім қалай айтса, солай жазсын, кім қалай сөйлесе солай сөйлесін деп қоя берсек, тіл мәдениетінде қандай береке болмақ? Бұл игілікті іске өзгелер де ат салысса — құба-құп.

Ә. ҚАЙДАРОВ

ОРЫС ТІЛІ ЖӘНЕ ТІЛ МӘДЕНИЕТИ

«Тіл — адам баласының ең қажетті қатынас құралы». Барша тілдің қоғамдағы атқаратын қызметін В. И. Ленин осылайша бағалаған еді. Тіл болмаған жерде қоғамның өмір сүруі, сондай-ақ қоғамнан тыс тілдің болуы да мүмкін емес. Бұлар өзара тығыз байланысты, бір-біріне іліктес құбылыстар. Сондықтан да кейбір тілдердің ерекше дамып, толыға түсуі, ал екінші біреулерінің дамудан кенжелеп, тіпті тоқырауға ұшырауы, сол тілдерді пайдаланушы қоғамның өзіне тікелей байланысты.

Олай болса, Совет мемлекетіндегі 130-дай ұлт-кенті-кішілі ұлт тілдерінің тарихи қысқа мерзімнің ішінде тез жетіліп, жан-жақты дамуы, әрі бай, әрі көркем тіл дәрежесіне көтерілуі, қолданылу өрісінің кеңейіп, қатынас құралы ретіндегі қоғамдық қызметінің күн санап арта түсуі тек советтік қоғамның ғана табиғатына тән заңдылықтарға тікелей байланысты болғаны. Кең байтақ Отанымыздың аясында ынтымақ-бірлігі жарасып қауышқан, алуан тілде сөйлесіп, ортақ тіл табысқан көп ұлтты совет халықтары өзінің түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениеті мен ана тілін дамытуға тек лениндік ұлт саясатының арқасында ғана қолы жетіп отыр. Партиямыз бен үкіметіміздің қамқорлығына бөленіп, марқайып отырған ұлт тілдерінің

болашағы зор. Партия Программасы СССР халықтарының бұдан былайғы уақыттарда да көркейіп, еркін дамитындығын, әрбір совет азаматының өзі қалаған тілінде сөйлеуіне, балаларын оқытып, тәрбиелеуіне толық праволы екенін атап көрсетіп отыр.

Лениндік ұлт саясатының арқасында ілгері басып, табыстан-табысқа қолы жетіп отырған совет халықтары үшін ұлттық мәдениетті одан әрі өркендете берудің, ұлт тілдерін әлі де дамыта түсудің маңызы өте зор. Өйткені көп ұлтты совет елінде коммунистік қоғам орнату ұлт мәдениеті мен ұлт тілдерін шеттету арқылы емес, керісінше, оларды гүлдендіру, дамыту арқылы жүзеге асырылмақшы. Ұлт тілдерінің дәл бүгінгі жағдайы осы процестің айқын айғағы бола алады. 1970 жылғы санақтың мәліметіне қарағанда, СССР халықтарының 94 проценті өз ана тілінде сөйлейді екен. Бірақ оның есесіне одақтас және автономиялық республикаларда ана тілінде сөйлеуші халықтардың саны бұрынғысына қарағанда жіті өскенін көреміз. Мысалы, өзбек тілінде сөйлеушілердің саны кейінгі он жыл ішінде 3 миллионға, азербайжан тілінде сөйлеушілердің саны 1,5 миллионға, украин тілінде сөйлеушілердің саны 2,5 миллионға, қазақ тілінде сөйлеушілердің саны 1,7 миллионға дейін өсіп отыр. Демек, қазақтардың 98,8 проценті өз тілінде сөйлейді. Қазақ тілін басқа ұлт өкілдері де ана тілім деп тануы ықтимал екендігін ескерген жөн.

Біздің мемлекет — көп ұлтты мемлекет. Оның қай өлкесіне барсаңыз да, сіз алуан түрлі ұлттардың өкілдерін кездестіресіз, ынтымағы жарасқан совет халықтарының тату-тәтті семьясын, шынайы достық бірлігін көресіз. Осы бір үлкен семьяда, ірілікшілі ұлт тілдерінің терезесі тең, бәрі бірдей еркін дамып отырған жағдайда, әрбір ұлт өкілдерінің өзара ортақ тіл табысып, ұғынысуы тек Советтік қоғамға ғана тән ғажайып құбылыстың үлгісі болып саналады.

Бұл құбылыстың шынайы сыры, қайнар бұлағы — ең алдымен халықтар достығында, коммунист-

тік қоғам құру жолындағы олардың ынтымақ-бірлігінде, ұлы мақсатында. Көп ұлтты елімізде қоғам мүшелерінің өзара пікір алысуына, ұғынысуына қажет қатынас құралы — бәріне ортақ тіл болмаса, бұл ұлы мақсатты түгел орындау, еліміздің монолитті тұтастығын берік сақтау мүмкін де болмаған болар еді.

Көп ұлтты совет халықтарының бүгінгі өскелең өмірі мен ертеңгі жарқын болашағы үшін ерекше маңызы зор осы бір ғажайып тарихи миссияны атқару ұлы орыс тілінің үлесіне тиіп отырғандығы бүкіл әлемге аян. Орыс тілі болса, бұл ардақты да абыройлы миссияны толық атқарып отыр. Ол біздің елімізде халықтардың ұлтаралық қатынас құралына, совет адамдарының ынтымақтасу, достасу тіліне айналды.

Совет дәуіріндегі орыс тілінің қоғамдық қызметі мен қолданылу өрісінің кеңейгендігі соншалық, оның өмірімізде қолданылмайтын саласы кемде-кем; кең-байтақ елімізде жасайтын 250 миллион тұрғынның 185 миллиондайы, яғни төрттен үші, қазіргі кезде орыс тілінде таза сөйлейтін болып отыр. Бұл цифрге қарағанда, орыстан басқа да көптеген совет халықтарының орыс тілін ана тіліндей жетік меңгеріп алғандығы байқалады. Осыдан келіп, ана тілінде де, орыс тілінде де еркін сөйлеп, пікір алысатын, екі тілде бірдей ғылыми еңбек, көркем шығарма жаза алатын, тіпті сол тілдерде ойланатын билингвистердің қатары күн санап өсуде. Бұл әрине, екі тілділік, не көп тілділік деп аталатын жаңа құбылыс; оны көп ұлтты совет қоғамының объективтік даму заңдылығы, советтік шындық өзі туғызып отыр. Сондықтан да біз, орыстан басқа ұлттардың өкілдері, бұл мәселе жөніндегі кейбір жаңсақ пікірден, бойкүйездіктен аулақ болып, орыс тілін ана тіл дәрежесінде жетік те терең білуге күш салуымыз керек. Ол үшін біздің елімізде барлық мүмкіншілік бар.

Бірақ орыс тілін жетік меңгеру дегенмен ұлт тілдерінің беделін түсіру, оларды ығыстыру, шеттету деген ұғым тұмайды. Орыс тілін үйренудің ұлт

тілдерінің дамуына, марқая түсуіне ізгі де игілікті ықпал мен пайдасы болмаса, залалы жоқ екенін біз елу жылдық өмір тәжірибемізден айқын көріп отырмыз. Біздің рухани өміріміздегі, творчествомыздағы көптеген табыстарымыз, сайып келгенде, сол орыс тілі дәнекер болған интернационалдық, советтік тәрбиенің жемістері. Осыған байланысты орыс тілін жетік білген ақын-жазушылар қазақ тілінде де жақсы жазып жүр деген Мұқтар ағаның пікірі әбден орынды.

Совет халықтары орыс тілін ерікті түрде, үлкен ілтипатпен, қызыға үйреніп отыр. Егер оны зорлап үйреткен болса, ол дәл бүгінгідей зор құрметке ие болмаған болар еді, қарапайым халық арасына кеңінен тарап, тамырын тереңге салмаған болар еді. 1913 жылы В. И. Ленин орыс тілінің ұлылығын, байлығы, оралымдылығын елден артық біле тұра, оны Россия жағдайында міндетті түрдегі жалпы мемлекеттік ресми тіл деп тануға қарсы шықты. Ол мәселені бұлайша шешу басқа ұлттарды «орыстандыру» саясатына, мемлекеттік тіл деген сылтаумен орыс тілін зорлап үйретуге апарып соғады, аз ұлттардың наразылығын күшейтеді, сөйтіп олардың интернационалдық ынтымақ-бірлігіне нұқсан келтіреді деп дәлелдеді. Осылайша ескерте келіп В. И. Ленин: «Әрі ұлы, әрі пәрменді орыс тілі өзін біреуге таяқпен зорлап үйретуді қажет етпейді», біз олай етіп мәжбүрлеуді мүлдем қаламаймыз; біздің қалайтынымыз: Россияда тұрушы барлық ұлттардың арасында тығыз қарым-қатынас, туысқандық бірлік орнату, «Россияның әрбір тұрғынының ұлы орыс тілін өз еркімен үйренуіне толық жағдай жасау...» — деп, атап көрсеткен еді. Біздің Коммунистік партиямыз тіл жөніндегі өзінің саясатында ұлы көсемнің осы өсиет-талаптарын бұлжытпай іске асырып отыр.

Ұлы орыс тілінің совет халықтары үшін ұлт аралық ортақ тіл, екінші ана тілі болып танылуында да объективті себептер жоқ емес. Ол ең алдымен орыс халқының Россия топырағында жасалған революцияда тұтқан тарихи роліне, езілген халық-

тарға бостандық әперуші күреске басшылық етуіне байланысты. Орыс тілі — ұлы Лениннің тілі. Халықаралық пролетариат көсемінің күреске шақырған жалынды сөздері орыс тілінде айтылды, оның мәңгі жасағыш, данышпандық шығармалары да орыс тілінде жазылды. Орыс тілі СССР жеріндегі ең мәдениетті, мол тарихи дәстүрге ие, сан жағынан да көп ұлы орыс ұлтының тілі. Ол ең бай, өсіп-өркендеген, дамыған, болашағы зор тілдердің бірі.

Орыс тілінің ұлт ара қатынас құралына айналып, беделінің өсе түсуі, әсіресе, оның атқарып отырған қоғамдық қызметіне де байланысты. Орыс тілін үйрену арқылы совет азаматтары тек орыстармен, не басқа халық өкілдерімен ғана емес, сонымен бірге олар басқа елдердің халықтарымен де араласуға, адамзат жаратқан ортақ мәдени мұраны тануға, ғылым-техниканың табыстарын үйренуге толық мүмкіншілік алып отыр. Орыс тілінің Совет Одағындағы ұлт тілдеріне жасап отырған игілікті ықпалы да өз алдына сөз.

Орыс тілінің осындай қасиеттерін, ұлттық мәдениетімізді гүлдендіре түсудегі ролін атап өткенде, данышпан Абай атамыздың айтқан өсиеттері еріксіз ойға оралады: «Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да — бәрі орыста... Сен оның тілін білсең, көкірек-көзің ашылады», — деген еді ол.

Абайдың бүгінгі бақытты заманда жасап отырған ұрпақтары оның бұл өсиетін орындап отыр: орыс тілін еркін де терең меңгерудің арқасында олар ғылым мен білімнің асқар шыңына шарықтап өрлей түсуде. Егер революциядан бұрын орыс тілін білем деушілер ілуде біреу ғана болса, бүгінгі таңда республикамыздағы қазақ тұрғындарының (олардың саны — 1970 жылы 4. 161. 164. кісі) 48,8 проценті орыс тілінде таза сөйлейтін болып отыр.

Бұл цифрлар нені көрсетеді? Біздің ұғымымызша, бұл — халықтардың орыс тіліне деген зор ілтипатын, оның игілікті әсерін сезіне білуін, тіл үйренуге ерекше қабілеттілігін сипаттайтын дәлелдер.

Орыс тілі бүгінде тек совет халықтарының ғана

ұлттаралық қатынас құралы емес, сонымен қатар, ол — халықаралық тілдердің бірі. Ол Біріккен Ұлттар Ұйымында қолданылатын ресми тілдердің біреуі болып саналады. Бұл орыс тілінің халықаралық беделінің де өскендігін дәлелдейді. Орыс тілін үйренуге қазіргі уақытта, социалистік елдерді былай қойғанда, жер жүзіндегі ірілі-кішілі мемлекеттердің бәрі бірдей жіті бет бұрып отыр. Бұған «Орыс тілі мен әдебиетін оқытушылардың халықаралық ассоциациясы» деп аталатын ресми ұйым басшылық етеді. Айта кету керек, осы ұйымның басшылығымен Ташкент қаласында халықаралық симпозиум өткізілді. Оның жұмысына Азия, Африка, Индия, Индонезия, Кипр, Ливан, Мали, Нигерия, Угада, МНР, ФРГ, Англия, Дания, Жапония сияқты елдерден келген орыс тілі мұғалімдері қатынасып, осы аталған елдерде орыс тілін оқытудағы табыстары мен талаптарды кеңінен сөз етті.

Орыс тіліне осыншама қызығудың, оны үйренуге жер жүзі халықтарының талаптануының да белгілі себептері болса керек. ЮНЕСКО-ның ресми хабарына қарағанда, жер жүзінде шығатын ғылыми еңбектердің 30 проценті қазіргі уақытта орыс тілінде шығады екен. Демек, мұның өзі орыс тілінің халықаралық көлемде де ғылым мен прогресс тіліне айналғандығын толық дәлелдей алады.

Көп ұлтты мемлекетімізде ұлы орыс тілінің мерейі өсіп оның туысқан халықтардың тіліне, мәдениетіне, рухани өміріне, сондай-ақ, өзара жақындасып, социалистік ұлт болып қалыптасуына жасап отырған игілікті ықпалын біздің дұшпандарымыз, әсіресе, Орта Азия мен Қазақстан халықтарының шетелдік «мамандары», буржуазия идеологтары әрқашан бұрмалап, өңін айналдырып көрсетуге тырысады. Орыс тілінің совет халықтары үшін ұлт ара қатынас құралы — ортақ тілі болып отырғанын олар «орыстандыру», «орыс тілін зорлап үйрету», «ұлт тілдерін аяқ асты ету» деп түсіндіріп, совет шындығына көпе-көрінеу жала жапқысы келеді.

Бірақ шығыс халқында «Ит үреді, керуен көшеді» деген сөз бар. Біздің қас дұшпандарымыз советтік қоғамға қанша жала жапса да, оның коммунизмге беттеген салтанатты ұлы көшін тоқтатуға шамасы келмейді.

Елімізде социализм құру процесінде жаңа тарихи қауым қалыптасып отыр. Бұл қауымның аты — совет халқы. Оның бүгінгі ұлан-ғайыр табысы да, ертеңгі жарқын болашағы да ортақ. Бұл бірліктің болаттай берік тірегі — халықтар достығы, ол достықтың дәнекері — ортақ тіл, ортақ тіл — біздің елімізде ұлы орыс тілі.

Ә. БОЛҒАНБАЕВ

СИНОНИМДЕР МЕН ДУБЛЕТ СӨЗДЕРДІҢ АРА ҚАТЫНАСЫ

Дублет пен синоним деген терминдердің бір-біріне өте ұқсас жақтарымен қатар, әрқайсысын даралап бөлетіндей өзгешеліктері де жоқ емес. Синонимдерге қойылатын басты шартты белгі — олар дыбыстық формасы жағынан бір-бірінен дараланып, белгілі бір ұғымды білдіруі қажет. Синонимдердің сыртқы тұлғалық ерекшелігі ұқсаспай да (азамат — жігіт, ақылды — есті, құрғау — кебу, бүкіл — күллі, мүмкін — ықтимал), ұқсасып та (озық — озат, құмар — құштар, нығыздау — тығыздау, омыру — опыру, көксеу — өксеу, ұсыну — ұмсыну, одыраю — адыраю т. б.) келе береді.

Синонимдерден кездесетін осы белгілер дублет сөздерден де табылады. Сондықтан да әркім өзінше синонимдерді дублет деп, дублеттерді синоним деп шатастырып, ажыратып бөле алмай жүр. Дуб-

лет деген терминді түсіну үшін, ең алдымен, синонимнің не екендігін біліп алу керек. Синонимнің не екендігін ажыратып білмей, дублеттерді айыруға болмайды. Синоним болатын сөздерді мынадай үш түрлі белгілер арқылы тануға болады:

1. **Мағыналық белгі.** Бір ұғымды білдіретін мәндес деген сөздердің де бір-бірінен сәл мағыналық айырмашылығы болады. Мәселен, бір сөз бір сөзден мағына жағынан сәл жоғары, я төмен болуы мүмкін. Мысалы: алып — алпауыт, атқыш — мерген, белсену — құлшыну т. б. Енді бір ретте біреуінің мағынасы екіншісінен сәл кен, я тар болуы ықтимал. Мысалы: соғыс — ұрыс, ұстаз — мұғалім, байлық — мүкәммал т. б. Мәндес сөздердің бір сыңары көп мағыналы, қалған сыңары бір мағыналы болуы мүмкін. Мысалы: ат — есім.

Синонимдердің біреуі деректі, нақтылы ұғым тудырса, екінші сыңары дерексіз жалпы ұғымда қолданылады. Мысалы: мандай — пешене, бала — перзент, іш — құрсақ, күзетші — сақшы т. б.

Синонимдер ауыс мағынада қолдану қабілетіне қарай да дараланып бөлінеді. Мәселен, көмей мен көмекей дегендердің алғашқысы пештің көмейі, тоғанның көмейі деп ауыстырып айтуға көнеді де, соңғысы мұндай қатынасқа түспейді. Яғни тоғанның көмекейі, пештің көмекейі деп айтылмайды.

Синонимдер бір-бірінен сөз тудыру қабілеті жағынан да ерекшеленеді. Мәселен, жол мен сапар сияқты мәндес сөздердің жол деген сыңары сөз тудыруға сонша қабілетті де (жолдас, жолаушы, жолшыбай, жолдама, жолсыздық, жолақ т. б.), ал оның сапар деген сыңары, ешбір сөз тудыруға қатыспайды.

2. **Стильдік белгі.** Сөздердің стильдік реңктері олардың неше алуан функционалдық стильде қолданылуымен тығыз байланысты. Әрбір тілдің қаншалықты дамығандығы сол тілдегі стильдік салалардың санымен қоса, сапасымен де мөлшерленеді. Қолға жиналған материалдарға сүйене

отырып, сөздердің стильдік мәнін мынадай түрге бөлуге болады:

1. Қадір тұтып сыйлағандықты білдіретін реңктер (**есім — ат, ақсақал — қария**).

2. Салтанат құру көтеріңкі мәндегі реңктер (**жүлде — бәйге, мерекелеу — тойлау, азамат — жігіт**).

3. Поэтикалық реңктер (**асқар — биік, қол — әскер, шапақ — арай**).

4. Дәрекілік мәндегі реңктер (**бет — сықпыт, ерке — шолжын, ақсақ — шолақ**).

5. Кекесін-мысқыл мәніндегі реңктер (**қожандау — қодыраңдау, қораздану — қоқилану, еліру — желпілдеу, жеңілтектену — тұштаңдау**).

6. Кеміту, менсінбегендік мәніндегі реңктер (**көлік — бұт артар, еркек — бөрік киген адам, тірі жан**), т. б.

3. Сөз қолданысындағы реңктер. Тілдегі сөздер көп замандар бойына қолданыла келе әрқайсысы өзіне лайықты меншікті қоныс, тұрақты мекен-жай табады да, біржола орнығады, тұрақтанады. Сөздерді сөйлегенде, жазғанда сол қалыптасқан меншікті орнына сай дәл жұмсау қажет. Мәндес сөздердің бірінің тіркескен сөзімен екінші сыңары тіркесе бермейтіндігі жиі байқалады. Мәселе, **ел** және **халық** дегендер мағына жағынан екеуі бір ұғымды білдіргенімен, **ішіне ел қонды** деп айтылады да, **ішіне халық қонды** деп айтылмайды. Сонымен қатар синонимдер бір-бірінен жиі, я сирек қолдану жағынан да өзгешеленеді. Мәселен, күнделікті қолдану тәжірибесінде **қалың** деген сөз **ну** деген синонимдік сыңарынан жиі қолданылады.

Т. Әлімқұлов, «Задында, сөз нәзіктігін түсіну, әсіресе, түсіндіру өте қиын іс», — деп тамаша айтқан. Демек, синоним болатын сөздердің не мағынасында, не стильдік мәнінде, немесе сөз қолдану аясында әйтеуір бір өзгешелігі болуы шарт. Ал дублеттерге мұндай шартты белгілер мүлдем қойылмайды, олардан талап етілмейді де, дублеттердің барлық жерде де бір-бірінен ешбір айырмашылы-

ғы білінбей тұруы керек. Тек сондай теңбе-тең, бірдей жұп сөздер ғана дублет деп танылады. Синоним мен дублеттердің арасында көзге бадырайып көрініп тұрған «қытай қорғаны» жоқ. Сәл мағыналық ерекшелігі байқалса, дублет деп жүрген сөзіміз синоним болып шығады. Керісінше, зәредей мағыналық, стильдік немесе қолданылу өзгешелігінен ажыраса болды, синоним деп танылып жүрген сөздердің дублетке ауысуы оп-оңай. Сөз бен сөздің арасындағы зәредей ерекшелікті тани білу үшін де жай көз емес, жітік көз керек. Мәселен, **жұмырық** пен **жұдырық**, **қабырға** мен **қабыртқа** дегендер жай көзбен қараған кісіге дублет сияқты, тереңірек үніліп қарасақ, бұлардың да әрқайсысынан әр түрлі ерекше белгілерді табуға болады. **Жұмырық** — қолдың саусақтарының жай жұмылған қалпы. Мысалы: **ашса**, **алақанында**, **жұмса**, **жұмырығында** деп айтылады. Ал **жұдырық** деп жұмылған саусақтардың бір нәрсені ұруға тас түйін болып түйілуін айтамыз. Сондықтан да болса керек, **жұдырықтау**, **жұдырықтасу** деп айтылады да, **жұмырықтау**, **жұмырықтасу** деп айтылмайды, мысалы: **қорыққан бұрын жұдырықтайды**, **жығылғанға жұдырық**, **жуан жұдырық адам** делінеді.

Сөз мағынасын жан-жақты талдаған атақты ғалым А. А. Потебня: «Малейшее изменение в значении слова делает его другим словом», — дейді.

Дублет сөздердің болашақ тағдыры үш түрлі жолмен шешілуге тиіс:

1) Жұп сөздер бір-бірінен алшақтап екі түрлі өзге сөз болып қалыптасуы мүмкін. Мысалы: **ауа** — **әуе**, **ғылым** — **ілім**, **өкімет** — **үкімет**, т. б.

2) Жұп сөздердің бір сыңары өзінше сәл мағыналық, не стильдік реңк (оттенок) алып, синоним болып қалыптасуы ықтимал. Мысалы: бұрын белгілі территориялық аймақта ғана айтылып, тар көлемде жұмсалып жүрген **эк** деген сөз қазір жалпы халықтық сипат алып, **известь** — **у тас** — **эк** болып бір синонимдік қатар құрып отыр. **Эк** деген сөз әдеби тілдік сипат алған соң, одан **эктету** деген туынды сөз жасалды да, бұл сөз қазірде үйді **ақтау** — **май-**

лау дегендермен сөйлеу тілінде синоним болып қолданылып жүр.

3) Жұп сөздердің екі бірдей сыңары ешбір өзгеріске ұшырамай-ақ дублет ретінде тілде ұзақ уақыт қалып қоюы да ғажап емес. Мысалы: **қақпа — дарбаза, қонақ — мейман, құлақшын — малақай** дегендер пәлендей мағына алып дараланып, жеке-жеке бөлініп кетеді деп алдын ала сәуегейлік жасау әзірге қиын.

Дублеттердің әбден тексеріліп, сыннан өткендерін ғана талас-тартысқа салмаса, дублет біткендердің бәріне жаппай шабуыл жасауға болмайтын сияқты.

Бір дублеттің басында бар ерекшелік барлық дублет атаулылардан да табылады десек, онда қателесеміз. Әр дублеттің табиғаты әр басқа. Тегінде, вариантты сөздердің қайсысы әдеби тілге жанасымды дегенді анықтау жекелеген адамдардың иелігіне берілмей, Тіл білімі институтында жиналған үш миллион картотека фондысындағы материалдарға негізделіп шешілсе, сонда ғана нақтылы шындыққа біршама жақындар еді. Бізше, тілде бар, халық жасаған вариантты сөздердің бәрі де үлкен сөздіктерге тіркелу қажет. Орыс тарихында сөздіктің небір тамаша түрін жасап, атағы әлемге белгілі болған дарынды ғалым, академик В. Даль былай деген болатын: «Словарник не законник, не уставщик, сборщик; он обязан собрать и дать все, что есть». Демек, біздегі тілде бар варианттар мен дублеттердің бәрі де сөздіктерден көріну керек.

Бізше, тіл мәдениетін көтерудің басты екі жолы бар сияқты. Бірі — тілдегі барды сұрыптап пайдалану, саралау жолымен іске асса, екіншісі — жоқты жаңадан іздеп табу, жаңғыртып жасау жолымен жүзеге асыру. Тілдегі жоқты іздеп табу, оны тыңнан жасау қандай қиын болса, бардың өзін ұқсатып кәдеге жаратудың өзі де оңай жұмыс емес. Баспасөз бетіндегі тіл мәдениетіне қатысты дау-шардың басым көпшілігі жоқты іздеп табу жөнінде емес, барды ұқсатып пайдалану жөнінде екендігі анық. Осыны әркім әрқалай түсінеді. Мә-

селенің қиындығы осында. Сондықтан да пікір алысу біржола кілт тоқтап қалмай, әр түрлі жолдармен дами, жалғаса бергені жөн.

Әдеби норма тілдің дыбыстық, грамматикалық құрылысы мен сөздік жүйесіндегі ең өміршең элементтерді іріктеп алу негізінде жасалады, қалыптасады. Әрбір тілдің әдеби нормасы ұлт тілінің ең жоғарғы өңделген формасы болып табылады. Бұлар нормативті сөздіктерде көрінеді, сөйтіп, баспасөз, радио, театр, телевизия, кино арқылы таралып, мектептегі сабақ жүйесінің негізін құрайды. Біздегі дублеттердің көпшілігі әлі күнге бет-бетімен жамырап, жарыса жапа-тармағай қолданылып жүр. Сондықтан барлық қаламгерлер болып, соларды терең тексеріп, әрқайсысын әр түрлі қызметке жеге білуіміз керек. Дублеттердің бір сыңары актив қызмет атқарса, екінші сыңары пассив қызметке жұмсала беруі мүмкін.

Бұл ретте әрбір жазушы мен баспа қызметкерлері өздерінің туындыларына жауапты да сыншы болғанда ғана бұл ізгілікті мақсат түпкілікті жүзеге аспақ.

Қ. ЕСЕНОВ

ӨРЕЛІ ТІЛ

Тіл мәдениетін сөз еткенімізде, ең алдымен, қазіргі әдеби тіліміздің даму қарқынына лайық оның әр түрлі стильдік жанрда қалай қолданылу барысына назар аударуға тиіспіз. Бүгінгі әдеби тіліміз — арнасы мол, кемеліне келген, өресі биік, өрелі тіл. Қоғамдық құбылыс ретінде ол қай стильде (қоғамдық-саяси, публицистикалық-әдеби, ғылыми т. б.) болсын, адамның ойын жарыққа шығарудың мық-

ты құралы болып есептеледі. Бұл құрал әр уақытта да жетілу, өнделу, екшелу үстінде. Тіл мәдениетіне қойылатын талаптың өзі де осындай объективтік себептермен байланысып жатады.

Тіл мәдениетінің көрінер жері — баспасөз. Жеке сөздер мен сөйлемдерді қалай қолданамыз, олар мақсатына лайық дұрыс іріктелді ме, жаңа ұғымға лайық жаңа сөздерді өз орнында алдық па, бәрі-бәрісі баспасөз бетінен айқын байқалып отырады. Баспасөз тіл мәдениетінің бағдаршысы, айнасы іспеттес. Айна өз бетіне түскенді өзгерте алмайды. Олай болса, көңілдегі көрікті ойымыздың ажарын кіргізу — бәрімізге парыз. Тіліміздің керемет күші дұрыс пайдаланылмақ. Ал тіліміздің құнарлылығын байқататын көрсеткіш — әдеби тіл. Әдеби тіл — халық тілінің ең жоғарғы формасы. Тілдегі сөз атаулының әдеби тіл қатарына жата бермейтіндігі белгілі. Сөздердің бірқатары сөйлеу тілінің аясына кіреді. Сөйлеу тілі дегеніміз — белгілі бір жүйеге түспеген, нормаланбаған ауызекі тіл. Жазба әдеби тіл мен ауызекі тіл барабар емес. Осы айрықша белгілерді саралап ұқпағандықтан, кейбір жолдастар тіліміздегі барлық сөзді ешбір талғаусыз әдеби тілдің қатарына қосып жүр. [А. С. Пушкиннің «жазба тіл сөйлеу тілімен немесе, керісінше, сөйлеу тілі жазба тілімен өзара тепе-тең ұқсас бола алмайды, бірыңғай сөйлеу тілімен жазу — ол тілді білмегендік» деген пікірін еске түсіру артық болмас дейміз. Тіл мәдениетін әдеби тіл мәселесімен тығыз байланыстыра қарайтынымыз да осыдан.]

Әдеби тіліміздің сапасын арттырған сайын, тіл мәдениеті жақсара бермек. Ол сапа күнделікті өмірімізде сөздердің қолданылу өрісі мен коммуникативтік қызметінің кеңдігінен көрінеді. Қатынас құралы ретінде жиі қолданылып, көпшілікке ұғымды болып кеткен сөздер әдеби тілдің құрамына кіре алады. Әдеби тілдің жалпыға ортақ қасиеті мен түсініктілігі осы процеске байланысты. Әдеби тілге талаптар да осы мәселелер төңірегінде қойылмақ. Амал қанша, кейбір жазушылар өз

шығармаларында көпшілікке түсініксіз, құлаққа жат естілетін жергілікті сөздер (диалектизм) мен архаизмдерді жиі қолдануға әуес. Олар мұнысын тілге енгізген жаңалық деп ұғып, өздерінше әдеби тілдің аумағын кеңейтпек болады. Алайда, жергілікті ауызекі сөздерді әдеби тіл қорына қайта тықпалағанмен оның көпшілікке түсінікті болуы екіталай. Бұл жерде талғам таразысы қажет. Диалектизммен әуестенушілер жайында А. М. Горький: «біздің облыста осылай сөйлейді дегенді дәлел қылуға болмайды, кітап белгілі бір облысқа ғана арналып жазылмайды» — деп өте дұдыс айтқан болатын. Ал жалпыға ортақ болу үшін, оның тілінің де көпшілікке түсінікті болуы шарт, әдеби тілдің нормасынан алшақ кетпеуі керек.

Сөйтіп, әдеби тілдің нормасын сақтау, оны жетілдіріп отыру тілге деген жауапкершілікті арттырады, мәдениетіміздің де өскендігін көрсетеді.

Тіліміздің бай екенін, әдеби тіліміздің қалыптасу жолын айқындап отыратын негізгі көрсеткіш — түрліше сөздіктер. Бұлардың ішінде әсіресе орфографиялық сөздік елеулі қызмет атқарады. Өйткені ол, біріншіден, сөздердің дұрыс жазылуына жөн сілтесе, екіншіден, олар әдеби тілді нормаландырып отырады. Біз бұл жерде нормаландыруды дублет (қатар қолданатын) сөздерге байланысты ғана айтып отырмыз. Тілімізде қатар қолданатын дублет сөздердің бір-бірінен сапалық айырмашылықтары бар. Сондықтан бұларды бір-бірінен айырып отыру қажет. Егер дублет сөздер бір-ақ мағынаны білдіретін болса, әдеби тілде нормаға айналған түрін ғана пайдалануымыз керек. Ал қалған түрлерінің ауызекі тілде жұмсала беруі мүмкін, бірақ ол әдеби норма емес. Мәселен, қазіргі уақытта әдеби нормаға айналған мына тәріздес сөздердің екінші сыңары да тілімізде қолданылып жүр: **әне** (әні), **әншейін** (әшейін), **байымдау** (пайымдау), **балуан** (палуан), **бейіс** (пейіш), **бешпент** (пешпент), **былғары** (бұлғары), **дөңбекшу** (төңбекшу), **ерегіс** (ерегес), **ертегі** (ертек), **жалғыз** (жаңғыз), **жарылқау** (жарылғау), **жіңішке** (жиішке), **көңіл** (кеуіл), **кү-**

дағи (құдағай), меруерт (мерует), патша (патса), рұқсат (ұрықсат), сүйінші (шүйінші) т. б. Қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы Абай осы тәріздес бір мәнде жұмсалатын бірталай сөздің әдебиетте көбінесе бір-ақ сыңарын қолданып отырған. Бұдан ұлы Абайдың тіліміздегі сөздерді белгілі бір әдеби нормаға түсіріп, ауызекі тіл мен әдеби тілдің бір еместігін ескергенін аңғаруға болады. Абай өз шығармаларында жоғарыда келтірілген дублет сөздердің алғашқыларын ғана қолданған («Абай тілі сөздігін» қараңыз). Осы ретте қазақ тіл білімінің көрнекті қайраткері профессор Құдайберген Жұбановтың мына бір сөзін келтірсек те жеткілікті: «Абай біздің жазба әдебиетіміздің атасы болғанда, өлеңін, қара сөздерін тек қағазға жазғандығымен ғана емес, жазба әдебиеті мен ауыз әдебиетінің... айырмашылығын ашқандығымен атасы болды».

Абай дублет сөздерді кейде жарыстыра қолданып отырады. Мұндайда олардың әр мәнге ие болуына, стильдік жағынан қолданылуына сүйенеді. Мәселен, **ақырет** сөзін о дүние, **махшар** мәнінде алса, **ақырет** сөзін **кебін** мәнінде қолданады. **Шайтан** — өз ұғымы **жын**, **пері** мағынасында берілсе, **сайтан** ауыс мәндегі **оңбаған**, жексұрын ұғымында алынады. Сондай-ақ **еждиһат** сөйлем ішінде **ынта**, **талап** мәнінде келсе, **иждийат тырысу**, **еңбектену** сөздерінің орнына жұмсалған. Сөйтіп, Абай әдеби тіліміздің белгілі бір норма бойынша қалыптасуына сол кездің өзінде-ақ қаншама ат салысты десеңізші! Бүгінгі тіл мәдениетімізді әңгіме қылғанда, оған тікелей қатысы бар кешегі Абай еңбегіне соқпай кете алмасақ керек.

Тіл мәдениетін арттыратын тағы бір қасиет ол — тілдегі қарапайымдылық. Бұл сөйлем құрылысымен, тілдің синтаксистік жүйесімен тығыз астарласып жатады. Күрделі ойды шұбалаңқы сөйлемдерсіз-ақ қысқа түрде де беруге болады. Орынсыз теңеулер, әсіре қызыл суреттемелер тілді көркейтпейді, көмескілейді. Ойды қиындату, сөйлемдегі қажетсіз бояулар кейде жас жазушылардың шығар-

маларынан кездесіп қалады. Шығарма тілінің көркемдігі жалаң сырттай әсемдікте емес, іштей мағыналы мазмұнға құрылған қарапайымдылықта. Көркем әдебиет тілінің осы негізгі шартына белгілі жазушылар әрдайым назар аударып отырған. М. Горький жас жазушыларға берген ақыл-кеңесінде тілдің қарапайымдылығын ерекше әңгімелейтін. Бұл үшін халық тілін көп үйренудің, сөз байлығын жетілдіре түсудің, жақсы стилист болудың қажеттігін айта отырып, М. Горький жастарға Чехов, Тургенев, Лесков сынды сөз шеберлерінің творчествосынан нәр алуға мегзейді. Біздің жас жазушылардың да тілге дәл осылай жауаптылықпен қарап, үнемі үйреніп отыруын тілер едік.

↳ Әдеби тілдің арнасы — халық тілі. Халық тіліндегі сөздер әдеби қолданысқа түсіп, екшеліп отырады. Өз орнына жұмсалған, өз мәнінде алынған сөз, дұрыс құрылған сөйлем ойымызды айқындай түседі, тіліміздің көркемдігінің кепілі болады. Тілсіз әдебиет жоқ, жазба әдебиет тілінсіз көркем әдебиет тілі жоқ. Көркем сөздің асқан шебері М. Әуезов «әдебиетті тілмен әдебиет» деп жазған еді бір кезде. Тілге деген мұндай жауапкершілік, сөз қолданудағы ұқыптылық әдеби тілдің көркін ашады, стильдік жүйесін жетілдіреді. Олай болса, әдеби тілге ауызекі тілде қолданылып жүрген барлық сөздерді қалай болса, солай ешбір талғаусыз енгізе бермей, белгілі нормаға айналған, қалыпты жүйеге түскендерін енгізуіміз керек. ↷

II. ОРФОЭПИЯ ЖӘНЕ ОРФОГРАФИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Р. СЫЗДЫҚОВА

ОРФОЭПИЯЛЫҚ НОРМАЛАР ЖАЙЛЫ

Қазіргі кезде қазақ тілінде сөйлеу мәдениетіне жұртшылық назары қатты аударылып отыр. Міне, осы жайтқа арнап, радиодан әңгіме жүргізілді. Бұл игі іс ілгері жалғастырыла түсуде. «Мәдениет және тұрмыс» журналы «Сөйлеу мәдениеті» деген рубрика ашып, онда проф. М. Балақаевтың мақаласын жариялады. Журнал әрі қарай тіл, сөйлеу мәдениетін арнайы сөз етіп тұрмақшы. Мұның бәрі дұрыс та, қажет те. Әсіресе, қажет. Қажеттіктің бір себебі — жалпы мәдениетіміздің, оның ішінде тіліміздің әлеуметтік, коммунистік қызметінің дамуында болып отыр. Сол дамуға сай талаптың да күшеюінде болып отыр. Бұл — бір. Екінші жағынан, бұрынды-сонды қазақша тіл, сөйлеу мәдениеті деген мәселелер қазіргідей белгілі бір мақсат көздеп, кең түрде жан-жақты сөз болған емес. Сондықтан кезегі жеткен жайт болып отыр. Үшінші бір себебі, жасыратыны жоқ, ауызша сөйлеу практикамызда не білместіктен, не немқұрайдылықтан, не өзге себептерден қабақ шыта қынжылар кейбір ақаулар етек алып бара жатқандығы болып отыр. Соның ішінде мен бір ғана жайтты әңгіме еткім келеді. Ол — радио мен теледидардан сөйлейтіндердің сөзді қалай оқитыны, айтатыны жайында. Бұл сөйлеушілердің ішінде, ең алдымен, дикторлар сөзіне құлақ түреміз.

Сонан соң өзге сөйлеушілердің, хабар жүргізушілердің сөзіне осы қатарда назар аударамыз.

Ауызша сөйлеудің түр-түрі бар. Адамдар бір-бірімен күнделікті тұрмыста өзара жай сөйлеседі, мұндайда әдеби тілдің барша тәртібін сақтап жатпайды, мұнда сөзіміз (сөйлеуіміз) шағын ғана топтың (екі-үш немесе бірнеше ғана адамның) аясынап аспайды. Сондықтан дұрыс сөйлесек те, бұзып сөйлесек те, оның пайда-зияны қалың көпшілікке тимейді. (Әрине, бұған қарап, өзара ауызша жай сөйлескенде, қалай болса солай сөйлей беру керек деген «қағида» тумайтыны белгілі. Қашан да, қай жерде болса да анық, жатық, дұрыс, таза тілде сөйлегенге не жетсін!). Ал радио мен теледидардан сөйлеу мындаған, тіпті миллиондаған көпшілікке бағышталады. Сондықтан оның жатық, әсемдігі де, жағымсыз, құлақ кесері де көпшілікке тиіп жатады. Нағыз сөйлеу мәдениеті керек жердің бірі -- осы!

Әдетте, дикторлар жазылған хабарды оқыды, интервью берушілер мен хабар жүргізушілер де алдын ала дайындалған (кейде жазылған) материал бойынша сөйлейді. Демек, олар әдеби тілде әсем етіп бұрын дайындалған сөзді ғана жеткізушілер ғой. Сондықтан сөйлеу мәдениеті жөнінде бұларға қатысты не айтуға болады деушілер де табылады. Ал шындығында сөйлеу мәдениетінің ең үлкен талабы осыларға қойылады. Өйткені сөйлеу мәдениетінің бір шарты жазылған (немесе айтылмақ) сөздерді бір-бірімен қиыстырып, дауыс ырғағын дұрыс қойып, табиғи түрде дұрыс айтып беру (немесе оқып беру).

Сырт қарағанда, түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде екпін сөздің соңғы буынына түсетіндіктен, сөйлеу ырғағында көп қиындық жоқтай көрінеді. Оның есесіне сөйлеу ырғағын дұрыс келтіруге қазақ тілінің өз қиындығы бар. Ол — үндестік заңы деп аталатын дыбыстар жүйесіне байланысты табиғи тәртіпті сақтап айта білу.

Сөздің жеке тұрғандағы дыбысталуы мен сөйлеу актісіндегі айтылуы әрдайым бірдей түсе бермейді. Сөйлеу үстінде сөздер бір-бірімен «тіл

табысып», үндесіп, үйлесіп жатады. Ол үйлесімдік үшін сөздердің кейбіреулері бір-екі дыбысын «сындыруға», өзгертуге, тіпті жоғалтуға дейін барады. Ал жазылғанда бұлар «сынбай», өзгермей, жоғалмай тұруы мүмкін. Сондықтан әрдайым қалай жазылса, сол түрінде оқуға болмайды. Дұрыс жазу мен ауызша дұрыс айту (оқу) әрқашан бірдей түспейді. Қалай естілсе, сөзді солай жазу қандай қате болса, қалай жазылса, сірестіріп солай оқу (айту) сондай өрескел қате болып шығады. Міне, дикторлар мен актерлердің, әншілер мен тақпақшылардың қатесі де осы тұста молынан байқалып жүр. Айтқанымыз құрғақ сөз болмас үшін, мысалдар келтірелік. Қазақ тілінде екі дауыссыздың аралығында келген **к, к** дыбыстары айтылуда ұяндап, **ғ, г** дыбыстарына жуықтанқырап шығады. Бұл заңдылық біріккен бір сөз ішінде де, екі сөздің аралығында да кездесе береді, жазылуда көбінесе сөздердің түбірі сақталып қатаң **к, к** әріптері жазылады. Кейбір дикторлар, актерлер, әншілер, концерт жүргізушілер, телехабар жүргізушілер, интервью берушілер тіліміздің осы табиғатын бұзып, **шекара, Қаракөз, Мендіқыз, ірі кара, көк ала, күні кеше, келе қалды, бала кезі, Талдықорған** деп оқиды немесе айтады. Бұл — осы сөздердің жазылуы, ал дұрыс айтылуы — **шегара, Қарагөз, Мендіғыз, іріғара, көгала, күнігеше, келеғалды, балагезі, Талдығорған** болу керек қой.

Сол сияқты гармония бір сөз аясындағы дауысты дыбыстарда да бар. Айталық, сөздің алдыңғы буындарындағы **о, ө, ұ, ү** дыбыстарының әсерімен келесі буында жазылатын **е** әрпі **ө** дыбысына, **ы, і** әріптері **ү, ұ** дыбыстарына жуықтанқырап айтылуы керек. Диктор осыны бұзып, **үйреткен, көздеген, күміс, құдық** сияқты сөздерді жазылған түрінде оқыса, дұрыс сөйлеу ережесін бұзғаны. Үшінші мысал. Кейбір сөздердің бір буынында жуан, екіншісінде жіңішке дыбыс әріптері жазыла береді, ал айтқанда бұлар бір-біріне әсер етіп біркелкілеу (не жіңішке, не жуан) шығуы қазақ тілінің та-

биғатына тән. Сондықтан **балгер, Жәмила** деген сөздерді жазылуынша оқу да құлақ кесіп тұрады.

Дикторлар мен хабар жүргізушілердің, кейбір концерт жүргізушілердің тағы бір үлкей қатесі сөздердің еш дыбысын түсірмей бөліп-бөліп айтуы. Құрманғазының күйі **Сары арқа**, Ықыластың күйі **Кері толғау** деп айтқанды да естідік. Мұнда әңгіме өзіміз білетін **Сарарқа, Кертолғау** туралы екенін бірден айыра да алмай қаласың.

Бүгінгі әңгімеміздің мақсаты өзіміз естіп жүрген барша қатені түр-түріне бөліп, түгендеп шығу емес. Мақсатымыз — осы іспеттес жайсыз, жағымсыз дәстүрдің етек алып бара жатқандығына жұртшылық назарын аудару. Құр аударып қою емес, осыны тоқтатуға, яғни тілдің табиғи заңдылығын бұзып сөйлеуге қарсы күрес ашуға шақыру. Өйткені, сөздердің дыбыс үйлесімін бұзып сірестіріп айту (оқу), сөздің дыбыс жазылу нормасын оны айту (оқу) нормасына айналдыру, дәлірек айтсақ, сөзді дұрыс жазу мен дұрыс айтудың заңдылықтары бірдей емес екендігін түсінбеу, білмеу, білсе де мән бермеу — жалғыз дикторлар мен хабар, концерт жүргізушілердің басында емес, өзге де көпшілік алдында, әсіресе радио, теледидарда сөйлеушілердің басында да бар. Мектеп оқушыларының көпшілігі осы бағытпен кетіп барады. Балалар, әсіресе жоғарғы класс оқушылары, радиодан сөйлей қалса, қолдарындағы қағазда жазылғанды ешбір паузасыз бастан-аяқ бір тонмен зуылдатып оқып шыққандарын былай қойғанда, бұлар да сөз қалай жазылса, сірестіріп солай оқитынын естисіз. Бұған, ең алдымен, мектеп мұғалімдері, әсіресе тіл, әдебиет пәндерінің оқытушылары кінәлі. Жасыратыны жоқ, мектептерде орфоэпия (дұрыс айту) нормаларын үйрету, оған баға қою дегенге мән берілмейді. Әйтпесе жоғарыда мысалға келтірілген заңдылықтардың бәрі — 2-3-кластан бастап оқытылатын нәрселер. Оқушылар ғана емес, көптеген сауатты ересектер де көпшілік алдында сөйлегенде не оқығанда сөздерді нәшіне келтіріп дұрыс ды-

быстау дегенді білмейді не мән бермейді. Ол үшін әдейі оқудың, мектепте оқылатын ережелерді қайтадан жаттаудың қажеті жоқ. Әдетте осы адамдар жай сөйлескенде осы қателердің бірде-бірін жібермейді, өйткені бұл жерде сөздердің қалай жазылатынында жұмыс болмайды, сөздер табиғи түрде, бір-бірімен үндесіп, бірігіп, кірігіп айтыла береді. Міне, осы заңдылықты, осы тәртіпті қатаң сақтау — қазіргі таңдағы сөйлеу мәдениетіміздің ең басты дабыл ұрар, күш жұмылдырар міндеті деп баса айтамыз.

Қ. НЕТАЛИЕВА

ЖАЗУ МӘДЕНИЕТІН ЖЕТІЛДІРУ ЖӨНІНДЕ

В. И. Ленин айтқандай, «Тіл — адам қатынасының маңызды құралы» болса, жазу — тілдің маңызды құралы. Адамның айтар ойы да, ғылым салаларының жетістіктері де, қоғам тарихы да жазу арқылы көрінеді, жазу арқылы баяндалады. Сондықтан да адамзат тарихында, оның әр тұстағы даму сатыларында жазудың алатын орны да ерекше, атқарар міндеті де үлкен. Оған қоса баспа ісінің пайда болуы — қоғам дамуына, қоғам мәдениетінің дамуына игі әсерін тигізеді.

Жазба әдебиеттің белгілі тарихы бар. Бірсыпыра советтік түркі тілдес халықтар сияқты, қазақ халқының да Ұлы Октябрь социалистік революциясы қарсаңында араб алфавиті негізінде өз жазуы болды. Қазақ жазуының шын мәнінде жалпыхалықтық сипат алып, ерекше өркендеп өсуі — Октябрь революциясынан кейінгі кезең.

Үстіміздегі ғасырдың басында қазақ тілінде араб алфавитімен Ташкент қаласында «Түркстан

уалаятының газеті», Троицк қаласында «Дала уалаятының газеті», 1911—15 жылдар арасында «Айқап» журналы шықты, ал Қазан, Ташкент, Орынбор қалаларында көркем сөз үлгілері, халық ауыз әдебиеті нұсқасы баспаға басылып тарады. Осы кезеңнің өзінде-ақ орыс саяхатшылары, қазақ тілінен практикалық құралдар, сөздік құрастырған ғалымдар қазақ сөздерін жазуда орыс алфавитін пайдаланды. Қазақ әдеби тілінің негізін салушылардың бірі, ірі ағартушы Ыбырай Алтынсарин да 1871 ж. шыққан «Қырғыздарға (қазақтарға) орыс тілін оқытудың бастауыш құралы», Орынбор қаласынан 1879 ж. шыққан «Қырғыз хрестоматиясы» атты атақты еңбектеріндегі қазақ сөздерін жазуда орыс алфавитін пайдаланды. Демек, осы тұста қазақ тіліндегі нұсқаларды жазуда араб графикасымен бірге орыс графикасы да қатар қолданылды.

Советтік дәуірде де қазақ тілі 1929 жылға дейін араб алфавиті, 1940 жылға дейін латын алфавиті негізіндегі жазуды басынан өткізіп, 1940 жылы орыс графикасына негізделген жаңа алфавитті қабылдады. Артынан көп кешікпей-ақ жаңа алфавитке сәйкесті емле ережесі бекітілді.

Орыс графикасы негізінде қабылданған жаңа қазақ алфавиті тіліміздің фонетикалық заңдылығын сақтайтын, сөздердің бұзылмай жазылуын қамтамасыз ететін бірден-бір толық алфавит болды. Оған қоса бұл алфавит тек қазақ сөздерін жазуда ғана емес, тілімізге орыс тілі арқылы еніп отырған сан-салалы ғылыми-техникалық, мәдени-көпшілік терминдердің мол қорын өзгертпей, бұзбай жазуға да толық мүмкіндік берді. Қазіргі қазақ алфавиті — тілдегі бар дыбыстарға сәйкесті, сөздік құрамның мол байлығын дұрыс жазуға еркін де орамды, оқу-оқыту ісіне икемді, жеңіл, демек, қазақ әдеби тілінің бүгінгі күн талабына сай келетін алфавит. Түркі халықтары алфавиттері ішінде қазақ алфавитінің осы сипаттас артықшылығын тюрколог ғалымдар да жиі сөз етеді. Өйткені қолданылып жүрген түркі халық-

тары алфавиттерінде бір-бірінен айырмасы жоқ бірдей айтылатын фонемалардың әр түрлі таңбалауы, кейбір тілде (мысалы, өзбек тілінде) бірлі-жарым керекті таңбаның алфавитте болмауы сияқты, әлде де жақсартуды, жетілдіруді, унификациялауды керек ететін жайлардың бар екендігі байқалып жүр.

Қазақ жазуының 50 жылдан аса мерзім ішінде қалыптасу, даму тарихында, оның жаңа алфавитін қабылдау, емле ережелерін жетілдіру кезеңдерінде тілші ғалымдармен бірге партия-совет қызметкерлері, мұғалімдер, алдыңғы қатарлы студент жастар, жалпы алғанда бүкіл қазақ интеллигенциясы, сауатты азаматтар жаппай ат салысты. Олардың ішінен ең бірінші профессор Құдайберген Жұбановты, профессорлар Сәрсен Аманжолов, Нығымет Сауранбаев, Ісмет Кеңесбаев, Мәулен Балақаев, Ғайнедден Мұсабаев сияқты тіл білімін зерттеуші ғалымдарды, олардың баспа бетінде әр тұста жарияланған мақалалары мен еңбектеріндегі құнды ғылыми пікірлерін ерекше атаған орынды.

1941 жылы бекітілген жаңа жазу ережелеріне соңғы отыз жыл ішінде бір-ақ рет, 1957 жылы, кейбір ресми өзгерістер енгізілді.

Тарихи, фонетикалық принциптер элементтері болғанымен, негізінен морфологиялық принципке құрылған қазіргі қазақ жазуы еңбекші бұқараның сауаттылығын арттырып, әдеби тілдің дамуына жол ашып, жазу мәдениетін жоғары сатыға көтерді. Мұның барлығы біздің халқымыздың мақтанышы, ана тілі мәдениетінің қол жеткен табысы.

Алайда кейбір кітаптарда, газет-журналдарда ресми бекітілген жазу ережелерінің сақталмай, сөздерді қате жазу жайттары кездесіп қалады. Кездестірген емле қателерін жіктегенде, екі түрлі себеппен сөздердің қате жазылатыны байқалады. Бірі — күні бүгін жазуда қиындық келтіріп жүрген біріккен сөздер, кейбір дублеттер, географиялық атаулар мен кісі аттары емлесі, интернацио-

налдық терминдер мен фамилияларға жалғанатын қосымшалардың жазылуына байланысты.

Бұл типтес кемшіліктер мен қиындықтар «Социалистік Қазақстан» газеті беттерінде әр тұста жарияланған мақалаларда, әсіресе Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институты мен Қазақстан Журналистер одағы бірлесіп өткізген баспасөз тілі мәдениетіне арналған республикалық ғылыми-практикалық конференцияда да, оның қарсаңында жарияланған мақалаларда да арнайы сөз болды.

Күнбе-күн тілімізге жаңа сөздер, тың тіркестер еніп, грамматикалық тұлғалар мен тәсілдер арқылы соны мағыналы сөздер туындап отырады. Тілдің даму процесінде жеке сөздер бірден жаңа мағынаға ауысып кетпей, олардың лексикалық мағынасына үстеме мағына пайда болатын да кезеңі бар. Мұның барлығы — тіл дүниесінің заңдылығы. Бұл бір ғана қазақ тілінде емес, қандай да болмасын тіл-тілдің даму процесіндегі табиғи құбылыс.

Айталық, мерзімді баспасөзде соңғы кезде **іргетас**, **ізбасар** деген сөздер жиі кездеседі. Фундамент, последователь деген ұғымдардың тіліміздегі баламасы ретінде, ана тілінің негізгі сөздік қорынан төл тәсілдер арқылы пайда болған осы жаңа ұғымдағы сөздер тәжірибеде екі түрлі: бірде бөлек, енді бірде бірге жазылып жүр. Осы сияқты, жазуы қиындық келтіріп, кейде талас туғызатын сөздерді біркелкі, дұрыс жазу үшін орфографиялық сөздікті басшылыққа алып отырудың керектігін ерекше атаған жөн. Сөздердің дұрыс жазылуын қалыптастыруда, жазу мәдениетін дамытуда орфографиялық сөздіктердің атқарар қызметі ерекше. Қазіргі кезде қазақ тілінде бірнеше орфографиялық сөздік, атап айтқанда, 1963 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл білімі институты шығарған орфографиялық сөздік, мектеп оқушыларына арналған сөздіктер, баспа қызметкерлеріне арналған анықтағыштар жарық көрді. Баспа бетінде аталып жүрген бірлі-жа-

рым кемістігі болғанымен, жазу мәдениетін жетілдіруде олардың әрқайсысы өз міндетін атқарып отырғаны сөзсіз. Жазуды жетілдіру көбінесе, орфографиялық сөздіктерді өңдеу, жақсарту, түзеу арқылы жүргізіледі. Бұл жайды орыс тілі тәжірибесінен анық көруге болады. Орыс орфографиясына 1956 жылы енген ресми өзгерістерден кейінгі тек 1956—1972 жылдар арасында орыс тілінің орфографиялық сөздігі 13 рет басылып шықты. Ал жоғарыда аталған қазақ тілінің 1963 жылы шыққан орфографиялық сөздігінің екінші басылымы қазіргі кезде баспаға даярлық үстінде.

Баспа бетінде кездесетін қатенің бір түрі деп емлесі талас туғызбайтын, тек құнтсыздықтан ғана кететін қатені айтуға болады. Қате жазудың бұл түріне мысал ретінде ең алдымен **ер жетті, бой жетті, күн көрді, дем алды, бас тарту, дәме ету, таң қаларлық** сияқты тіркестердің бірге жазылу фактілерін келтіруге болады. **Жәркешев, Борашев** сияқты фамилиялардың **Жаркешов, Борашов** түрінде жазылуы да осыған жатады. Бұл типтес қателер — тек ұқыпсыздықтан жіберілетін сауатсыздық. Өйткені жоғарыда аталған тіркестер мен фамилиялар емлесінде дау туғызатындай ешқандай екі ұштылық жоқ. Жазуда жіберілген емле қатесінің қандай түрі болса да, айтылған ойдың мағынасын ашуға, оны бірден түсінуге кедергі болады. Жазба дәстүрінде емле қатесінің ірісі, ұсағы, үлкені, кішісі болмайды. Сондай-ақ керекті жеріне қойылмай, керексіз жерге орынсыз қойылған тыныс белгілері де — жазу мәдениетіне нұқсан келтіретін жайттар.

Жазу тәжірибесінде қандай да болмасын кемістікті болдырмай, жазу мәдениетін жетілдіру, сауаттылықты көтеру, жас өспірім балаларды өз ана тілін, оның жазу дәстүрін жетік білуге тәрбиелеу — мұғалімдер, журналистер, баспа қызметкерлерінің, әрбір сауатты азаматтың төл ісі. Ана тілі жазуының мәдениетін көтеруге көпшілік болып, жұмыла кіріскенде ғана ол нәтижелі болмақ.

ЖАЛҚЫ ЕСІМДЕРДІҢ ЕМЛЕСІНДЕГІ КЕЙБІР АЛАЛЫҚТАР

Жазу мәдениетімізді қалыптастырып, оны бір жүйеге келтіруде емле ережелерінің атқаратын мәні зор. 1957 жылғы қабылданған ресми ережеден соң ғана көптеген сөздердің жазылуындағы алалықтардың жойылып отырғаны баршамызға мәлім. Алайда кейбір баспасөз орындарының ережеден азды-көпті ауытқып, жекелеген сөздерді қате жазып келгендігі профессорлар Кеңесбаев І., Балақаев М. жолдастардың мақалаларында және 1968 жылы өткен «Баспасөз тілінің мәдениеті жөніндегі ғылыми-практикалық конференцияда сөйлеген жазушы С. Мұқанов сөзінде де дұрыс көрсетілді. Мұндай кемшіліктердің жалқы есімдерді (кісі аттары мен фамилиялары, жер-су атаулары, ру аттары т. б.) жазуда да кездесіп жүргенін көреміз.

Тіл білімінің жалқы есімдерді зерттеу саласы — ономастика деп аталады. Ол лингвистиканың бір тарауы болғандықтан, ономастикалық атаулар да тіліміздің грамматикалық, фонетикалық заңдарына бағынышты келеді. Бұлар да байырғы сөздер тәрізді күнделікті тұрмыста кеңінен қолданылады. Сондықтан да олардың басым көпшілігі сөздікке еніп, жазылу ережесі мектептер мен жоғары оқу орындарына арналған грамматикаларда оқытылып жүр.

Жалқы есімдерге ереже беру, оларды мектептерде оқыту-жазу мәдениеті орыс орфографиясында да белгілі орын алған. Мәселен, 1946 ж. жарыққа шыққан орыс тілінің орфографиялық сөздігінде кісі аттары мен фамилиялардың жазылуы туралы (дауысты, дауыссыз дыбыстардың, біріккен тұлғалы кісі аттары мен дефис арқылы жазылатындарының ережелерін ұсынып) бірсыпыра мы-

салдар келтірілген. Сондай-ақ, шетел адамдарының аты-жөнін қалай жазу керек деген мәселелерді де толық қамтып, дұрыс шешкен.

Қазақ тілінің емле ережелер жинағының 30-параграфында географиялық атаулардың, 29-параграфының ескертуіндегі «Кісі аттарының да түбір тұлғасы сақталып жазылады» деген қағидалар жоғарыда аталған орыс тілі тәжірибесінің үлгісінде жасалған.

Бұл — тек біріккен тұлғадағы кісі аттары мен фамилиялардың жазылуы туралы ғана ережелер. Ал дара түбірден жасалған **Иса, Иман, Дүрия, Әсия, Ғалия, Фазыл, София, Хамит, Ахмет** тәрізді есімдер мен фамилиялардың жазылу үлгісі ереженің басқа тарауында, әріптердің емлесі айтылған бөлімде көрсетіледі.

Бұрын бұл есімдер **Ыйса, Ыйман, Базыл, Пазыл, Пәрида, Қамит, Хамит, Ақымет, Ақмет** болып әр түрлі жазылып келсе, ресми ережеден кейін олар бір жүйеге түсіп, морфологиялық принцип бойынша жазылатын болды.

Алайда жазылуы анықталып, дұрыс жазылып жүрген кісі аттары мен фамилияларды көрер көзге бұрмалап қате жазу да жиі кездесіп жүр. Ондай қателер көбінесе газет-журнал беттерінде мол ұшырайды.

Орфографиялық сөздікте көрсетілген ырым, ырыс, халық, тас, бай, орын, көз, қожа, қасқа сөздерінің тіркесуі арқылы жасалған біріккен тұлғадағы кісі аттары мен фамилиялар ережеге қайшы, түбірі сақталмай, **Рым, Рысқұл, Рысбек, Рыскелдиев, Қалықова, Әбдіқалықов, Алагөзов, Есхожин, Сарғасқаев, Ташбай, Зияев, Бәйменов, Қыпшақпай** түрінде жазылған фактіні күнделікті газет-журнал беттерінен жиі кездестіріп жүрміз.

Жазылуы көпшілікке ежелден белгілі бола тұрса да, **Мұқанов, Аймұқанов, Әбдірақманов, Әбдрахманов, Абдрахманұлы** деп тоқсан құбылтып жазуды да шығарды.

Түбірі айқын, жазылуы мүлдем оңай кісі есім-

дерін бұрмалап жазудың өзі емлеге немқұрайды караудан туған жай емес пе?

Осымен қатар, кейбір кісі аттарының жазылуындағы екі ұштылықтың бар екендігі де белгілі. Олар, әдетте араб-парсы тілдерінен ертеректе еніп, тіліміздің дыбыстық заңына бағынып, сіңісіп кеткен **Ғали, Қали, Әли, Оспан, Құспан, Ғұсман, Мұқамбет, Махамбет, Мақымет, Ғайша, Қайша, Айша** тәрізділер. Мұндай есімдердің бастапқы түбірлерін табу, оны іздестіру қиын-ақ.

Қали, Ғали, Әлі деген адамға сенің есіміңнің негізгі түбірі Әли екен, енді сен Әли бола ғой дегенге көне ме? Я болмаса, Махамбетке сенің есіміңнің шыққан түбі Мухаммед екен, бұдан былай сен Мухаммед аталасың дегеніміз қиянат болар еді ғой. Осындай жайды ескере келіп, ережелер жинағының 20 параграфында «шығыс және басқа көршілес елдердің тілдерінен енген сөздер өзгеріп, сол қалыптасқан күйінде жазылады» деген қағида ұсынылған. Араб, парсы тілдерінен енген кісі аттары мен фамилияларды да осы қағидаға сай жазуды көпшілікке түсіндіру ретінде үнемі сөз етіп келеміз. Осылармен қатар, екі түбірден тұратын кісі аттарының ара жігінде екі дауысты дыбыс қатар келгенде, тіліміздің заңына сай алғашқы түбірдегі дауысты дыбыстың түсіп қалатындығы жайында профессор **І. Қенесбаев, Ғ. Мұсабаев, Г. Жәркешева** сияқты тіл мамандарының жарияланған мақалаларында біркелкі түсініктер берілген болатын. **Қожахмет, Молдахмет, Исахмет, Жылқайдар, Исаділ, Дәметкен, Ұлмекен** тәрізді есімдердің тізімі орфографиялық сөздікте берілген. Тегінде, бұл тәрізді біріккен тұлғадағы географиялық атауларды да (**Қарой, Қандыағаш** т. б.), біріккен сөздерді де (алаөкпе) тіліміздің заңына сай бір ізбен (**Қандыағаш, алакпе** ретінде) жазуды әлде де болса, ойластыру қажет-ақ.

Фамилияларға жалғанатын қосымшалардың жазылуында да ережелер қабылданып, ұзақ жылдар бойы қалыптасқан заңдылықты бұрмалау жайы байқалады. Мысалы, **и, ш** дыбыстарына

аяқталатын фамилияларға қосымша -ев, -ева түрінде жалғанатындығы айқын. Солай бола тұрса да, күнделікті газет беттерінен Сармышева, Бекешева деудің орнына Сармышова, Бекешова деп, тіпті Есенов, Жұмабеков, Мәуленов, Елеуов сияқты фамилияларды Есенев, Жұмабекев, Мәуленев, Елеуев деп жазатын фактілерді кездестіретін болдық.

Қалыптасқан, жұртқа үйреншікті болған ережені бұлайша өзгертудің іс жүзінде еш пайдасының жоқ екендігі күмәнсіз.

Тек өз аты-жөнiмiздi ғана дұрыс жазып қоймай, шетел азаматтарының да аты мен фамилияларын сауатты жазуға мән беру керек.

Кісі аттары мен фамилияларды және географиялық атаулар мен ру, ел аттарын ережеге сай жаза білу — әрбір мәдениетті, сауатты адамның борышы. Мұндай игілікті іске жеке азаматтар, ресми документтер беретін мекемелер, заң орындары мен ЗАГС бөлімдері, оқу орындары т. б. мекемелер түгелдей ат салысып отыруға міндетті.

И. ҰЙЫҚБАЕВ

ФОНЕТИКАЛЫҚ ВАРИАНТТЫ СӨЗДЕР

Бір мағынаны білдіретін сөз үнемі бір тұрпатта қолданыла бермейді. Оның дыбыстық құрамы азды-көпті өзгеріске ұшырайды. Бірде жуан дыбыстың жіңішке дыбыспен алмасуы, бірде дауыссыздардың орын алмастыруы да (метатеза) кездеседі.

Дыбыстардың сусып түсіп қалуы, кейде қосылып айтылуы, сөздің толық немесе ықшамдалып

айтылуы да сөздердің фонетикалық варианттарын туғызуға себепші болады.

«Фонетические законы занимают большое и существенное место в содержании лингвистики. Их влияние заходит далеко за сферу одной фонетики, вторгаясь, как мы увидим, в область морфологии. Движение начавшееся как легкое фонетическое отступление от нормы, как еле заметное нарушение ее, может через тысячелетия привести к глубочайшим структурным изменениям»¹.

Фонемалардың алмасуы морфологиялық альтернация деп аталады. Морфологиялық альтернация сөздердегі дауысты дыбыстарда да, дауыссыз дыбыстарда да болады. Дыбыстың алмасатын сыңары альтернант делінеді.

«Члены одной той же альтернации назовем альтернантами, например, /б/ и /бл/, /к/ и /ч/, /е/ и нуль звука»².

Фонетикалық варианттарды нақты мысалдармен көрсетейік. Көптеген сөздерде **а, ә** дауысты дыбыстары бірінің орнына бірі қолданыла береді:

абдыра — әбдіре, абдесте — әбдесте, абжылан — әбжылан, ажуа — әжуа, ажым — әжим, азар — әзер, аял — әйел және т. б.

а мен **е** дауысты дыбыстарының алмасуы да жарыспалы сөздерді туғызады: **арырақ — әрірек, ауа — әуе, ауан — әуен, аянкес (айнакес) — әйнекес.**

Заңғар, зеңгір, сеңгір деген сөздер фонетикалық варианттар құрайды.

Байтерек — бәйтерек, байшешек — бәйшешек сөздеріндегі фонетикалық айырмашылық **а, ә** дыбыстарының алмасуынан болып тұр. Терек, шешек сөздерінің жіңішкелігі олардың алдыңғы сыңары болып тұрған бай сөзінің де жіңішке айтылуына әсер еткен. Сондықтан да фонетикалық варианттар жасалып тұр:

¹ Сенир Э. Язык. Введение в изучение речи. М.—Л., 1934, с. 137.

² Грамматика современного русского литературного языка. М., 1970, с. 462.

Балауса көктеп бәйшешек,
Құлпыртқанда даланы.
Бәйшешектей жеткіншек
Есіме алдым баланы.

(Қ. Әбдіқадыров).

«Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінде» (1963 жыл) бұл сөздер бәйтерек, бәйшешек (71-бетте) түрлерінде жазылған.

а, ә дауысты дыбыстары алмасып, дублет жасайды: **баз—бәз:**

Бәз-баяғы жалғыз мен,
Қайда жолдас, сан кісім?

(Ғ. Қайырбеков).

Барша — бәрша — бәрше сөздері варианттық қатар құрайды.

Мақсат, мақсұт сөздері вариант болып қолданыла береді: мұнда **а, ү** дауысты дыбыстары алмасып тұр: Бір **мақсатым** — өлең жазу (С. Торайғыров). **Мақсұт** алыс, өмір шақ (Абай).

ә—е дыбыстары өз ара алмасып келіп, фонетикалық дублет жасайды: **әпсәтте — әпсетте.**

Жеп қояр ем әпсәтте,
Қылқанынан қорқамын.

(Р. Сәбитов).

а, ы алмасып келіп, вариант құрайды: **тыраю — тырыю, құдағай — құдағый** (құдағи) және т. б.

Сөздердің жуан варианттарында **а, ы** дауыссыз дыбыстар болса, олардың жіңішке варианттарында **ә, і, е** дауысты дыбыстары қолданылады.

Сөздің жуан варианты	Сөздің жіңішке варианты	Дыбыс өзгерістері
Абдыра	әбдіре	а—ә ы—і ө—і

Абжылан	әбжылан	а—ә
Аждаһа	әждаһа	а—ә
Ажуа	әжуа	а—ә
Ажым	әжим	а—ә
		ы—і
		а—ә
Азар	әзер	ы—і
Аырақ	әрірек	а—е

Қампайту — қампиту сөздері фонетикалық вариант жасайды. Вариант болуға себепкер болып тұрған **ай — и** (ый), (а — ы) дыбыстарының алмасуы екені байқалады. Бәрі арықтығын білдірмес, сыртқа жүнін **қампайтар** (қампитар) (Мақал).

а — о дауысты дыбыстары алмасып қолданылып, дублет сөздер жасауға себепші болады: **атабас — отабас** (піскен масақ).

а — ы дауысты дыбыстары алмасып жұмсалып, дублет жасайды: **бадана — бадына** (жуашық). Отынға жинап қойған тезектері су бетінде **бадынадай** қалқып, біртіндеп тарап барады (М. Қайназаров). **Бадана** — өсімдіктің жер астындағы өнімі немесе өсімдік түгінің жуан, домалақ басы.

Дәйім — **дайым, әрдәйім — әрдайым** сөздері фонетикалық вариант қатарын құрайды: Мінгенім — **дәйім** менің құлақасқа (Халық өлеңінен).

е, і дыбыстарының алмасуы варианттың пайда болуына себепші болады: **шекірею — шікірею**: Мына бір **шекірейіп** тұрғаның кім? (Ә. Әбішев). Ол кейде **шікірейіп** жүреді және т. б.

е, і дауыссыз дыбыстары алмасып, сөз варианттарын жасайды: **бәйге — бәйгі, бәрекелде — бәрекелді**.

Дауысты дыбыстар **е, і** алмасып қолданылып, фонетикалық дублеттер жасайды: **тікелей — тікілей**: **Тікелей** түскен күн сәулесі туберкулез құрттарын бірнеше минуттың ішінде-ақ құртады (Көшербаев). **Тікілей** жүрсең де, ауылға тура барасың және т. б.

би, бей префиксі жарысып қолданыла береді: Бәрі де дағдыдан тыс **бейтабиғи** («Лениншіл жас», 1971 жыл, 9 январь). Жаңада келген кісі бұндағы

жағдайдан **бейхабар** (Ә. Нұрпейісов, Күйреу.). Суымды сүт қылып отыратын әйелім де, ақылым да еді ғой ол **бишара**,— деді Олжабек (Ғ. Мұстафин).

Мінеки, мінекей деген сөздер **и**, **ей** дыбыстарының алмасуынан дублет болады: **Мінеки**, келіп қалдық атар таңға, Жарқырап күнде шығар тірі жанға. Табытқа салып алып әлде мені, Апарар сырын білмес бір далаңға (Абай). Ресторан **мінекей** (С. Адамбеков).

Аяғында, мінеки,
Енді алмаған не қалды?

(I. Жансүгіров).

Риза — ырза — разы сөздері жарысып қолданылып, варианттық қатар құрайды. Жылқышы оған **разы** болды (Н. Ғабдуллин). Барлық құрметіне **ырза** болдық.

Шыдайды **риза** болып жар ісіне,
Қорлық пен мазағына табынса да.

(Абай).

Ер — йер деген сияқты сөздер осылайша екі түрлі вариантта айтылады. Бұл жағдай жөнінде академик В. В. Радлов былай деп жазады:

«У многих лиц, перед **е** в начале слова ясно слышится **й**, так что **екі** звучит как **йекі**, **ер** как **йер**, но так это бывает не у всех, то в начале слова я пишу только **е**»³.

Талпынған талаппенен мен де бір **ер** (Абай).

о, **а** дыбыстарының алмасуынан сөз варианты жасалады: **қоңылтақ — қаңылтақ** т. б. Қожекен **қаңылтақ** печеньенің шетінен кішкентай омырып алып қана, таңдайына тастады (Б. Соқпақбаев). Пальто-ішігін **қоңылтақ** киіп, шығып келе жатқан Анатолий Қондратьевич екен (С. Мұқанов).

ө, **ү** дыбыстарының алмасуынан фонетикалық

³ Радлов В. В. Наречия тюркских племен. Ч. IV. Спб., 1872, с. XXV.

сөз варианттары жасалады: **көлкілдеу — күлкілдеу** т. б. Аяқтағы су **көлкілдеп** тұр. Денедегі ісік **күлкілдейді**.

Бөгелек — бүгелек — бүгелік деген сөздерді бір-біріне фонетикалық дублет етіп тұрған жағдай **ө — ү, і** дыбыстарының алмасуы болып тұр: Жылқыны **бүгелек** аздырар, ешкіні кебенек аздырар. **Бөгелек** тисе, тыныш қоймас (Мақалдар).

ү, й дыбыстары тіркесіп келгенде, оның орнына **и** (ы — й) дыбысы қолданылатын жағдай да кездеседі: **бұйда — бида** т. б.: жетелеген мойнақтай, **бұйда** далаған тайлақтай (Мәтел). **Бида** — мұрындық жіп.

ы, а дыбыстарының алмасуынан желғабыз, желғабаз сөздері вариант болады:

Желғабыз жез тағалы омырауым,
Қара тер шыққан сайын кетем ағып.

(Біржан).

Сауық бар, жиналындар, желғабаздар!
Әп-сәтте хабар осы елге жетті.

(Х. Ерғалиев).

Кейбір сөздерде **ы — ү, і — ү, ө — і** дауысты дыбыстары өзара алмасып қолданылып, сөз варианттарын жасайды: **аброй — абырой — абиыр — абүйыр — әбүйір**:

Абырой, атак алмайды
Адал еңбек істемей.

(Қ. Қуанышбаев).

Аброймен ақтайды сенген елдің сенімін.

(Қ. Айнабекұлы).

Абаыр, атак сол жөнде,
Кімді көп жұрт мақтаса,
Ол мақтаудан не пайда,
Көп мақтауын таппаса?

(Абай).

ы, ү дыбыстарының алмасуы сөз дублеттерін жасайды: **былғары — бұлғары**:

Мықшима аяғымда былғары етік,
Қиіз байпақ тоңдырмас ызғар өтіп.

(Абай).

Былғары сөзі **вувльгар** деген сөзден алынуы мүмкін.
ы, ұ дыбыстарының алмасуы дублет жасауға себепші болады.: **тынық — тұнық**, т. б.

Жаксы әнді тындасаң ой көзіңмен,
Өмір сәуле көрсетер судай тұнық.

(Абай).

Бүлдіргі — бүлдірге сөздері бір-біріне вариант болып жұмсалады. Қолымда бір қамшым бар **бүлдіргелі** (Халық өлеңінен). Қамшының **бүлдіргісі** көбінесе қайыстан жасалады. Бір қолында **бүлдіргесінен** ілінген ырғай сапты сегіз өрме қамшы (Көпбаев). Бұл сөздерді вариант етіп тұрған нәрсе — **і, е** дыбыстарының алмасып қолданылуы.

Е. ЖҰБАНОВ, С. ТАТУБАЕВ

ЭНШІ ШЕБЕРЛІГІ ЖӘНЕ ОРФОЭПИЯ ЗАҢДАРЫ

Қазіргі өлеңдегі эн мен сөз тең праволы компоненттер есебінде басын құрап, ақын мен композитордың екеуіне де тең туынды іспетті дүниеге келеді. Алайда біз осыған орай қазақ әнінің табиғатындағы заңдылықтарды мұқият ескере білуіміз қажет. Басқаша айтқанда, саз бен сөздің бірлігі әрдайым теңдік сипатында бола тұрса да, автордың эстетикалық концепциясына орайласқан біріншілік факторының эн творчествосында өзіндік

орны болатыны сөзсіз. Мәселен, әсем сазға құрылған лирикалық әндерде бірінші кезекте тыңдаушының сезіміне әсер етуші компонент оның сазы болса, халық термесі үлгісіндегі толғауларда бірінші кезекте мағына, яғни, сөзбен бейнеленетін ой тұрады да, әуен сол ойды жеткізуші құрал қызметін атқарады.

Ән тексінің ойлы, мағыналы, үйлесімді, жоғары идеялы болуы жөніндегі «Қазақ әдебиетінің» беттерінде жарияланған мақалаларды толық қуаттай отырып, өз тарапымыздан әнді орындаушыларға қарата да бірер пікір айтпақшымыз.

Біз әннің орындаушыларын арнайы сөз еткенде оларды ақын мен композиторға еншілес, өнер туындысының үшінші бір авторы деп танымыз. Көңілдегі ойдың ауыздан шыққанда ажары қашатыны секілді, небір жақсы сөзге жазылған әсем әндерді дұрыс орындай алмайтын «пұшық шіркіндер» әуенін келтірсе, сөзін бұзып, сөзін айтса, сазын бұзып, әжептеуір әннің берекесін кетіреді. Ал, осының керісінше жақсы әнші халықтың құба төбел әнінің өзін әншілік шеберлігімен, жағымды дауысымен тігісін жатқыза орындап, тыңдаушының құлақ құрышын қандырады. Алайда, біз сөзімізді бұл жолы жақсы әншілер жайында емес, сол «жақсыдай болса екен» дейтін орындаушыларға арнағымыз келеді.

Қазір республикамызда толып жатқан музыка мектептері, училищелері, өнер институты бар. Бұларда табиғи дарыны бар әншілер даярланады. Бұған қоса жер-жердегі көркемөнерпаздар коллективтерінде маман педагог жетекшілердің көмегімен халық таланттары тәрбиеленеді. Сөйтіп, «Әнді сүйсең, менше сүй» деп Абай атамыз айтқандай, әнге құштар халқымыз өзінің эстетикалық сезімін қанағаттандыратын барлық мүмкіншіліктерді пайдаланып отыр. Бірақ, көпшіліктің осы әнге деген ықыласы әншілер тарапынан әрдайым дұрыс түсінік тауып келе ме?

Бізде дауысы әп-әдемі, орындаушылық техникасы жақсы әншілер бар. Солардың қайсыбірін

тындағанда, әнді қай тілде салып тұрғанын айыра алмаймыз (егер бұрыннан әнге таныс болмасаңыз). Бұл — әншінің тексті, яғни, өлең-сөзді дұрыс игермеуінің салдары. Басқаша айтқанда, мұндай әнші дауыс ырғағын келтіріп, әуенді құлпырта созғанымен, әннің сөзін жеріне жеткізіп айтатын дикциясы жетілмеген соң, тындаушыға түсініксіз бола береді. Сөйлеу тілінің осы мүкістігін бүркемелеу үшін: «Музыканың негізі — әуен, сөз тек әсем саздың, әсіресе, вокал техникасының құрбаны», — деп, желеу айтады. Бұл — жаңсақ түсінік.

Италияның атақты әншісі Энрико Карузо әннің сөзіне мән бермейтін әншілерді мінеп, былай деген: «Өкінішке орай, көптеген әншілер жақсы дикцияға мән бермейді. Оларды сахнадан тындағанда тіліне түсінбейсіз, әйтеуір әннің мазмұнын долбармен ұққандай боласыз... Мұндай әншілердің кейбіреулерінің түсінігінше, дикция айқын болса, дауыстың сапасы төмендейтін тәрізді. Шынында сөзді табиғи, әрі дұрыс айта білгеннен әуенге келетін зиян жоқ».

Қазақ халқының талай майталман әншілері әсем әуенді де, алуан мағыналы сөзді де тындаушысының көкейіне қондыра орындап, музыка туындысын әні мен сөзі ажырамастай қазына ретінде ғасырлар бойы сақтап, айтып келген. Сонда бұл әншілердің өзіндік үлгісі, орындаушылық мектебі болды. Халықтың осынау әншілік мектебінің талабы бойынша әнді тістенбей салу, сүйкімді қоңыр дауыспен айту, асқақ әнді әуелете көтере шырқау, көмейден күмбірлетіп үн шығару, жезтаңдайды тақылдатып термелеу, міне, осының бәрі әншілік техникасының арсеналдары болатын. Бірақ, қалай айтқанда да, қазақ әншісі әннің сөзіне мықтап көңіл бөліп, музыкалық образды сөзбен, тіл мүмкіншілігімен жеткізе білетін.

Біздің қазіргі әншілерімізден жиі байқалатын бір кемшілік — осы халықтық мектеп талабын вокал өнерінің әлемдік, дүние жүзілік ортақ заңдылықтарына ұластыра білмейтіні деп түсінеміз. Бұған бір жағынан әншілерді даярлайтын, тәрбие-

лейтін оқу орындары мен педагог-ұстаздар, дирижер, режиссерлер, өнердің көркемдік жағын басқарушылар да кінәлі.

Қазақ тілі өзінің дыбыс құрамы жағынан әлемдегі ең бір әуезді, құлаққа жағымды естілетін тілдердің бірі. Біздің тіліміздің бұл қасиеті біріншіден — оның жалғамалылық (агглютинативті) сипатына негізделсе, екіншіден — фонемалық құрамында дауысты дыбыстардың молдығына, дауыссыз дыбыстардың ішінде үнді яғни сонор, ұяң дыбыстардың қолданыс жиілігіне, сондай-ақ буын үндестігі, дыбыс үндестігі тәрізді ассимиляциялық заңдардың әсері мен дыбыстардың өзара гармониялы болып келуіне байланысты деп білеміз. Кейбір статистикалық зерттеулерге қарағанда қазақ тіліндегі дауысты дыбыстар үнді-европа тілдері тобындағы итальян, неміс, славян тілдеріндегіден де гөрі жиі қолданылады¹. Мәселен, орыс тілінің фонемалық құрамында дауысты дыбыстың саны бесеу ғана болса, қазақ тілінде тоғыз дауысты дыбыс бар. Бұған қоса дауыссыздардың ішіндегі үнді, сонор дыбыстардың өзі мейлінше созылмалы келеді. Сөйтіп, біздің тіліміз вокал өнерін меңгеруге аса қолайлы.

Алайда, тіліміздің осы табиғи икемділігі вокал техникасын үйренетін профессионалдық коллективтерде де, арнаулы музыкалық оқу орындарында да ескерілмей келеді. Мәселен, республикамыздағы өнер институтында, сондай-ақ музыка училищелерінде қазақ тілінің фонетикалық жүйесі арнайы курс ретінде оқытылмайды. Әншінің дауысын қою, орындаушылық шеберлікке баулу жұмысы орыс тілінің бес дауысты фонемасы негізінде жүргізіледі. Содан барып қазақ тіліндегі қысан, жіңішке дауысты дыбысты әнге қосып дағдыланбаған бірсыпыра әншілер ү, ә фонемаларын дәл бере алмайды. Сөйтіп, әннің нақышы бұзы-

¹ *Татубаев С. С.* Статистические подходы к исследованию певческой фонетики казахского языка.— В кн.: Статистическое и информационное изучение тюркских языков. Алма-Ата, 1969, с. 38—40.

лады. Басқаша айтқанда, бұндай әншілер орыс-қазақ тілдеріне ортақ **а, е, и, о, у** дыбыстарын әуенге салып еркін шырқай алады да, тек қазақ тіліне ғана тән **ә, і, ы, ү, ұ** дыбыстарын, әсіресе, жоғары регистрде келгенде, өзіне таныс басқа дыбыстармен ауыстыруға мәжбүр болады. Бұл әрине, вокал техникасын үйретуші мамандардың кемшілігі.

Ал қазақ тіліне ғана тән дауыссыз дыбыстарды әнге қосу жағдайы бұдан да нашар. Мәселен, артикуляция базасы жағынан көмей дыбыстары болып саналатын **қ, ғ** дауыссыздарын алайық. Бірсыпыра ұстаздардың пікірінше, көмей дыбыстарына негізделген жаттығулар әншінің дауысына, вокал техникасына зиян тигізеді-міс. Мұның негізсіз пікір екені айтпаса да мәлім.

Соңғы кезде аталған кемшіліктердің үстіне, әншілердің орындаушылық шеберлігіне тағы да бір ақау түскені байқалады. Ана тілін жете меңгерген, жатық сөйлейтін әншілердің өзі де ән текстінің қағазға түскен қалпын, яғни орфографиялануын бұзбай айтамын деп «қара көз», «қара кесек», «меңді қыз» тәрізді сөз тіркестеріндегі ішкі үндестікті ескермейді, яғни айтылу нормасын бұзады.

12
Әнмен айтылатын сөз сөйлеу стилінің ең толық жетілген, дамыған деңгейін қажет етеді. А. В. Шербаның айтуынша, сөйлеу стилі толық, толық емес болып екіге бөлінеді. Толық емес стильмен айтылған кезде жекелеген дыбыстардың, буындардың түсіп қалуы, фонемалардың сәйкессіздігі секілді құбылыстар бола береді. Ал сөйлеудің толық стилі бұл сияқты ауытқуларға жол бермейді. Біздің жалғамалы қазақ тілінде негізгі лексикалық мағынаны арқалаушы элемент сөздің түбірі болып саналады. Сондықтан сөйлеу практикасында ол әрдайым тұрақты келеді де, стильдік ауытқушылық негізінен қосымшалар аясында болады. Бұдан шығатын қорытынды: егер сөз түбірінің құрамындағы фонемалардың біріне ақау түссе, ол сөздің лекциялық мәні өзгереді.

Әрине, бұдан аффикс жасаушы дыбыстарды қалай болса, солай қолдануға болады деген ұғым тумайды. Әрбір сөздің түбірі, қосымшасы, сөз жасаушы дыбыстардың бәрі өзінің тиісті артикуляциясына сай, яғни толық стильмен айтылуы қажет.

Осы тұрғыдан алғанда әншілерге қоятын талаптар өте күшті. Өйткені әншінің сөзін залдағы көпшілік тыңдап, мағынасын түсінуі керек. Соның үшін әнші әуенді тамаша шырқап берумен қатар, соған арқау болып тұрған тексті, дәлірек айтсақ, текст ішіндегі әрбір сөзді, дыбыстарды дәлме-дәл айтуға міндетті.

Әншінің дауысын жолға қоюдың дүние жүзілік тәжірибесіне қарасақ, ең алдымен дауысты дыбыстарды әнге қосу жұмысы жүргізіледі. Бұл кезеңде әр алуан дауыстылар жеке вокализм ретінде айтылады. Сөйтіп ән дауыстыларын толық меңгергеннен кейін әнші дауыссыз дыбыстарды әнге қосады. Яғни дауыссыз дыбыстар ілгері дауыстылармен бірге айтылып, әншінің тұтас сөзді бұзбай шырқау дағдысын қалыптастырады.

Дауысты дыбыстардың сөйлеу кезіндегі және әуен ішіндегі дыбысталуы екі басқа. Егер әншінің даусы дұрыс қойылған болса, дауысты дыбыстың қай-қайсысын айтқан кезде де, оның спектрінде 3000 герц шамасында энергетикалық аймақ, яғни, «әншілік формант» пайда болады.

Әдеттегі сөйлеу үстінде дыбыстар бір ғана көкірек (кеуде) регистрімен айтылса, ән дыбыстары екі-үш регистрде жасалады. Вокал техникасында бұндай регистрлер ерлер дауысында кеуде және аралас регистр, әйелдер дауысында кеуде, медиум және бас регистрлі болып сараланады.

Өткен дәуірдің аты шулы әншісі Фелия Литвин былай дейді: «Мен әлде неше тілде ән салып көрдім, сондағы өз тәжірибемнен байқағаным — дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтудың зор маңыздылығы болды»².

² Литвин Ф. Моя жизнь и мое искусство. Л., 1967, с. 79.

Біздің вокал педагогтері мен опера режиссерлері әншілерге бір дауыссыздың өзін бірнешеу етіп «создырып» айтқызады. Олардың ойынша бұдан дауыссыздың әнді құлпыртудағы мәні артатын секілді. Ал кейбір мамандар әншіден дауыссыз дыбыстарды «италия мәнерімен» айтуды талап етеді. Әншілік техникасы саналатын осы талаптың тіл заңдылығына қанша сәйкес келетіндігін талдап қаралық.

Қай тілде болмасын дауыссыз дыбыстардың созылыққылығы оның қатаң, ұяң, сонор, ызың, шуыл, діріл типіне жатуына байланысты болса, екіншіден оның сөз ішіндегі, буын ішіндегі алатын орнына екпіннің қай буынға түскеніне, сондай-ақ көршілес тұрған дауысты дыбыстың табиғатына байланысты.

Демек, созылыққылығы әр түрлі дауыссыз дыбыстар қазақ тілінде біркелкі фонетикалық қоршауда тұрып-ақ, әр алуан фонемдік қызмет атқарады. Сондықтан олардың әрбіреуін тым күшейтіп, екеу, үшеу етіп айтатын болсақ, дауыссыз дыбыс геминатаға (қос дауыссызға) айналады да, сөздің мағынасы өзгереді. Мысалы ата деген сөздегі дауыссызды екеу етіп айтсақ **атта** болады, **опа** — **оппа** болады. Сөйте тұрса да кейбір «италия мәнерімен» шырқамақ болған әншілер дауыссыз дыбыстардың осы қасиеттерін ескермей, оларды созып айтпақ болады. Алайда дауыссыз дыбыстарды бұлайша зорлаудың нәтижесінде сөз ішінде жасанды геминаталар пайда болады. Бір мысал келтірейік: «Сұрасаң ұруымды Қара кесек» деген өлең жолындағы бірінші сөзді кейбір әншілер **сұр-р-ра-саң** деп айтады. Бұдан әрине сөздің мағынасы өзгермейді. Бірақ ол айтылу нормасынан ауытқып, тындаушыға жағымсыз, «ырылдап» естіледі. Кейбіреулердің түсінігінше бұның өзі итальянның әншілік мектебіне жуықтайды-мыс. Шындығында **р** дыбысын созудан әннің айтылу мәнері күшеймейді, тек сөздің шырқы бұзылады. Сөз дұрыс естілу үшін дауыссыздарды нормасына сай дұрыс айту керек. Бұған қоса ескеретін нәрсе — бір тіл-

дің нормасы екінші тілдің заңдылығына сәйкес келмейді. Сондықтан қазақ тіліндегі дауыссыз **р** дыбысын тек өз ана тіліміздің фонетикалық табиғатына сәйкес айтуға тиіспіз.

Осы тәрізді, тағы бір қазақ әнін айтушылар **ұ-йа-сын-да** деген сөзді айтқанда тіліміздің заңдылығын бұзып сонор **й** дыбысын созбақшы болады да, оны екеу етіп айтады. Сөйтіп басы артық дыбыс қосылып сөздің буын жүйесі өзгереді. Жоғарыдағы екі мысалды фонетикалық тұрғыдан қарайтын болсақ, кейбір әсемпаз әншілердің бұл сөздерге жасаған қиянатын айқын көруге болады. **Сұ-ра-саң** деген сөзде үш буын бар. Ортаңғы буында тұрған **р** дыбысы жасалу табиғаты жағынан эксплозивті дыбыс. Оны күштеп екеу етіп айтудың нәтижесінде әнші алғашқы ашық буынның соңына имплозивті **р** дыбысын қосып, бітеу буын етіп жібереді. **Ұ-йа-сын-да** деген сөздің құрамында төрт буын бар, әнші эксплозивті сонор **й** дыбысына күш салу арқылы оны екі дыбыс етіп бөліп, алғашқы ашық **ұ** буынын тұйық буынға айналдырады. Демек бұл жерде де имплозивті **й** пайда болады.

Сөзіміз дәлелді болу үшін біз **р** дыбысының қазақ және италия тілдеріндегі жасалу орны мен жасалу тәсіліне зер салдық. Осы мақсатпен түсірілген интонограммаларға қарағанда қазақ тіліндегі **разы**, **ырза** сөздеріндегі және **жар** сөзіндегі үш түрлі позицияда тұрған **р** дыбысы жасалғанда тілдің ұшы альвеолға бір, ал ауслаутта 1—2 рет қана тиеді. Қазақ тілінің осы заңдылығы сөзді бұзбай айтатын опера театры әншілерінің орындаушылық техникасында да сақталады.

Ал итальян тіліндегі **р** дыбысының жасалу тәсілін байқау үшін Мейербердің «Африканка» операсындағы басты рольді орындаушы атақты баритон Титто Руффонның дауысы жазылған грампластинканы интонограф арқылы тексеріп қарағанымызда, тіл ұшының дірілі үштен жетіге дейін қайталайтынын байқадық. Сонымен бірге итальян тіліндегі бұл құбылыстың жиілігі де, сапасы да, тілдегі атқаратын қызметі де қазақ тілінен мүлдем

өзгеше. Ойымызды қорыта келгенде орындаушылық шеберлігі жөніндегі қояр талаптарымыз мыналар: а) қазақ әндерін орындайтын әнші, алдымен, қазақ тілінің дыбыстарын мүлтіксіз айта алатын, яғни, артикуляциялық базасы жетілген болуы тиіс; ә) қазақ тілінің ауызекі сөйлеу, немесе, орфоэпиялық заңдылықтарын әнші бұлжытпай орындауы қажет; б) әнші өлеңнің сөзін қаншалықты мәнерлеп айтуға тырысқанымен де оның дыбыс құрамына, буын құрамына өз жанынан ештеңе қоспауы тиіс. Жалғамалы қазақ тілі буын санының өзгеруіне байланысты жеке сөздердің лексикалық мәнін де өзгертіп жібереді. Осы айтылған пікірлерге тиісті мекемелер, өнер коллективтері, әншілер даярлайтын оқу орындары құлақ асады деп сенеміз. Әрине, өзінің шеберлігін жетілдіремін дейтін әрбір әнші жоғарыда айтылған ойлардан дұрыс қорытынды шығарары хақ

Т. ЖЕКСЕНБАЕВ

ҚЫСҚАРҒАН СӨЗДЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ОРФОГРАФИЯСЫ МЕН ОРФОЭПИЯСЫ

Қазіргі әдеби тілімізде мемлекет, партия, әр түрлі одақ, ұйым, орган, мекеме, әр алуан шаруашылық, мәдениет, спорт коллективтері мен оқу орындары атауларының, өлшем бірліктері мен техникалық құрал-жабдық маркаларының қысқартылып алынған аттары жиі қолданылып келеді. Қысқарған сөздердің бұлай көбейе түсуі — құптарлық құбылыс. Өйткені қазақ тілінің қазіргі иелері бұрынғы қай кездегіден де сауатты, білімді, мәдениетті.

Қысқарған сөздер айтылуы мен жазылуы ұзақ күрделі атаулардың, жиі жұмсалатын түсінікті сөздер мен сөз тіркестерінің қолданылуын жеңілдетеді, радио, телевизия және трибунада уақыт үнемдейді, баспасөзде орын үнемдейді. Мысалы, «Қазақ Совет Энциклопедиясының» I томында қысқарған сөздер көмегімен 300 000 таңбадай (7 баспа табак) орын үнемделіп, осындай көлемдегі үстеме мағлұматтармен томның мазмұны байытыла түскен. «Социалистік Қазақстан» газеті де 1973 жылғы 21 октябрьдегі номерінде қысқарған сөздер есебінен 9 000 таңбадай орын шығарып, осындай көлемдегі басқа материалдарды үстеп жариялаған. Демек, қысқарған сөздер қысқа жазып, қысқа сөйлеп, мол мағлұмат беруге қызмет етеді.

Баспасөз беттерінен, редакцияларға түскен материалдардан қысқарған сөздердің орфографиясына қатысты ақауларды аз кезіктірмейміз. Көбінесе қосымшалар дұрыс жалғанбайды. Мысалы:

Қысқарған сөз	Қосымшаны қате жалғау	Дұрысы
СССР РСДЖП ВЦСПС ВЛКСМ ДТ	СССР-дың РСДЖП-ның ВЦСПС-тың ВЛКСМ-ның ДТ-ның	СССР-дің РСДЖП-нің ВЦСПС-тің ВЛКСМ-нің ДТ-нің

Радио мен телевизиядан, жиналыстағы сөздер мен әдеттегі әңгімелерден бірқатар жолдастардың әріптік аббревиатураларды дұрыс айта білмейтіндігі аңғарылады (жазғанда қосымшаны дұрыс жалғамаудың да басты себебі — осы). Мысалы:

Қысқарған сөз	Қате айтылуы	Дұрыс айтылуы
АССР БК(б)П КПСС РСФСР ЦСКА	асысыр быкі(бы)пы кішыс ырысфысыр цыска	а-эс-эс-эр бә-ка-(бә)-пә ка-пә-эс-эс эр-эс-эф-эс-эр цэ-эс-ка

Қысқарған сөздердің айтылуы мен жазылуы жөніндегі мұндай ақаулардан арылуға көмек ретінде қысқарған сөздердің түр-түрін және олардың басты орфографиялық, орфоэпиялық ережелерін еске түсіруге тура келеді.

Тіл білімінде қысқарған сөздер үш түрге бөлініп жүр. Олар: әріптік қысқарған сөздер, буын типтес күрделі қысқарған сөздер және шартты графикалық қысқарған сөздер.

1. Әріптік қысқарған сөз немесе әріптік аббревиатура атаудың әр сөзінің бірінші әрпінен жасалып, нүктесіз жазылады. Мысалы, АҚШ, БССР, ГДР, ҚП, ММС. Қысқарған сөздің бұл түріне қосымша қазақ тілінде дефис арқылы бірігіп жазылады (орыс, өзбек, т. б. бірнеше тілдерде дефиссіз): ГДР-ге, ТАСС-қа, СКА-ға т. б. Әріптік аббревиатура оқылу ерекшелігіне қарай үш топқа бөлінеді.

а) Әріптің алфавиттегі аты бойынша айтылатын аббревиатуралар: ВЛКСМ, (вэ-эл-ка-эс-эм), ВЦСПС (вэ-цэ-эс-пэ-эс), КПСС (ка-пэ-эс-эс), РСДЖП (эр-эс-дэ-жэ-пэ), ЧССР (чэ-эс-эс-эр), т. б. Бұларға қосымша соңғы әріп атының жуан не жіңішкелігіне қарай үндесіп жалғанады. Мысалы: БК(б)П-ге, БССР-ге, ДТ-ге, ЛКСМ-ге, ПМК-ға.

ә) Құрамындағы әріптердің дыбысталуы бойынша айтылатын аббревиатуралар: БОАҚ (боак), ТАСС (тасс), АҚШ (ақш), НАТО (нато), СЕАТО (сеато) т. б. Бұларға жалғанатын қосымшаның жуан не жіңішке болуы қысқарған сөз әріптерінің дыбысталуына байланысты. Мысалы, ГЭС-ке, ДОСААФ-қа, ОАҚ-қа, РАПП-қа, СМУ-ға.

б) Құрамындағы әріптердің бір бөлігі аты бойынша, екінші бөлігі дыбысталуы бойынша айтылатын аббревиатуралар: ҚАССР (қа-эс-эс-эр), СКА (эс-ка), ЦСКА (цэ-эс-ка) т. б. Бұларға жалғанатын қосымшаның қандай болуы қысқарған сөздің соңғы бөлігінің әріп аты бойынша не оның дыбысталуы бойынша айтылуына байланысты. Мысалы, ҚАССР-ге, ЦСКА-ға.

2. Буын типтес күрделі қысқарған

сөздердің компоненттері бірігіп, нүктесіз жазылады. Бұларды компоненттердің ерекшелігіне қарай үш топқа бөлуге болады.

а) Сөздердің кілең үзінді бунақтарынан жасалған күрделі қысқарған сөздер. Мысалы, атком (ат-ком), ревком (рев-ком), Түрксиб (түрк-сиб), самбо (сам-б-о), халкомсов (хал-ком-сов).

ә) Сөздің үзінді бунағы мен толық сөзден құралған күрделі қысқарған сөздер. Мысалы, информбюро (информ-бюро), медпункт (мед-пункт), партбилет (парт-билет), пединститут (пед-институт), редсовет (ред-совет).

Буын типтес күрделі қысқарған сөздің бұл екі тобы қысқарған күйінде оқылады. Қосымша да сол оқылуымен үндесіп дефиссіз жалғанады. Мысалы, аткомға, халкомсовқа, Түрксибке, партбилетке.

б) Сөздің үзінді бунағы мен әріптік аббревиатура араласып келетін күрделі қысқарған сөздер. Мысалы, БелАЗ, ҚазПИ, ҚазТАГ, ҚазМИ.

3. Графикалық шартты қысқарған сөздер бір әріптен де, бірнеше әріптер тіркесінен де жасалады. Олар жазуда қысқарып тұрғанымен толық түрінде оқылады. Қосымша да сол толық түріндегідей болып жалғанады. Мысалы, *г-ға* (грамға), *ин-тқа* (институтқа), *т-ға* (тоннаға), *к-зға* (колхозға), *с-зға* (совхозға).

Шартты қысқарған сөздің үлкен бір тобы сөздің бірер әрпінен немесе бірнеше әріптер тіркесінен жасалады, олардан кейін нүкте қойылады. Мысалы, *ғ.* (ғасыр), *ж.* (жыл), *т. б.* (тағы басқа), *мемл.* (мемлекет), *млн.* (миллион), *млрд.* (миллиард), *солт-шығ.* (солтүстік-шығыс). Бұларға қосымша дефис арқылы жалғанады: *млн-ға*, *ғ-ға*, *с-ға*.

Кейбір шартты қысқарған сөздер сөздің шеткі әріптерінен дефис арқылы тіркесіп жасалады және олардан кейін нүкте қойылмайды. Мысалы, *ин-т* (институт), *ун-т* (университет), *ф-ка* (фабрика), *мин-лік* (министрлік). Бұларға жалғанатын қосымша дефиссіз тікелей қосылады: *з-дқа* (заводқа), *к-зға* (колхозға), *ф-тке* (факультетке) т. б. Шартты

қысқарған сөздердің тағы бір мол тобы — өлшем бірліктерінің қысқарған түрі. Мысалы, *a* (ампер), *вт* (ватт), *га* (гектар), *дм* (дециметр), *т* (тонна). Бұлар негізінен нүктесіз және курсивпен жазылады, қосымша дефис арқылы жалғанады: *кг-ға* (килограмға), *мл-ге* (миллилитрге), *см-ге* (сантиметрге), *т-ға* (тоннаға) т. б.

Графикалық шартты қысқарған сөздер әсіресе энциклопедиялар мен сөздіктерде орын үнемдеу мақсатымен көп қолданылады.

Орыс тілінен енген және орыс тілі арқылы басқа бір шет тілден енген (НАТО, СЕАТО т. б.) қысқарған сөздер орыс тіліндегі айтылу ерекшелігін (екпін т. б.) сақтайды.

Бір топ әріптік аббревиатураның оқылуы және жалғауы

Аббревиатура	Оқылуы	Қосымша жалғау
АҚШ	ақш	АҚШ-тың
АО	ао	АО-ның
АПН	а-пә-ән	АПН-нің
АССР	а-эс-эс-эр	АССР-дің
БК(б)П	бә-ка-(бә)-пә	БК(б)П-нің
БОАК	боак	БОАК-тың
БССР	бә-эс-эс-эр	БССР-дің
ВЛКСМ	вә-эл-ка-эс-эм	ВЛКСМ-нің
ВЦСПС	вә-цә-эс-пә-эс	ВЦСПС-тің
ГДР	гә-дә-эр	ГДР-дің
ГОЭЛРО	гоэдро	ГОЭЛРО-ның
ГФР	гә-эф-эр	ГФР-дің
ГЭС	гэс	ГЭС-тің
ДОСААФ	досааф	ДОСААФ-тың
ДТ	дә-те	ДТ-ның
ЕАР	еар	ЕАР-дың
КП	ка-пә	КП-нің
КПСС	ка-пә-эс-эс	КПСС-тің
ҚазПИ	қазпи	ҚазПИ-дың
ҚазТАГ	қазтаг	ҚазТАГ-тың
ҚАССР	қа-эс-эс-эр	ҚАССР-дің
ЛКСМ	эл-ка-эс-эм	ЛКСМ-нің
МТС	эм-тә-эс	МТС-тің
НАТО	нато	НАТО-ның
ОАК	оак	ОАК-тың
ОК	о-ка	ОК-ның
РАПП	рапп	РАПП-тың

РК(б)П	эр-ка-(бә)-пә	РК(б)П-нің
РСДЖП	эр-эс-дә-жә-пә	РСДЖП-нің
РСФСР	эр-эс-эф-эс-эр	РСФСР-дің
СЕАТО	сеато	СЕАТО-ның
СКА	эс-ка	СКА-ның
СМУ	сму	СМУ-дың
СССР	эс-эс-эс-эр	СССР-дің
СЭС	сэс	СЭС-тің
ТАСС	тасс	ТАСС-тың
УССР	у-эс-эс-эр	УССР-дің
ЦСКА	цэ-эс-ка	ЦСКА-ның
ЧССР	чэ-эс-эс-эр	ЧССР-дің

Ә. ЕРМЕКОВ, А. ОСПАНҰЛЫ

ДҰРЫС ЖАЗУ ДА МӘДЕНИЕТТІЛІК

Бүкіл республика жұртшылығы болып тіл мәдениеті туралы мәселелерге назар аударуы ана тілімізді ардақтаудан туған қадам екенінде шәк жоқ. Тіл мәдениетінің өзекті мәнінің өзі, түптеп келгенде, тіліміздің халық қажетін өтеу міндетін қайткенде мін-мүлтіксіз атқара алатындығына байланысты.

Халық шаруашылығымыз бен мәдениетіміздің қай саласындағы қандай ұғымды болса да айқындап бере алатынын ана тіліміздің мол мүмкіндігіне шүбәлана қарау да жоқ емес. Және тіл беделіне нұқсан келтіретін осындай пайымдау жетегінде жүргендердің тілге тиек ететін кейбір шындықтары да бар.

Ана тілімізді ардақтау жағына ең әуелі республикада оқу-ағарту жұмыстарына басшылық ететін екі министрлік атынан, тарапынан жете мән берілмей ме дейміз. Бұлардың бірі, атап айтқанда, оқу министрлігі, қазақ мектептерінде ана тілін оқытуға тиісті сағаттарды әлі де болса аз бөліп

келеді. Орта мектептің оныншы кластарында аталған пән мүлде оқытылмайды. Сөйтіп, осыларымыз тіл сабағын оқытудың сапасы, сайып келгенде, тіл мәдениетінің де дәрежесіне әсер етпей қоймайды.

Бізде жоғары оқу орындары мен техникумдардың басым көпшілігінде (негізінен мұғалім даярлайтындарынан басқасында) сабақты қазақ тілінде оқытуға қол жетпей-ақ қойды. Қазақтың көбі әлі де ауылдық жерде екенін, олардан облыстық, астаналық қалалардағы жоғары оқу орындарына келетін жастар орыс тіліне шорқақ екенін күнде көріп, біліп отырған министрлік төл және аударма оқулықтарды көбейту шарасына тым енжар, тіпті сүлесөк қарап келеді.

Жалпы білім беретін мектептерімізден тіл мәдениетіне жетіліп шықпаған шәкіртті жиі кездестіріп жүрміз. Оның көп себептерінің ішінен өзекті біреуін атап өтелік. Орыс мектептерінің қазақ мектептерінен бір артықшылығы бар. Онда шәкірттер даярлықты мектепке дейінгі мекеме — бала бақшаларының кең жүйесінен алып келеді. Ал қазақ мектебіне мұндай игілікті қызмет көрсетіп отырған балалар бағы мүлде аз. Облыс орталығы Шымкент қаласында мектепке дейінгі тәрбиені қазақ тілінде беретін бірде-бір бала бақша немесе сол бақша жанындағы арнайы топ жоқ. Мектепке дейінгі тәрбиені көріп келген сәбиді оқыту әлдеқайда оңай. Ендеше, жалпы білімді жас ұрпаққа ана тілімізде беріп отырған біз сәбилерімізге мектепке дейінгі тәрбиені де ана тілімізде беретін жағдайға жетуіміз керек. Сонда балалардың тілін сындыру да, оларды тіл мәдениетіне баулу да қазіргіден әлдеқайда табысты болмақ.

Тіл мәдениетін сақтауға кедергі келтіріп жүрген және бір келеңсіз жәйт бар. Ол жер-су аттарының айтылу, жазылу жайы. Бұл кемшіліктің шығу төркіні екі түрлі. Бірі патшалы Ресей тұсында саяси отаршылдық мақсатынан туған өзгертулер де, екіншісі — орыс тілінің дыбыстық ерекшелігінің әуенімен кетіп, байқамай бұрмалап айтушылық. Отаршылдық тәртіпті мегзейтін атаулардың

басым бөлегі қазірге дейін қаз-қалпында қолданылуда. Мәселен, біздің облыста Көкірек деген жер Ваннов деген кулак есімімен Ванновка селосы аталады. Ал Қорнилов, Орлов, Михайлов, Антонов, Николаев, Чиркин, Чубарь секілді елді мекен аттары патша министрі Столыпиннің реакциялық тәртібі туғызған кулактарға қойылған ескерткіш қалпында қалулы. Әрі-беріден кейін халқымызды қызыл қанға тоғытқан отаршыл генерал Черняев атындағы елді мекеннің Ұлы Октябрь дауылы өзгертіп қойған большевик Полторацкий есімі ұмытылғалы да қашан.

Біз Ақтөбе облысында Мұғалжар деген тау барын білуші едік. Енді соның республиканың қазақ тілінде шығарылатын бар баспа сөзі дерлік Мұғаджар деп жазады. Тіліміздегі жер аттарын әркімнің өз қалауынша жазуына тоқтау салатын мезгіл жетті. Мұғаджар, Манғышлақ, Көкшетау, Қарағандыны жазуға шақаты жеткен тілдің оны қазақша түп нұсқасына мейлінше жақындатып Мұғалжар, Маңғыстау, Көкшетау, Қарағанды деп жазуға мүмкіндігі әбден жететінін ескерген де, ескерткен де жөн.

Географиялық атаулардың орысша нұсқасын қабылдағанда, өз тіліміздің дыбыстық, емлелік, дәстүрлік ерекшеліктерін ескермей келгеніміз де дұрыстыққа жатпайды. Қазақ тілінде қалыптасқан Еділ, Мысыр, Меке деген секілді атауларды Волга, Египет, Мекке деп жазғаннан ұтқанымыз шамалы. Япония, Қытай, Афганистан деп жатпай-ақ Жапония, Қытай, Ауғанстан деп-ақ айтып, жазып жүргеніміз жоқ па? Және осылай айтқаннан, жазғаннан не кемшілік көрдік?

Тіліміздегі байырғы сөздерді жетік білмегендіктен туатын тіл бұзарлық та жетерлік екенін айтпасақ болмайды. Мысалы, биылғы жазда республикамыздың сауатты саналатын газеті «Социалистік Қазақстан» Орал облысындағы Павел Корчагиннің адасы бар екені жайлы хабар жариялады. Сонда «адас» деген төл сөзіміз тұрғанда «аттас» деген жасанды сөзді қолданды. «Адас»

орнына «аттасты» жұртшылыққа ең көп тарайтын «Лениншіл жас» газеті де әрдайым қолданады.

Өзімізбен нәсілдес, түркі тілдес туысқан халықтардың мәдениет қайраткерлерінің есімдерін айту, жазуда да көптеген шалағайлық жіберіп жүрміз. Халқымыз өзбек, әзербайжан ақындары **Әлішер Науайы**, **Низами Ганжауи** есімдерін атам заманнан-ақ осылай айтып, осылай жазып келген. Бірақ соған қарамастан осы есімдерді **Әлішер Навои**, **Низами Ганжеви** нұсқасында жазу да, жазатындар да жиі кездеседі. Бұған мысалды алыстан іздеп әуре болмай-ақ қоялық. Осыдан біраз жыл бұрын, 1961 жылы, Ғылым академиямыздың баспасы жариялаған «XVIII—XIX ғасырлардағы қазақ ақындарының шығармалары» аталған жинақта Майлықожа ақынның толғауындағы:

Сарттан өткен **Науайы**
Тілдің гаусар гүлі еді.
Парсыда өткен **Фердауси**
Заманында дүр еді,—

болуға тиісті жолдар:

Сарттан өткен **Навои**
Тілдің гаусар гүлі еді.
Парсыда өткен **Фирдоуси**
Заманында дүр еді,—

деген нұсқада басылып кеткен. Осылай жазудың салдарынан Навоиді септегенде әрдайым қиналып, Навоиді, Навоиге, Навоиден деп тіліміздің сөйлеу мақамына сыймайтын сөлекеттікке жол береміз.

Тіліміздің ішкі мүмкіндіктерін сарқа пайдалана білсек, бүгінгі күндері баламасын таппай, немесе тапқымыз келмей жүрген талай ұғымдарды білдіретін сөздеріміз бары байқалады. Олар әсіресе халықаралық, елшілік қарым-қатынасты, саяси мәнді анықтауға, әлеуметтік атақ-дәрежеге байланысты қолдануға толық жарамды сөздер. Мәселен, біз **Лениниана** деген саяси терминді, орыс тілінің халықаралық қатынастарды белгілейтін **договор** сөзін сол күйінше қолданып жүрміз. Бұлардың мәні өзіміздің тіліміздегі **Лениннама**,

келісім, шарт секілді сөздеріміздің ұғымын береді. Олай болса, «Совет әскерлерінің Чехословакия Социалистік Республикасының **территориясында** уақытша болуының шарттары туралы Советтік Социалистік Республикалар Одағының үкіметі мен Чехословакия Социалистік Республикасының үкіметі арасындағы **договор**» деп шұбарлап жазбай-ақ, «Совет әскерлерінің Чехословакия Социалистік Республикасының **жерінде** уақытша болуының шарттары туралы Советтік Социалистік Республикалар Одағының үкіметі мен Чехословакия Социалистік Республикасының үкіметі арасындағы **келісім**» деп неге жазбасқа? Үстіміздегі жылы елімізге Ираннан жоғары мәртебелі қонақтар келгенде **шаһ** деген сөзге қосарлап **шахиня** деумен болдық. Ал осыны бұрыннан тілімізге сіңісті **бибі** деген сөзбен неге білдірмеске, сөйтіп, неге **шаһбибі** деп жазбасқа? Сол секілді **принц** ұғымын **шаһзада** сөзімен үстесек, әбден-ақ жарасады.

Жергілікті мәні бар сөздердің, диалектілердің ішінен іріктеліп алынған сөздер арқылы әдеби тіліміздің көп қажетін өтеп келеміз. Мұны алғашқы уақытта да жалғастыра бергеніміз мақұл. Әсіресе, **сатып алушы** мағынасында қолданылып келген байырғы сөзіміз **алымсақ** секілділерді батыл қолдану қажет. **Сандығымды сатпақшы едім, алымсақ шықпады** деп айтылған сөз тіркесін халқымыз күні бүгін де ешбір сөкет көрмейді. **Беймаза** дегендегідей **би** орнына зат есім алдына **бей** жұрнағын қою жолымен сөз жасау тәсілінен де үрікпеген орынды (**бейқайрат, бейақыл, бейберекет**). Жіті ойлап, орнықты қолдана берсек тіліміздің мұндай жасампаздық мүмкіндігі ұшан-теңіз.

Бүгінгі қазақ баспасөзінде **аспаз** орнына **аспазшы, диқан** орнына **диқаншы, жасалды** демей жасалынды деп жазу барынша өріс алды. Бұрыннан ықшамды да түсінікті сөздерді қосымша жалғау-жұрнақтармен үстемелеп, күрделілендіре беруде ешбір қасиет жоқ қой деп шамалаймыз.

Тіл туралы толғанысымыздың тобықтай түйінін тұжырымдап айтсақ, ол — Қазақстан жоғары мек-

тептерінің барлық мамандықтарының 1—2 курсында қазақ студенттері үшін қазақ тілінің норматив курсы оқытылатын болсын; «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы қалпына келтірілсін; емледегі алалық жойылсын; қазақша жазылған телеграмма тоқтаусыз қабылдансын; қазақ алфавитімен жасалған жазу аппараты болсын; 9—10 кластарда аптасына бір сағат ана тілі оқытылсын; қазақ балалары үшін мектепке дейінгі тәрбие ана тілінде жүргізілсін дегенге саяды. Кеңесіп пішкен тонның келтелік етпейтіні секілді, бұл мәселелерді әр жақты ойластырып барып, көпшілік көкейінен шығатындай келісімге келгеніміз игі.

III. БАСПАСӨЗ ТІЛІНІҢ МӘДЕНИЕТІ

Т. ҚОЖАКЕЕВ

МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗДІҢ ТІЛІ ЖӘНЕ СТИЛІ ЖӨНІНДЕ

Біздіңше, тілші ғалымдар баспасөздің тіл мәдениетін тек лингвистикалық тұрғыдан сөз етіп жүр. Журналистер тіл мәдениетінің мән-мағынасы кең, элементі көп деп түсінеді.

Марксизм-ленинизм классиктері белгілі бір объектінің тіл, стиль сырын соның өзі қызмет ететін табынан, сол таптың идеологиясынан іздеу керек. Өйткені, әрбір баспасөз органы, әрбір жазушы, публицист, ғалым, қайраткер өзі берілген табының идеясы, болмысқа көзқарасы қандай болса, соны жүзеге асырып, соны насихаттайтын тіл, стильмен жазады, сөйлейді деп үйретеді.

Мысалы, К. Маркс пен Ф. Энгельс ағылшын жазушысы Томас Карлейльдің памфлеттері туралы сынында түсінігі, талғамы, идеялары прогрессивті кезінде оның ашық, айқын, ұғымды жазғанын, революциялық пікір айтуға дейін барғанын, кейін бұрынғы позициясын сатып, буржуазияны қорғауға бет алғанда, лепірмелікке, тұшымсыздыққа ұрынғанын дәлелдеді. Қазіргі Карлейльдің идеясы — буржуазияның идеясы. Оның мәні халықты алдап-арбап, қанаудан баю. Буржуазия әр уақытта осы ниет-мақсатын әшкерелеп алмау үшін халықпен алдамшы, күнгірт, екі жүзді тілмен сөйлеседі. Осы идеяға қызмет етіп отырған Карлейль де сондай жалған тілмен жазады. Карлейль идеялары қандай

болса, оның стилі де сондай. Зиянды идеяның ақыл-парасаты, қайырым, білімі бар адамның өзін ақымақ, надан етіп құлдырататынына Қарлейль тағдыры дәлел дегенді айтты ¹.

Мұндай тіл мен идея байланыстылығы Маркс, Энгельс, Лениннің өз жазғандарынан да айқын көрінді. Олар пролетариат пен шаруаға, социалистік идеологияға қызмет етті. Сондықтан да ұлы көсемдердің тілі, стилі сол таптардың, сол идеологияның мүддесімен үндесті. Әрбір мәселені принципті түрде, жоғары идеялық дәрежеде қойып, революцияшыл рухта, түсінікті де тартымды, өткір де қысқа баяндады, істің мән-сырын, алдағы міндеттерді дәл, терең түсіндірді. Осысымен олардың жазғандары жарияланысымен еңбекшілер санасына өртке тиген дауылдай әсер етіп, жұртты ұлы күрестерге жұмылдырушы, рухтандырушы күшке айналып отырды. Үлкен мәдениеттілік, міне, осында.

Демек, тіл, стиль (бұл екеуін бөлмей, тұтас қараған жөн) мәдениетін ең алдымен партиялықтан, жоғары идеялықтан іздеуіміз керек. Ол белгілі бір әлеуметтік ой-пікірді партиямыздың саясатына, қоғамымыздың таптық мүддесіне, коммунистік идеология талабына сай көтеріп, соған үндестіре шешіп беруден көрінсе керек. Бұлай болмай баспасөз органдары қанша сұлу жазса да, сөздерді қанша дұрыс тауып қолданса да, тіл, стиль мәдениетті болмақ емес.

Өмірде қуаттап, қостарлық, паш етерлік ұнамды фактілер және социалистік сана-тіршілігімізге кесірін тигізер зиянды фактілер болады. Соның әрқайсысының негізінде әрқилы сезім білдіріп, әр түрлі пікір, идея қозғаймыз. Яғни, факт, объекті сипатына қарай айтылатын пікір, қоятын мақсат өзгереді. Ал пікір-мақсат өзгерген соң, оны айтып, жазып беретін тіл, стиль де өзгереді.

Міне, сол ой-пікірді, соның төңірегіндегі кейіс, толғанысты дәлелді, әсерлі жеткізіп айта алар тіл,

¹ Маркс К., Энгельс Ф. Сочинения. Изд. 2, Т. 7. М., 1956, с. 269, 675.

стильді табу үлкен өнер. Жарасымды жайлар жөнінде жылы лебіз, жайдары үнмен, ал кесапатты кесірлер туралы ашу-ызамен, тепсіне жазуға міндеттіміз. Тіл, стиль мәдениетінің екінші бір көрінер сәті осы тұста.

Қаратал аудандық (Талдықорған облысы) «Коммунизм жолы» газетіне Жарасбаева деген кісі былай деп жазыпты: «Екеміз де жоғары білім алдық. Қосылдық. Қызмет істейміз. Жас отауға лайық өмір сүрудеміз. Бірақ менің әкем апарған сыйымызды азсынып, қырын қарады. Арада жылдар өтсе де әлі ат ізін салған жоқ. Дүниеге келген бөбегіміздің қуанышына да ортақтаспады» (1967, 16 май). Осы сорақы факт — жан түршіктірмей, ашу-ыза шақырмай қоймайтын дерт. Әке пасықтығы, әке қатігездігі ақыл-мораль араластыра отырып, тебірене, тепсіне сынап жазуға негіз беріп отыр. Ал газет мұндай тіл, үн қолдана алмаған, «Қызын сатып, пайда тапқысы келген әке қылығы осындай дегеннен басқа еш нәрсе айтуға жарамаған».

Отан соғысында хабарсыз кеткен Ерметай дегеннің қаза тапқаны анықталып, естіртіліпті. Әлгі «Коммунизм жолы» газеті осы туралы: «Оның ағайын-туыстары бұл күндері қуанышты. Біз бүгінгі мереке күні 30 жыл хабарсыз кеткен бауырынан хабар алған азаматтардың қуанышына ортақтасатындығымызды білдіреміз», — деп жазған.

Мұнда да газеттегілер фактіні дұрыс бағалап, одан туатын сезімге лайық тіл, стиль таппаған. Ерметайдың хабары шықты дегені болмаса, бұл қуанатын хабар емес қой. Өлді дегенге туыстары неге сонша қуанады? Қайта ер-азаматтың бейнесі, іс-қылығы еске түсіп қайғырмай ма? Демек, газеттің әлгідей жазуы тіл, стиль мәдениеттілігі емес.

Еңбекшіқазақ ауданындағы Еңбек селосында үш баскесер бір жас қызды зорлап, ұрлап әкетіп, екі күннен кейін үйіне қайтарған. Осы жауыздық туралы материалында «Еңбек жалыны» газеті де лайықты тіл, стиль таба алмаған. Дәрменсіз газет:

«Бұл жерде олардың (әлгі арсыздарды айтады — Т. Қ.) ата-аналары, мектептегі мұғалім және комсомол ұйымы біраз кемшіліктер жіберген», — деп бейпаздайды. Бұдан басқа айтар қатты сөз жоқ, оқушының, қылмыстылардың өзінің сай-сүйегін сырқыратар мансұқ ету жоқ.

Фактіге мән бермей, ауыр қылмысты селқос түрде, жүрдім-бардым хабарлай салу сияқты бұл жазыста да тіл, стиль мәдениеті, ақыл-парасат мәдениеті бар деп айту қиын. «Нашар, зиянды, теріс нәрсеге қарсы ашулы әуен қашаннан бері күнделікті газетке зиянды болып еді? Керісінше, ... зиянды нәрсе туралы «ашусыз» жазу — көңілсіз жазу...»², — деген В. И. Ленин сөзін ескермеуді қалайша мәдениеттілік дейік!

Әдетте қозғалатын тақырыпқа, онда айтылатын пікір, идеяға қарай жанр таңдалады. Ой, мазмұн лайықты жанрын тапқанда ғана оқушыға дұрыс жетеді. Ал әр жанр өзіндік тіл, стильді талап етеді. Оның әрқайсысында тіл құралдары, стиль әдістері түрлі-түрлі сипатқа қолданылады. Яғни, әр жанрдың өз өрнегі, өз айшығы, өзіндік текст түрі бар. Мысалы, әңгіме текстін суреттеу (описательный), корреспонденция — баяндау (повествовательный), ғылыми. теориялық мақалалар талдау, толғану (рассуждение) түрін керек етеді.

Көп газеттерде мәселенің бұл жағы да ескеріле қоймайды. Кейде болмыс-құбылысты суреттеп көрсетуге тиісті әңгіме жанры қара дүрсін баяндау стилімен, талғамсыз тілмен жазылады. Уытты, әсерлі, өткір болуға міндетті фельетон тілі мүлде дәрменсіз шығады. Мысалы, Павлодар облыстық «Қызыл ту» газетінің «Мәжбүрлі сойыс» деген фельетонында мынадай сөйлемдер жиі ұшырасты:

«Чапаев атындағы совхоз өзі орнағаннан бері бір жылды да кіріспен аяқтап көрмесе, биылғы жылды шамамен 800 мың сомнан аса шығынмен өткермекші түрі бар. Негізгі себеп не бұған? Мұндағы бір кінәрат — қоғам малына, мүлкіне, қаржы-

² Ленин В. И. Шығармалар. 4-басылуы, 35-т., 25-б.

сына ұқыпты көзқарас кеміс. Бұдан тиісті қорытынды шығарылар деп сенеміз».

Міне, мұндай сөйлемдер фельетон жанрының тіліне қойылатын талаптарға жауап бере алмайды. Әсері, уыты жоқ, кедір-бұдыры көп. Сөйлемнің алғашқы бөлімін оқығанда, совхоз биыл шаруашылық жылды көп пайдамен аяқтады дейін деп отыр екен деп қаламыз. Бірақ кейінгі сөйлем тағы да зиян шегу туралы айтады. Сонымен ойдың логикалық жүйесі бұзылған.

Бұл айтылғандардан шығатын қорытынды: тіл мәдениетін ой, идеядан, яғни мазмұннан бөліп қарауға болмайды. Тіл, стиль пікірмен, идеямен тікелей байланысты.

Баспасөздің тіл мәдениеті пікір-ойды дәл беруден ғана емес, сыпайы, ұстамды, эстетикалық тұшымға сай етіп айта алудан да аңғарылады. Бір газет былай деп жазады: «Фермада қораздар бір-бір мекиенді күні бойы алдына салып қуалаумен күні өтеді екен. Мұның өзі мекиендерді жұмыртқадан жұтатып болды. Қоразды өсіреді екенсің, мекиендерді жұмыртқадан жұтатпай өлшеп өсір!». Екінші бір газет бұдан да асып түскен. «Қошқар неғұрлым күйлі болса, ол қой қашыруға да соғұрлым жарамды болады»,— деп соққан. Бұл жаңалық та емес, мәдениеттілік те емес. Бұл — вульгарлық, дөрекілік, оспадарлық.

Газет, журналдар жұмысшыларға да, колхозшыларға да, оқушыларға да, интеллигенцияға да арнап жазады. Солардың әрқайсысына бағышталған материалдардың тіл қолданысында, түсіндіру, талдау тәсілінде ерекшелік болуға тиісті. Әр ортаның, әр топтың кәсібіне, мамандық міндетіне, еңбек дағдысына лайық тіл, үн табу керек. Сонда ғана материал өз оқушысының жүрегіне жол табады. Міне, мұны ескеру де тіл, стиль мәдениетінің бір көрінісі.

Осында көп жолдастардың айтқанындай, баспасөздегі тіл мәдениетін көтерудің алғы шарттарының бірі — тіл шұбарлауға қарсы тынымсыз, бітім-

сіз күрес жүргізу. В. И. Ленин «Орыс тілін тазарту туралы» заметкасында ұлт тілдерін де түсініксіз сырттан енген сөздермен лайлауға қарсы болды деп түсінгеніміз жөн.

Ұлы көсем небір ауыр, небір шатасқан мәселелерді орыстың өз сөздерімен-ақ тамаша жеткізіп бере алған. Оның тілі буржуазиялық публицистиканың «жаңашылдық» қасиетінен аулақ болды. Ол тілді ұлы идеяларды насихаттаудың күшті құралы деп білді. Сол құралдың мәнін, қасиетін білмей, оны ластап жүрген үстем тап «жазғыштарының» тілін, стилін «философияшыл даңғыр», «кеңсешіл стиль», қатып қалған «ағаш тіл» деп бағалады.

Қазақ тілімен де небір қиын ой-пікірді толық жеткізіп беруге болады. Шоқан кезінде қазақ тілі түркі тілдерінің ішіндегі ең тамашасы, онда поэтикалық қасиет ерекше десе, Ыбырай қазақ тілімен қандай кітапты болса да жазып шығаруға болады деп ана тіліміздің мүмкіншілігін аса жоғары бағалады. Бұл шындық екенін өмір дәлелдеуде. Қазір қазақ тілінде математика, медицина кітаптары шығарылуда.

Бір ескертетін нәрсе: тілді шұбарламайық дегенде әңгіме қазақ тілінің сөздік қорына басқа тілден сіңген, қазір етене болып кеткен атау-терминдер туралы емес, тіл дағдысына айналмаған, өзімізде баламасы бар шет сөздерді аудармай, ретсіз қолдану туралы болып отыр. Тілді «... жеке саудагерлерге тыйым салатын аудандық финанс бөлімінің участковой агенті Сапарбеков бұлармен ауыз жаласып, азын-аулақ мағаришке мәз болып... келеді», «Қолхоз басқармасына (председателіне, — Т. Қ.) «ақірет» («сөгіс» дегені — Т. Қ.) берілді», «Он бес самоход комбайн істейді» деген сияқты шұбарлауды тіл мәдениеті көтере алмайды.

Тілімізден араб, парсы сөздерін аластау қажет деген пікір арақідік айтылып жүр. Мұны қолдауға болмайды. Өйткені, біріншіден, бұл — қазақ тілін дамытып, көгертетін емес, жұтататын тенденция.

Парсы тілінде де қатар жұмсалып жүрген сөздердің бәрін кірме деп атау бір жақты болады.

Олардың көбі ортақ қазына болуы мүмкін.

Қорытып айтқанда, кісінің тілінен, стилінен оның ой өрісі, білімі, мәдени дәрежесі аңғарылады. Маркс пен Энгельс Рейхард деген идеалист фило-софтың тілінен оның тайыздығын, надандығын та-ныған. Рейхард пікірлерінің шағын, жұпынылығы, оның тіл, стилінен айқын көрініп тұрады деген.

Демек, баспасөздің тіл, стилі ондағы журналист-теріміздің біліміне, мәдени дәрежесіне тікелей бай-ланысты.

Н. ДЕМЕСІНОВА

БАСПАСӨЗ ТІЛІНДЕ КӨПТІК ЖАЛҒАУЫН ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазіргі кезде қазақ әдеби тілі ерекше қарқын-мен дамып, жаңа сапаға көшті. Оның стильдік жүй-елері сараланып, әдеби нормасы бір ізге түсті. Әдетте, әдеби норма, алдымен, тілдің өзіне тән заң-дылықтарына сәйкес орнығып, оның өзгешелігі мен ерекшелігіне арқа сүйейді. Сондықтан да әдеби тіл-дің қалыптасқан нормасынан ауытқу сол тілдің та-биғатына тән ерекшелігінің бұзылуына әкеп соғады.

Қазақ тілінің ежелден келе жатқан ерекше қасиеттерінің бірі — тілдік амалдарды пайдалануда-ғы үнемділік, неғұрлым аз амалдармен мейлінше көп мағынаны білдіру. Басқа тілдермен, әсіресе, орыс тілімен салыстырғанда, байқалатын осы бір өзіндік ерекшеліктің айқын бой көрсететін тұсы — зат есімнің көптік категориясының берілуінде. Әдетте, зат есімнің көптік мағынада қолданылса, оған осы мағынаны үстейтін **-лар, -лер, -дар, -дер, -тар -тер** жалғауы жалғанады. Осы тұста тілдік амалдарды үнемдеп пайдалану қасиеті кейбір сөз

тіркестерінің құрылысынан көрінеді. Мәселен, тіркестегі зат есімнің алдында сан есімнен болған анықтауыш тұрса, зат есімге көптік жалғауы жалғанбайды. Мысалы: Атырау, Арқа жерінде екі облыс шаңырақ көтеріп, отау тікті («Соц. Қаз.», № 126, 1973). Совхозда он бес ұлт өкілі еңбек етеді («Қазақ әдебиеті», № 31, 1973 ж.). Тек өткен оқу жылында бұрынғының үстіне 325 он жылдық мектеп қосылды («Қаз. әдеб.», № 39, 1973 ж.). Осы мысалдардағы **екі облыс, он бес ұлт өкілі, 325 мектеп** деген сөз тіркестеріндегі көптік мағынаны анықтауыштар үстемелеп тұр. Сондықтан зат есімдерге көптік жалғауы жалғанбаған. Зат есім көптік мағынаны білдіретін **бірнеше, бірсыпыра, бірталай, барлық, көп, қыруар, бір топ, бір үйір** тағы да сол сияқты сөздермен тіркескенде де көптік жалғауын жалғамайды, мысалы: «Олқылық» — ақын өзі бірнеше жыл араласып көрген Қарсақпай өндірісіне арналған поэма (М. Әуезов). Өзі де көп кітапты біліп, айналасында жүргендерді де Шығыс әдебиет үлгілерімен мол таныстыра жүреді (Сонда). Ендігі бірталай жыл Қараөзектегі сол Далдабайдың ауылында өтеді. Әбділдәнің тағы бір топ поэмасы, тарихи тақырыптарға, тарихи аңызға сүйеніп жазылған (М. Әуезов). Мына бір үйір жылқыны саған айдап келе жатқан болар (Ғ. Мүсірепов).

Осындай жағдайдағы үнемділік қасиеті тек қана қазақ тілі емес, басқа да түркі тілдеріне тән¹.

Көптік мағынаны білдірудегі қазақ тілінің осы бір заңдылығы әдеби нормаға айналды. Әрине, бұл ережеден ауытқып кететін бірен-саран мысалдар да кездесуі мүмкін, бірақ олардың әрқайсысының өзіне тән стильдік мақсаты болуға тиіс. Проф.

¹ Дмитриев Н. К. Детали простого предложения.— В кн.: Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. Синтаксис. Ч. III, М., 1961, с. 35; Кононов А. Н. Грамматика современного узбекского литературного языка. М.—Л., 1960, с. 83; Кононов А. Н. Показатель собирательности-множественности в тюркских языках. Л., 1969; Щербак А. М. Формы числа у имен в тюркских языках. «Вопросы языкознания», 1970, № 3.

М. Б. Балақаев осы ережеге сыймайтын мысал ретінде ақын Тайыр Жароковтың «Мың-мың қолдар, Миллион милар, Милар миллион қимылдар» деген өлең жолдарын келтіреді де, ондағы **қол, ми** зат есімдерінің неге көптік формада тұрғанын дәлелдейді. Бұл жерде **қолдар, милар** деген сөздер өз мағынасында айтылмай, синекдоха ретінде **қолданылып, қимылдар** деген сөзбен үйлесу үшін көптік жалғауын жалғап тұр екен ².

Бұл тәрізді синекдоха қолданған сөз тіркестері көркем проза тілінде де кездеседі: Мысалы: Пышақтай өткір сан мың тістер мен тастай қатты тұяқтар жеп қойып, құрытып жатыр (Т. Ахтанов).

Осындай белгілі бір стильдік мақсатта қолданғанда болмаса, аталған сөз тіркестерінде зат есімге көптік аффиксі жалғанбауы тиіс. Бірақ осы жақсы ерекшелік әдеби тіліміздің барлық стиль жүйелерінде бірдей ескеріле бермейді. Әсіресе, мерзімді баспасөз, ғылыми әдебиет стилінде бұл ереже мұқият сақталмай, нормадан ауытқу жиірек ұшырайды. Мысалы: партия ұйымында 165 партия мүшелері бар (16 апрель, 1973 ж., радиохабар), СССР-да 34 мың **колхоздар** мен 15 мың **совхоздар** бар («Қазақ ауыл шаруашылығы», № 10, 4-б., 1972). Бір граммшаңда 130 мың әртүрлі **бактериялар** жүреді (Ғалам ғажайыптары, 950). Солай бола тұрса да, екі **жас қыздар** үшін жанын беруге бар («Қаз. әдеб.», № 105, 1973). Есеп беру жиналысына 8200 адам қатысты, оның ішінде 3009 **сайлаушылар** жарыс сөзге шығып сөйледі («Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабарлары», 1971, № 5, 32-б.). Бесжылдықтың басынан бері 83 мың өңертапқыштық **ұсыныстар** жасалды («Соц. Қаз.», 1973, № 128).

Осы мысалдардағы зат есімдерге **-лар** жалғауын жалғамай-ақ, **165 партия мүшесі, екі жас қыз, 3009 сайлаушы, 83 мың ұсыныс** болып айтылса, әдеби нормаға әлдеқайда сыйымды болар еді. Мына төменде келтірілген мысалдардағы сөз тіркестерін-

² Балақаев М. Көптік жалғау.— «Қазақстан мұғалімі», 1940, № 5, 46—47-б.

де де зат есімдерге **-лар** аффиксын қоспай-ақ айтуға әбден болады. Біздің институт түлектерін кеңбайтақ Қазақстанның барлық түкпірлерінен кездестіретін едік («Қаз. әдеб.», 1973, 10 май). Бұдан көп жылдар бұрын біздің ақындық мәдениетіміз де төмен болатын (Сонда, 1973, 12 май). Осы көрсетілген шабындықтарда шөпті шабу үшін бірнеше технологиялық **схемалар ұсынылды**. (Батькаев, Шоқанов, 16-б.). Әдеттегі сүрлеммен салыстырғанда бірқатар **артықшылықтары** бар (Сонда). Республиканың жоғары, орта арнаулы оқу орындарында жүз мыңға жуық **студенттер** өнердің әліппе мектебінен өтуде («Қаз. әдеб.», 1973, 12 июнь). Көптік аффиксін қолданудағы тіліміздің үнемділік қасиетін жоққа шығарып тұрған мынандай мысалдар да жиі ұшырайды: Бір топ **жолаушылар** поезд күтіп жүр (радиохабар, 1973, 18 апрель). Біз, бір топ **жастар**, міне бүгін техникумды тәмамдап республиканың шартарабына аттанғалы отырмыз («Лен. жас», 1973, 28 июнь). Бауырлас Украина республикасынан келген бір топ **механизаторлар** жақсы еңбек үлгісін көрсетті (радиохабар, 1973, 13 октябрь). Көптік мағынаны басы артық үстемелейтін осындай тұстар, біріншіден, әдеби тілдің нормасынан ауытқу болса, екіншіден, қазақ тіліне тән тілдік амалдарды пайдаланудағы үнемділікті бұзу, қала берді ана тіліміздің өзіндік ерекшелігіне қиянат жасау. Әдеби тілдің нормасынан бұлайша жөнсіз ауытқу орыс әдеби тіліндегі анықтауыш пен анықталатын сөздің қиысу үлгісіне сүйенгендіктен дер едік. Мәселен, орыс тілінде анықтауыш көптік формасында тұрса, анықталатын сөз де әрдайым көптік тұлғасымен түрленеді.

Үнемділіктің тағы бір түрі мынадай жағдайда көрінеді. Қазақ тілінде зат есімдердің біразы көптік мағынада қолданылып тұрғанымен, **-лар** жалғауынсыз-ақ айтыла береді. Бұл топқа аң, мал, құс сияқты жалпы есімдер; түр, тұқым ұғымын білдіретін жылқы, қой, сиыр тағы да басқа, сол сияқты зат есімдер жатады. Мысалы: Қазіргі кезде табиғатты қорғауға бағытталған шаралар ішінде жер,

су, ормандармен қатар аң мен құсты да қорғау қажет деп табылған («Қаз, әдеб.», 1973, № 120) Сиыр жеті жүздей, жылқы бес жүздей, түйе де көбейген екен (Сағымбаев). Осы мысалдардағы **аң, құс, сиыр, жылқы, түйе** деген зат есімдер көптік мағынаны білдірін тұр, бірақ оларға аңдар, құстар, сиырлар деп **-лар** көптік жалғауын жалғаудың ешбір қажеті жоқ. Өйткені бұл сөздердің лексикалық мағынасы контекстен де айқындалып тұр. Осы жағдай тілдік тәсілдерді үнемдеп қолдануға болатынын дәлелдейді. Тек қана айтылған зат есімдердің әрқайсысын жекелеп, даралап көрсету керек болған жағдайда ғана осындай зат есімдерге көптік жалғауы жалғанады. Мысалы, Жігітектерді сүйреп-сүйреп алып шығарып жатыр (Әуезов). Мұндағы жинақтау мағынасында қолданылып, өзі де көптікті білдіретін жігітек деген зат есімге **-тер** аффиксінің жалғану себебі — жігітектердің әрқайсысын жекелеп, даралап шығарып жатқанын баяндау. Кейде аталған шөп, жеміс, не малдың түрін, тұқымын, сортын ажыратып, даралау керек болса, **-лар** аффиксі жалғанады. Қызылорда қарбыздарының қайсысы болсын жақсы. Алматы алмаларының жақсысы — апорт. Басқа жағдайда тек қана көптік мағынасын білдіру керек болғанда, айтылған зат есімдер **-лар** аффиксін қоспай-ақ айтылуға тиіс.

Көптік мағынаны білдіретін зат есімдер қатарына **арғын, үйсін, өзбек, қырғыз** сияқты ру, тайпа, халық, ұлт атауларын; **алма, өрік, қауын, қарбыз** тәрізді жеміс пен оwoц атауларын; **арпа, бидай** сияқты дәнді дақыл атауларын; **сақал, шаш, жүн** сияқты санауға келмейтін заттардың атын, **ар, намыс, ой, көңіл** сияқты абстракт мағыналы сөздерді жатқызуға болады.

Өкінішке қарай, тіліміздің осы бір ерекшелігі де үнемі ескеріле бермейді. Сондықтан нормадан аурыпсыз ауытқулар болып жатады. Мысалы: Төбе /**шаштары** тік тұрды («Лен. жас», 1973, 11 февраль). Әсіресе, қыста, шырынды **азықтар** тапшы кезде, сүрлем малдан алатын өнімді едәуір арттырады.

(Батькаев, Шоқанов. Жемшөпті даярлау технологиясы, 1972). **Төлдерге** арналған ең қолайлы сүрлем түрлері осылар (сонда). Биязы жүнді **қойлар** қазақ қойындай оттыға алмайды (Ермеков). Осы мысалдардағы **шаш, төл, азық, қой** сөздері табиғатында жиынтық, яғни көптік мағынаны білдіреді. Сондықтан бұл жерде осы зат есімдерге көптік жалғауының жалғануы мүлде ретсіз. Бұл — қалыптасқан нормадан ауытқу деген сөз. Мұндай ауытқулар, әсіресе, абстракт мағыналы сөздердің қолданылуында ~~өте~~ жиі кездеседі. Күнделікті баспасөзден алынған мына мысалдарға көңіл аударыңыз. Партия қойған талапқа сай принципті сындар жарық көре бастады («Қаз. әдеб.», 1973, 24 март). **Алыстар** шақырады («Лен. жас», 1972, 16 октябрь). Осы қысқа мерзімде бұл жас коллектив өз **өнерлерін** мыңдаған көрермендерге танытып үлгерген («Лен. жас», 1973, 20 май). Бірақ бізге және жұртқа да жаңа **қуаныштар** керек емес пе? («Қаз. әдеб.», 1973, 20 март). Қазақстанның егіс далаларында қазіргі уақытта он мыңнан астам трактор жұмыс істейді («Қазақ ауыл шаруашылығы», 1972, № 10, 33-б.). Ең таяу **уақыттарда** совхоздардың көпшілігі түгелімен шаруашылық есепке көшіріледі (сонда). Бұндай мағыналы сөздерге көптік жалғауын жалғау әдеби тіл нормасына сыймайды. Жинақтау мағынасында қолданатын **азық-түлік, ыдыс-аяқ** тәрізді қос сөздерге де көптік жалғауы жалғанбауы тиіс. Күйеуді қоршаған **қыз-келіншекте** сан жоқ (М. Әуезов). Ауылға керек, қонақ-қопсыға керек **қант-шай** сияқты алатын зат көп (сонда). Қаланы **бау-бақшаға** бөлеу ерекше ұқыптылықпен іске асырылуда («Қаз. әдеб.», 1973, 12 май). Бірақ бұл заңдылықтың да сақтала бермейтінін мына мысалдардан айқын көруге болады: Жұмыс кезінде қолданылмайтын **құрал-жабдықтар** тек арнаулы орында ғана сақталады. (Батькаев, Шоқанов, 32-б.) **Түрпі** шаң-тозаңдармен ластанбау үшін ашытқының бетін жауып, көлеңкелі жерде сақтайды (сонда, 44-б.). Кейбір фермалардың айналасы **көң-қоңыстарға** толып, алабота қаптап кеткен («Қазақ. ауыл

шаруашылығы», 1972, № 10, 45-б.). Қазіргі баспасөз тілінде жиі кездесетін осы тәрізді әдеби нормадан ауытқулардың себебі, біріншіден, орыс тіліндегі сөз тіркестерінің қиысу үлгісіне сүйенгендік болса, екіншіден, аудармалардағы салдыр-салақтық. Ана тіліміздің ерекшелігіне ден қоймаған аудармашы өзге тілдің ықпалында болғандықтан, сол тілге тән сөз тіркесінің тәсілін де қалықталаған. Аудармада кеткен осындай шалағайлық бара-бара газет публицистика стилінде, ғылыми әдебиетте дағдыға айнала бастайды. Әдеби тілден орын тебуге «құлшынып» тұрған мұндай дағды екі тілді интеллигенцияның кейбір өкілдерінің сөйлеу және жазу тәжірибесінен де қолдау тауып отыр.

Сөз соңында айтарымыз: тіліміздің бітім тұлғасының өзіндік ерекшелігіне нұқсан келтіретін мұндай жөнсіз ауытқуларды жүгенсіз жіберуге болмайды.

Ана тіліміздің тазалығын көздің қарашығындай қадағалап отырған жөн.

3. АҚЫШЕВ

АУДАРМА МӘДЕНИЕТІН СӨЗ ЕТЕЙІК

Ресми документ дегеніміз орталықтан бастап жергілікті жерлердегі мекемелердің қаулы-қарарлары, бұйрық-жарлықтары, басшы қызметкерлер мен мамандардың сөйлеген сөздері, жазған баяндамалары, мекеме аттары ғой. Демек, бұлардың оқылмай қалатыны, талқыға түспей қалатыны жоқ, өйткені ол документтерде қойылған талаптар, міндеттер орындалуға тиіс. Солай болғандықтан бұл документтер орындаушыларға мейлінше түсінікті, мейлінше жатық болуы керек. Ресми документтер

бізде, әдетте, аударма болып келеді. Көбінесе олар орыс тілінен аударылады. Сонысына қарамай аударма қазақтың өз тілінде жазылғандай жымдасып, қиюласып тұруға тиіс.

Ресми документтерді аударғанда, оригиналдан (түп нұсқадан) ауытқып кетпеу талабы қойылады. Бұл, әрине, дұрыс талап. Оригиналдың мағынасын бұрмаламай, оқушыға дұрыс жеткізу керек.

Бірақ осы «оригиналдан ауытқымау» талабын сыңаржақ қолданып кететіндік бар. Сондықтан кейде аударма қазақ тілінің заңдарына сай келмей, «сіресіп» тұратыны бекер емес. Сырт қарағанда кейбір аударма орыс тіліндегі әр сөздің баламасын сөздіктен тауып-тауып алып, орын-орнына қоя салған сияқты болып көрініп тұрады. М. Ешмұхамедов жолдас мақаласында айтқандай, орысша «по» предлогы тұрған жердің бәріне де **жөніндегі** немесе **бойынша** сөзін керегі болсын-болмасын қыстыра береміз.

Жақында Алматы радиосының дикторы радио мен телевизия хабарларының программасын айтып жатты. Сонда ол «по радио» дегенді **радио бойынша** деді. Осы арада **бойынша** сөзінің не керегі бар? «Радиодан мынадай хабарлар беріледі» десе, әлдеқайда жатық болар еді ғой. Немесе: «**О мерах по улучшению...**» деген тіркесті (мұндай тіркес, әдетте, қаулы-қарарларда, бұйрық-жарлықтарда көп ұшырайды) аударғанда, оригиналдағы сөздердің саны түгел болсын деп... «**жақсарту жөніндегі шаралар туралы**» деп сөйлемді ауырлатып, ыбырсытып жібереміз. Осыны «**...жақсарту шаралары туралы**» десе де жетпей ме!

1959 жылы шыққан қазақша календарьдың алғашқы беттерін ашып қалғанда **күннің сақина тәрізді тұтылуы 1969 ж. 18 мартта болады** дегенді оқып қатты қынжылдық. «Сіреспе» аударма екені көрініп тұр. Егер редакциядағы жолдастар ойланса, мұның дұрысы — «1969 жылдың 18 мартында күн сақина тәрізденіп тұтылады» екенін табады ғой.

Сату жүргізіледі, жөндеуден өткізу тәрізді тіркестер де осындайдан шыққан.

Қ. Сағындықов жолдастың пікірі бойынша аудармашының орыс тіліндегі тіркесте жоқ бір ауыз сөзді өз жанынан қосуға да, онан бір ауыз сөзді қалдырып кетуге де ешбір правосы жоқ.

Біз осы тұжырымға қарсымыз. Біріншіден, көп жылғы тәжірибемізде орыс тіліндегі тіркесті аударғанда сөйлемді жатық ету үшін қажетті сөзді жанымыздан қосып жүрміз. Мысалы: «...жылдары халық шаруашылығын өркендетуге **арналған жоспар**» деген аудармада орысшасында жанымыздан қосқан сөз (арналған) ойды шындамаса, бүлдірген жоқ. Демек, аударған кезде тексттің мазмұнына қарай орыс тіліндегі нұсқасында жоқ сөзді қосуға болады. Сол сияқты мағынасына нұқсан келтірмей, тастап кетуге де болады.

Оригиналдан ауытқып кетпеу деп сақтану салдарынан туған мынадай жайлар да бар. Қазақ ССР Қылмыстық істер жүргізу кодексінің 363-статьясы орысша былай делінеді екен: «Лица, уполномоченные на **принесение протеста** в порядке судебного надзора». Осы сөйлем қазақшаға: «Сот бақылауы **тәртібімен протест келтіруге** өкілдігі бар адамдар» деп аударылыпты (Қазақ ССР Қылмыстық істер жүргізу кодексі, 1964 жыл, 205-б.). Мұның дұрысы: «Сот бақылауы ретінде (тәртібімен емес) наразылық білдіруге өкілдігі бар адамдар» деп аудару ғой.

Аударма нашар шықса, аудармашыдан басқа кінәлі жан жоқ сияқты көрінеді. Бірақ әрдайым олай бола бермейді. Кейде аудармаға қатысы жоқ кейбір жолдастар белден басып «осылай болсын» деп қол қойып бекітіп тастай салады. Аударма сапасы әкімшілікпен жақсармайды, аудармашының, журналистің творчестволық еңбегімен жақсарады. Сондықтан аударма тағдырын шешетін солар болуға тиіс.

Ендігі бір айтайық дегеніміз — әр түрлі мекеме аттарының аудармасы жөнінде. Осы мәселе республикалық газеттерде талай көтерілді. Бірақ жақсарып кеткен шаруа шамалы.

Сөзді қысқартып алу қазақ тіліндегі ресми документтерде жоқ, ал орыс тілінде кеңінен қолданылады. Мысалы, (Госплан Казахской ССР) Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, (Госстрой Казахской ССР) Қазақ ССР Құрылыс Істері жөніндегі мемлекеттік комитеті, облыстық атқару комитеті, облісполком деп көбейтіп, шұбатып алып жүрміз. Осыларды мүмкін Қазақ ССР Жоспаркомы, Қазақ ССР Құрылыскомы, облатком деп қысқартып алғанымыз жөн болар (ерте кезде облатком, ауатком делінетін). Бірақ бұл сияқты қысқартуға өте сақ болған жөн, күлкі тудыратын қысқартуларға жол берілмеуге тиіс.

Қазсовпрофтың (Казахский республиканский совет профессиональных союзов) қазақшасын барлық жерде, барлық газет «Кәсіподақтардың Қазақ республикалық советі» деп жүр. Ал өзінің кіре берістегі маңдайшасында: «Қазақ республикалық кәсіпшілер одақтар советі» болып жазылыпты. Мұның алғашқысы, әрине, дұрыс. Ал осынша құрметті мекеме өз атын өзі неге дұрыс атамайды?

Жамбыл мен Мир көшелерінің бұрышында «Зал истории реконструкции города Алма-Аты» бар. Мұның қазақшасы: «Алматы қаласын қалпына келтіру тарихының залы». Сонда бұл қай қалпына келтіру? Бұл арадағы реконструкция «жаңадан салу» мағынасында айтылып тұрған жоқ па?

«Министерство бытового обслуживания населения Казахской ССР» дегенді терминком «Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігі» деп бекітіпті. Біздіңше, бұл арада «халықтың тұрмыс қажетін» болу керек. Кейде сөйлем ішінде ілік септік **-тың, -тің, -ның, -нің** жалғауы көбейіп бара жатса, сөйлемге нұқсан келмесе, кейбіреулерін қалдырып кететіндік бар. Сөйлемнің көркем шығуы үшін ол дұрыс та. Бірақ аталған атауда көп қайталанып тұрған жалғау жоқ.

СССР Министрлер Советінің іс басқармасы «Краткий справочник по написанию отдельных наименований, слов и словосочетаний при подготовке документов в аппарате Совета Министров

СССР» деген анықтама шығарып тұрады. Сондай анықтама қазақ тілінде де керек-ау.

Бұл арада мынаны да айта кеткіміз келеді. Мекеме аттарының (ол мейлі, республикалық, мейлі селолық, аудандық болсын — бәрі-бір) атауларын, олардың бір тілден екінші тілге аудармасын белгілі бір ресми орын — республикада терминком, облыстарда, аудандарда оның жергілікті органдары бақылауға алып басқарып отырса дейміз. Осының ұсынысын республикалық, облыстық, аудандық Совет атқару комитеттері бекітіп отырса дейміз.

Олай болмаған күнде әркім өз ойына келгенін (кейде білмегендіктен, кейде немқұрайды, жауапсыз қараудың салдарынан) жаза беретіні бола бермек.

Т. ЕРМЕКОВ

КЕЙБІР ОҚУЛЫҚТАР ТІЛІ МӘДЕНИЕТІН СӨЗ ЕТСЕК

Ана тіліміздің белгілі бір қалыпқа, түбірлі бір жүйеге, ағыны таза арнаға түсер кезі келген тәрізді. Бұл жөнінде тіл білімінің көрнекті ғалымы, профессор М. Балақаев тіл мәдениетін жан-жақты зерттеп, көп ізденіп, бұрын-соңды болмаған «Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері» атты алғашқы көлемді еңбек жариялауы қайсымызға болса да, бір ризалық сезім тудырғандай. Мұндай өмірлік мәні бар мәселені жаңа өлшем, айқын мазмұнға бағыттау мақсатында жазылған мақалалар бізді қуантады, бірақ неге аз деп те сұрақ қоямыз. Халықтың тіл мәдениеті сияқты үлкен істе кейбір

сәтсіздік те, әлдеқандай дәлелсіз айтылған пікірлер де кездесуі ешкімді таңдандырмауы тиіс. Өйткені бұл қазақ тіл білімі ғалымдары еңбектерінің жаңа бір саласы болып отыр. Сондықтан да бұрын жүрмеген жолдың ой-шұқырына сүріну, қалтарысында қақтығысу заңдылық тәрізді.

Қазалының ғалымы, Ақбұлақтың ақыны болмай, олардың ғана диалектісімен сөйлемей, халықтың ғалымы, қазақтың ақыны болғанға не жетсін! Әр ғалым өз пікірін ғана мақұлдай бермей, басқалардың аргументтерін де объектілікпен терең үңіле қараса, ісіміз жемісті болуы сөзсіз емес пе?

Тіл мәдениеті жөнінде мектеп мұғалімдері мен оқулықтарына қойылатын талаптың өзінше аса маңызы барлығы әркімге аян. Жас ұрпаққа ана тілінің сыр-сипаты алғаш рет ұстаз бен оқулықтар арқылы жетеді. Орынды сөйлеп, дұрыс жазуға үйретуде оқытушы мен оқулық авторына аса жауапты міндет жүктеледі. Академик Қажым Жұмалиев айтқандай, «қалауын білсе, жай сөйлемнің өзі де жайнап кетеді». Сол қалауды оқушы ұстаз бен оқулықтан үйренеді. Сонда оқулықтардың барлығы тіл мәдениетінен кемшіліксіз бе? Жоқ, олқылықтар аз емес.

Шайқы Кәрібаев құрастырған «Әдебиеттік оқудың» VII класқа арналған 1968 жылғы басылуын алайық (8-басылуы). Осы оқулықтың 16-бетінде былай дейді: «Ақжүністің қарт Қожақ туралы, өзі туралы айтқандары сипаттау, мінездеу түріндегі **сөйлеу** болады» делінген. Мұндағы «сөйлеу боладыны» айтпай, «сипаттау, мінездеу деп аталады» десе, дәл ұғым берер еді. Тағы осы беттегі «Бұл толғау сөйлеудің **монолог** түріне жатады» дегенді — «толғаудың **монолог** түріне жатады» десе, мағынасы дәл, түсінуге жеңіл болатын сияқты. Осындай монологтың бір алуан түрі — «Тарғынның жау қамағанда қару-жарағына қарата айтқан сөзі» дегенде, «алуан» сөзі сөйлемнің мағынасын дұрыс түсінуге нұқсан тигізіп тұрған сияқты. «Бір алуан түрі» дегенде, «бірнеше түрі» деген ұғым беріп тұр. Дұрысында «бір алуан түрі»

емес, — бір түрі ғана болу керек. 22-бетте «Әкесі Өтеміс өз ортасына аты белгілі, пысық, ділмар адам болыпты» дегенде, «пысық, ділмар» бірыңғай мүше ретінде саналып, үтір қойылмаған. «Тілмар» сөзі «ділмар» болып жазылған. Мұндай дублет сөздердің этимологиясына үңілу дұрыс болар. Оқулықтағы жаттығуларда берілетін тапсырмалар көбінесе нақты не орындау керек екенін айтпай, «байқандар, көріндер, ескеріндер, аңғарындар» деген жалпы меззеумеш келеді. Барлық жаттығуларда да біркелкі сөздер қайталанып, сөйлемнің ажарын кетіріп тұр. Мысалы, 25-беттегі жаттығуда: «1. Өлеңнің жалпы қандай сезім үнімен жазылғанын байқандар? 2. Өлең жалпы көңілге қандай сурет әсерін елестететіндігін байқандар» (26-б.) делінген. Жол сайын «жалпы» сөзін қайталау неге керек? Оқушының орындайтын жұмысы неге нақты көрсетілмейді? Мұнда мен ойдың нақты айтылуын керек етіп отырмын.

«Абай өлеңдері туралы» деген тақырыпта (34-б.): «Лирикалық өлеңдер мазмұнына қарай түрлі-түрлі болады. Мысалы: табиғат лирикасы, қоғамдық лирика, көңіл-күй лирикасы» десе, сол бетте тағы «Тақырыбына (мазмұнына) қарай қоғамдық лирика әр алуан болады» — делінген.

Лирикалық өлеңдер мазмұнына да, тақырыбына да қарай түрлі-түрлі болатыны әркімге аян. Мазмұны мен тақырыпты оқушыға бір мағынадағы сөз ретінде беруге болмайды. «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Ғылым таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр» және Әбіш туралы өлеңдері оқу, білім, өнер тақырыбына жазылған шығармалар болуымен қатар әрқайсысының өзіне тән мазмұны да бар.

«Ер туралы жырда» және оқулықты құрастырушы Ш. Қәрібаев жолдастың бұл жыр туралы берген түсінік материалында Москваны жаудан қорғаған 28 панфиловшы батырларды түгел қаза тапқан деген. Жыр 1942 жылы жырланған. Ол кезде баспа беттерінде солай түгел өлген деп жазылғаны рас. Кейіннен 28 панфиловшы батырлар-

дың ішінен төртеуі аман қалғандығы анықталды (Москва түбіндегі шайқас жинағы «Дружные ребята» газетінде). Олар: Илларион Васильев, Иван Шадрин, Григорий Шемякин, Дмитрий Фомич Тимофеев. Осы оқулықтың 125-бетіндегі бір нәрсе мен екінші нәрсені салыстыра теңеу орнына «салғастыру» сөзі қолданылған. Түсіндірме сөздікте де салыстыру мен салғастыру бір мәнде. Сонда екеуі де әдеби тіл нормасына кіре ме? Болмаса, ауызымызға қайсысы бұрын түссе, соны айта береміз бе?

108-беттегі жаттығуда «**Әңгіменің уақиғасының** даму ретіне қарай жоспарын анықтаңдар» делінген. Бұл сөйлемнің бірінші сөзін атауда айтса, сөйлем үні құлаққа жақсы естілетін сияқты.

«Оқиға» мен «уақиға» сөздерінің критерийі сөздіктерде айқын көрсетілмегендіктен, бірінің орнына бірі қолданыла беріп жүр. «Уақиға» (событие) белгілі бір тарихи кезеңде не көркем әдебиетте суреттелген жайттың мазмұны уақиға делінуге тиіс, ал «оқиға» болса, кенеттен, тұтқиылдан бұрқеткен, қысқа мерзімде пайда болған, көбіне жағдайсыз жайт боп келеді (случай).

«**Хош**» пен «**қош**» сөздерінің емлесі жөнінде **бі-рер** сөз. Бұл сөздер туралы «Орфографиялық сөздікте»: **Хош** — көңіл хошы, хош иіс деп көрсетілген. Ал **қош** — қош бол, қош келдіңіз, дегенде жазылады делінген. «Түсіндірме сөздікте»: **хош** келіпсіз — келгеніңіз орынды болды. Шырағым, **хош** келдіңіз төрге озыңыз... (Әлімбаев) делінген. Бірден осындай қайшылыққа кездесесіз. Көңіл **хошы** — зауық, көңіл күйі. Оның да көңілінің болмай **хошы** (Есенберлин). «**Қош** келдіңіз» екі сөздікте екі түрлі жазылған. «Түсіндірме сөздікте» «**Хош** иіс — жұпар иіс, енді бір жерінде «**Қош** иіс — жұпар сасыған жақсы иіс» деп бір мағына, бір тұлғадағы сөзді екі түрлі жазады. Академик Қажым Жұмалиев: «Тұрғанда гүлдің нәзік **қош** иісі, Жанға сая секілді денеңе азық», — деп жазады. Халық ақындары да «**Көркіне** көңілім **қош** болып» дейді. Ақын Ғ. Орманов та «**Көңілім**

қош сен тұрғанда туған жерім» деп, көңіл хошын байырғы «қ» арқылы жазады. М. Әлімбаев жоғарыда «Шырағым, **хош** келдіңіз, өрге озыңыз» десе, енді бір ақын «**Қош** келдің, құттықтаймын. Бірінші май...» — дейді.

Айтайық дегеніміз: бір мағынада, бір тұлғадағы «қош» сөзін әр автор әр түрлі етіп жазып келеді. Сөздікте авторлар қалай жазса, солай берген. Бұл жөнінде мектеп мұғалімдеріне көптеген қиындықтар кездесіп жүр. Қандай ережеге жүгінерін білмей жүр. Мектептерде «Добро пожаловать» дегенді «Хош келдіңіз!», «Қош келдіңіз!» деп түрліше жазып жүр. Дұрысын айта алмай бізде жүрміз.

Осындай түсініксіз жәйттер аз емес, осылар бір белгілі жүйеге түссе екен дейміз.

IV. СӨЗ ҚОЛДАНУ МӘДЕНИЕТІ

А. ӘБДІРАХМАНОВ

ТІЛ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ ТЕРМИНОЛОГИЯ

Терминдер әдеби тіліміздегі ең актив сөздердің қатарына жатады. Термин сөздердің жасалуы және қолданылуы, олардың дұрыс жазылуы сияқты мәселелер тіл мәдениетінің үлкен бір кесек саласы болып табылады. Сол себептен біз бүгінгі сөзімізді терминологияның тіл мәдениетінен алатын орны, термин сөздерді жасаудағы және оларды бекіту ісіндегі Қазақ ССР Министрлер Советінің жанындағы Терминология комиссиясының атқарып жүрген жұмыстары, кейбір ғылым саласына қатысты сөздердің дұрыс жазылуы сияқты мәселелерге арнамақпыз.

Қазіргі қазақ тілінде қолданылып жүрген терминдер бірден жасалып, бірден қалыптасқан жоқ. Халық ағарту, мәдениет және кейбір ғылым саласына байланысты терминдер 20-шы жылдары жасала бастады. Ол кезеңде, әсіресе, қоғамдық пәндердің термині көбірек жасалды, алайда сол жылдары термин сөздерді жасаудың бірыңғай қалыптасқан принципі болған жоқ. Термин жасау мәселесі төңірегінде түрлі жиналыстарда да, баспасөз бетінде де қызу айтыс-тартыс та болып отырды. Терминді қолдану ісінде ала-құлалық күшті болды, өйткені ол кезең терминдер жасалуының балаң, алғашқы, соны дәуірі болатынды. Әдеби тілдің жасау процесіндегі жаңа сөз, термин жасау ісіне қоғам қайраткерлері С. Сейфуллин,

Б. Майлин, І. Жансүгіров сияқты көрнекті жазушылар, жалпы қауым белсене қатысып отырды.

Термин сөздерді жасау және оны тұрақтандыру ісінде 1935 жылы өткізілген Қазақстан мәдениет қызметкерлерінің съезі үлкен роль атқарды. Съезде термин жасауда ана тілінің ішкі мүмкіншілігін пайдалану және интернационалдық терминдерді өзгертпей алу жөніндегі профессор Құдайберген Жұбановтың жобасы қабылданды. Сөйтіп, термин жасау, қолдану саласында бұл жаңа бағыт, жаңа бетбұрыс болды.

1945 жылдан бері Қазақ ССР Министрлер Советінің жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы үзбей жұмыс істеп келеді. Ал 1925—1945 жылдар арасында бұл жұмысты Қазақ ССР Халық ағарту комиссариатының жанындағы Методикалық бюро атқарып келген-ді. Мемлекеттік терминология комиссиясы — қазақ тіліндегі халық шаруашылығы, ғылым, техника және мәдениет салаларымен байланысты терминдерді бекітетін, термин сөздердің жазылуын ретке келтіретін және оның республика көлемінде қолданылуын бақылап отыратын мемлекеттік орган.

Терминология ісіне партиямыз бен үкіметіміз жете көңіл бөліп, үлкен қамқорлық жасап отыр. Қазақ ССР Министрлер Советі 1971 жылғы 6 декабрьдегі 670 санды қаулысымен Мемлекеттік терминология комиссиясының жаңа құрамын бекітті. Бұл қаулы бойынша Қазақ ССР Министрлер Советінің жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясының 39 мүшесі бар. Мемлекеттік терминология комиссиясының председателі — Қазақ ССР Министрлер Советі Председателінің орынбасары Қ. Б. Біләлов жолдас. Аталған қаулы бойынша Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі І. Қ. Кеңесбаев, Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі М. Қ. Қаратаев, «Қазақстан коммунисті» журналының Бас редакторы Қ. С. Сағындықов жолдастар Мемлекеттік терминология комиссиясы председателінің орынбасары болып тағайындалды.

Қазақ ССР Министрлер Советінің 1972 жылғы 25 апрельдегі 252 санды қаулысымен Мемлекеттік терминология комиссиясының правосы мен міндеттері туралы жаңа «Ереже» қабылданды. Бұл қаулы бойынша Терминология комиссиясы тек термин мәселесімен ғана емес, терминдердің және терминге қатысты сөздердің, мекеме аттарының дұрыс жазылуын бекітетін және қадағалайтын, терминологиялық сөздіктерді жарыққа шығарып отыруы ісімен, т. б тіл мәдениеті, сауаттылыққа қатысты жұмыстармен шұғылданатын орган болып табылады.

Енді Қазақ ССР Министрлер Советінің осы қаулыларын іске асыру жөнінде Мемлекеттік терминология комиссиясының жүргізіп жатқан жұмыстары туралы қысқаша баяндап өтелік.

1972 жылдың басынан бері Қазақ ССР Министрлер Советінің жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясының 10 рет мәжілісі болды. Мұнда геология, техника, құрылыс ісі, юриспруденция, машина жасау, психология пәні, кино салаларының 403 термині қаралып бекітілді. Оның үстіне Мемлекеттік терминология комиссиясының екі мәжілісінде республикадағы 125 министрлік, мемлекеттік комитет, басқарма, мекеме, ұйым аттары бекітіледі. Сөйтіп, осы мәжілістерде барлығы 528 термин, терминдік тіркес және мемлекеттік мекеме аттары бекітіліп, барлығы да ҚазТАГ арқылы республикалық және облыстық баспасөз бетінде жарияланды. Мұның бәрі Мемлекеттік терминология комиссиясының қызметі соңғы жылдары жандана түскендігін дәлелдейді.

Ендігі сөзімізді біз екі мәселенің төңірегінде түйіндегіміз келеді. Біріншісі осы бекітілген терминдердің кейбір жағдайлары мен заңдылықтарын түсіндіруге байланысты болса, екіншісі термин және термин сөздердің дұрыс жазылуы мәселесіне қатысты.

Мемлекеттік терминология комиссиясында терминдерді қарау ісі бірнеше басқыштан тұрады. Ең алдымен терминдер сол ғылымның мамандары арасында, одан кейін терминкомның секретариатында

қаралады, міне осыдан кейін ғана Мемлекеттің терминология комиссиясының үлкен мәжілісінде бекітіледі.

Терминдердің бекітілуінде оның жатықтығы әдеби тілге сіңуі, контекстегі мағынасы, басқа сөздермен қарым-қатынасы т. б. мәселелер мұқият еске алынады. Мәселен, физика, математика және техника салаларында орыс тілінде **колесо**, **круг**, **окружность** деген терминдер бар. Қазақ тілінде **колесо** мен **круг** сөздері көбіне дөңгелек деп қолданылды. Міне, осы жағдай болмауы үшін терминком **колесо** сөзін қазақша **доңғалақ**, **круг** — **дөңгелек**, **окружность** — **шеңбер** деп бекітті.

Жергілікті сөздердің термин жасауда пайдасы көп, бірақ талас тудыратын жақтары да бар. Мәселен, **стекло** сөзін кейбір газеттер **әйнек**, тіпті **стекольный завод** дегенді **әйнек заводы** деп жазды. Бұның дұрыс еместігі ескеріліп **стекло** — **шыны** деп бекітілді.

Надстройка термині қоғамдық ғылымдарда **қондырма** түрінде алынып жүр. Бұл дұрыс. Техникада **устройство**, **установка** деген терминдер бар, міне бұлар **устройство** — **құрылғы**, **установка** — **қондырғы** түрінде бекітілді.

Орыс тілінде әр түрлі сөздер арқылы жасалған терминдік сөздерге қазақша жеке-жеке сөз табыла бермейді, мұндай жағдайда қазақ тілінің жұрнақтары қолданылып термин жасалады. Сондықтан, құрылыс техникасы саласындағы мынадай терминдер: **комбинированная конструкция** — **құрама конструкция**, **сборная конструкция** — **құранды конструкция**, **составная конструкция** — **құрамды конструкция** түрінде бекітілді.

Термин сөздердің, тіркестердің қазақша жасалуында олардың атқаратын қызметі де ескеріледі. Мәселен, геологияның барлама бұрғылау саласында кездесетін кілт аттары мынадай түрде бекітілді: **ключ накидной** — **жаппа кілт**, **ключ отбойный** — **босатқыш кілт**, **ключ разводной** — **жылжыма кілт**.

Термин жасау және бекіту ісінде терминком сол терминнің, терминдік тіркестің көпшілікке тү-

сініктілігін де қарастырды. Мәселен, қазір **научная организация труда** деген терминдік тіркес баспасөз бетінде өте жиі қолданылады. Осыны дәлме-дәл **еңбекті ғылыми ұйымдастыру** деп аударса, жұртшылыққа түсініксіз болар еді, сондықтан бұл тіркес **еңбекті ғылыми жолмен ұйымдастыру** деп бекітілді.

Біздің советтік қоғамымыз қазір орысша **развитое социалистическое общество** деп аталып жүр. Мұны қазақша «дамыған социалистік қоғам» деу жеткіліксіз, «развитое» дегенді «дамыған» деген сөз дәл бере алмайды, сондықтан терминком бұл тіркесті кемелденген **социалистік қоғам** деп бекітті. Мұндағы «кемелденген» деген сөз «әбден дамыған», «социалистік қоғам дамуының жоғары сатысына жеткен» деген мағынаны береді.

Соңғы жылдары баспасөз бетінде, әсіресе «Қазақ әдебиеті» газетінде, «туынды» деген сөзді оңды-солды қолдану байқалады. Мұның қай мағынада қолданылатыны мүлде түсініксіз болып кетті. Сондықтан **сочинение — шығарма, произведение — туынды** түрінде бекітілді.

Кейде практикада орысша терминнің мағынасы, ұғымы және сол заттың атқаратын қызметі ескерілмей, қысқаша тура аударыла салынады. Мәселен, машинаның «задный мост», «передний мост» деген терминдері кейбір кітаптарда және баспасөз бетінде «артқы көпір, алдыңғы көпір» делініп жүрді. Міне осыны түзетіп, терминком **задний мост — артқы белдік, передний мост — алғы белдік** деп қабылдады.

Орысша «зритель» сөзін қазақша қалай алу керектігі жөнінде бұдан 10—15 жыл бұрын баспасөз бетінде айтыс болғаны белгілі. Қазір практикада «зритель» сөзіне «көрермен» балама болып жүргені еске алынып, осы түрде қолданылсын деп қаулы шығарылды. «Художественный фильм» дегенді көп жылдар бойы «көркем суретті фильм» деп келдік. Мұндағы «сурет» деген сөз мүлде артық және көркем фильм суретке құрылмайды. Сол себептен оны **көркем фильм** деп қолдану жөнінде шешім қабылданды.

Термин жасаудағы ең қиын нәрсе — мағынасы жақын сөздер. Бұлар, яғни мағынасы жақын терминдер әдеби тілдегі жәй сөз сияқты синоним бола алмайды, өйткені бұлар — мағынасы жақын сияқты көрінгенімен, сол ғылым саласындағы өз орны бар жеке-жеке дербес категориялар, ұғымдар. Сол себептен орыс тіліндегі мұндай терминдердің әрқайсысына қазақша балама керек. Бұған Мемлекеттік терминология комиссиясының осы жылғы 20 июльдегі психология саласынан бекіткен терминдерін мысалға келтіруге болады.

Мұнда адамның мінезіне байланысты мағынасы жақын, бірақ айырмасы бар терминдер мынадай түрде бекітілді: **безволие — жігерсіздік, малодушие — жасықтық, равнодушие — селқостық, робость — жасқаншақтық, застенчивость — ұяндық**, ал адамның көңіл күйіне байланысты терминдер: **грезы — қиял, грусть — қамығу, огорчение — реніш, отчаяние — торығу, печаль — уайым, страдание — қасірет, скорбь — қайғы, уныние — жабырқау** т. б.

Жоғарыда келтірілген фактілер Мемлекеттік терминология комиссиясы термин жасау және оны бекіту мәселесіне аса жауаптылықпен қарап отырғанын аңғартады.

Тіл мәдениетіндегі басты мәселелердің бірі — термин және терминге қатысты сөздерді жазу мәселесі. Мемлекеттік терминология комиссиясы бұл іске де көңіл аударып отыр. Мәселен, жоғарыда айтылған, яғни терминкомда бекітілген 528 термин, терминдік тіркес, мекеме аттарының бекітілген түрі, осы формада жазылуы баршаға міндет. Терминкомда кейде жеке сөздердің жазылуы да қаралып жүр. Мәселен, **аяқкиім** (орысша обувь) бірге жазылады, **хауіпсіздік** (безопасность) икс х — мен, **ғылыми** сөзі түбірі сақталып (ғылым — и) жазылады деп қаулы алынды.

Жақын уақытта Мемлекеттік терминология комиссиясының мәжілісінде термин және терминге қатысты сөздердің дұрыс жазылуы мәселесін қарау жоспарланып отыр. Оның қорытындысы бас-

пасөз бетінде жарияланбақшы. Сондықтан терминдердің орфографиясы жөніндегі пікірімізді осы қысқа ақпармен аяқтаймыз.

Қорыта келгенде, қазақ тілі мәдениетінің дамуына, оның ішінде термин сөздердің дұрыс жасалып, қолданылуына, олардың дұрыс жазылуына Қазақ ССР Министрлер Советінің жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы жете көңіл аударып, бірсыпыра жұмыстар жүргізіп отыр.

Тіл мәдениетінің осы бір үлкен саласында әлі де күрделі-күрделі міндеттер бар. Мәселен, терминком бекіткен терминдердің баспасөз, баспа бетінде радио және телевизияда қолданылуын бақылап отырған мақұл. Әлі де кейбір ғылым салаларынан жарық көрмеген терминологиялық сөздіктерді бастырып шығару қажет. Сол сияқты түрлі ғылым салаларынан түсіндірме сөздіктер шығару ісін мұқият қолға алу керек.

Сөздерді, терминдерді дұрыс қолдану үшін, жалпы тіл мәдениетінің жақсы үлгісін жүзеге асыру үшін, осы тақырыпта баспасөз бетінде жиі-жиі мақалалар жарияланып отыруы, радио мен телевизияда сөздер ұйымдастырылуы ауадай қажет. Тіл мәдениеті бойынша дүркін-дүркін республикалық және қалалық конференциялар өткізіп тұруды жүзеге асыру керек. Осы айтылғандардың бәрі-бәрі ана тілімізді ардақтауға, тіл мәдениетін бұдан да көтеруге, сөз қадірін жете сүйеге жетелейді.

ТІЛ ДАМУЫНДАҒЫ КЕЙБІР ҚҰБЫЛЫСТАР

Тіл — қоғамдық құбылыс ретінде үздіксіз дамып, ұдайы жетіліп отырмақ.

Ал енді даму дегеніміз адамның еркінен тыс өз бетінше өрбіп жататын нәрсе ме? Мұның адамсыз, адам қоғамынсыз болуы мүмкін емес. Мәдени өмірдегі қандай бір құбылыс, қандай бір өзгерістердің бәрі де белгілі бір ортада қоғам дамуындағы жаңалықтардың сәулесі ретінде көрінуге тиіс. Ендеше тіл дамуына адамзаттың жасайтын ықпалы зор. Міне, сол тіл мұхитындағы жаңару, жасару, өсу, өрбу дегендеріңіздің сан түрін саралап, тамыршыдай тарамдап, талдап беруге тиісті ғылымның бір саласы — тіл мәдениеті деп білеміз.

Ғылымның осы жаңа саласы тұрғысынан тілімізді тексеріп қарағанда неше алуан заңды-заңсыз құбылыстардың беті ашылады. Біз тіл дамуына адамзат ықпал жасайды дедік. Ең алдымен осыны түбегейлі тексеріп, танып түсінуде кереғар пікірлердің бар екенін байқаймыз. Тіл дамуы жалпы мәдениетімізге тікелей қатысты болғандықтан, бұл жайында әр алуан мамандық иелері араласып пікір айтып қалады. Олардың ішінде әдебиетшілер, журналистер, аудармашылар, актерлер, тілшілер бар. Сонда бұлардың бірсыпырасы тіл дамуындағы жалпыға ортақ нормалану процесін өзгеріске кем ұшырайтын қатып қалған нәрсе деп қарап, тілді тұрақтандыруға тырысса, екінші бір тобы жоқ олай емес, тіл үнемі қозғалыста, ылғи жаңарып, жанданып, жасарып, құбылып отыруға тиіс, сондықтан, керек десеңіз, кейде бұлжымас қағида есебінде тұрақтанған ережеңіздің өзін де өзгерістерге орай, өңдеп отыруға тура келеді деп түйеді.

Осыған қарағанда, тілдің дамуы дегенді алдымен оның өзгеріске сирегірек ұшырауы деп түйсек, екіншіден, керісінше, ондағы жаңа формалардың, сөйлеу, жазудың жаңа тәсілдерінің үздіксіз жаса-

лып, жаңғырып отыруы болып шығады. Қоғамның өз ішінде туындап жататын өзгерістер ілестіріп келген тілдегі әрбір жаңалықтың елеусіз қалуы мүмкін емес.

Ал әрбір жаңалық өзінің үлкенді-кішілі қайшылығын ала келетіні мәлім. Әр түрлі түсінік, әр түрлі пайымдаулар осының маңында өрбиді. Жаңа нәрсенің орнығуы, орын табуы қашан да қиын. Сөйлеу, жазу тәсілі алуан-алуан адамдардың жаңалықты әрқилы түсінетіні де шаруаны шиеленістіре береді.

Белгілі бір ғылым, не шаруашылық саласында ғана анда-санда қолданылып жүрген кейбір тар өрісті сөздеріміз, сол ғылымның, не шаруашылығымыздың басқа бір жаңа саласының дамуына байланысты мағыналық шеңбері кеңейіп, жалпы әдеби тіліміздің кеуде тұсына орныға бастағанын бағалауда да парық керек. Мәселен, аспан әлеміне сапар шегуімізге орай, космонавтика ғылымы қай тілдің болмасын, сөздік қорын сүзе бастағаны мәлім. **Кеңістік, бойлық, ендік, жасанды орталығы, үйлестіру, әлем,** т. б. сөздер космосты игеруге байланысты жаңа реңкке ие болса, **аймақ, алаң, қақпа, қақпашы, жүлде, жүлдегер, шебер, шеп, құрам, ойын, ойыншы, маусым, шымылдық, айқын, топ (тобы), сайыс, қашықтық, даңқ, тұғыр, бәсеке, жанкүйер,** т. б. сөздер мен допты хоккей, айып доп, маусым шымылдығы, қысқа қашықтық, чемпиондық тәж, жеңіс тұғыры, алдыңғы сап, даңқ тәжі т. б. спорттың дамуына байланысты қолданыла бастаған сөз тіркестері тіліміздің стилистикалық өңін ажарландырып, қайсыбірі терминдік тар мағынадан шығып қосымша мәнге ие бола бастады.

Старт, орбита, многоступенчатый, звездный, вилок, спутник, космонавт, космос, ракета, корабль т. б. жаңа сөздердің қайсыбіріне балама жасалып, біразы сол түп нұсқадағы күйінше алынды. Осындай әлемдік маңызы бар оқиғаларды беруде белгілі бір тілдің қауқар-қуаты көрінсе керек. Қазақ тілінің бұл саладағы қызметі де берекелі. Тіліміздің сөз жасау қабілеті шексіз, соның көзін тапқан, тамы-

рын басқан адам қандай оқиға, қандай мағына пішінін болсын бере алады. Октябрьден бері қарайғы жасалған жаңа сөздеріміздің тарихына үңілсек, төл түбірлеріміздің өзі жаңа мағына шапанын кигендіктен, бұрынғыдан қомақты, салмақты, кең мән-ге ие болып, өсе, өрби түскенін байқаймыз. Жасалған жаңа сөздің көпшілігі орыс сөздеріне орай туған. Ендеше орыс тілінің қазақ тілі мәдениетін көтеруге тигізіп отырған қолғабысы әріде жатыр.

Октябрь революциясынан кейінгі жаңа қоғам сөйлеуіміздің, жазуымыздың ескі жүйесіне біраз жаңалықтар енгізгені мәлім. Бұрынғы **мырза, бай, манап, патша, ағзам, ханым, ханыша, ханзада, қайнаға, қайны, қажы, молда, қайыр, садақа, дұға, бата, үзір, күнә, әулие, пайғамбар** т. б. толып жатқан көне сөздеріміздің қолданылу аясы тарылып, оның кейбіреуі тек стильдік мақсатқа орай көркем шығармаларда ғана бой көрсетіп жүр. Қайсыбірінің мағынасына жаңа әуен, жаңа мән жүктеліп, қазақ тілінің икемділігін арттырып, стилистикалық ажарын кіргізді.

Жан-жақты дамуына қарамастан, тіл өзінің табиғатында жетілмеген қалыпта болуға тиіс. Сөздіктерімізде сөздер тізімін түгел бердік дегенмен, кейбір жағдайда белгілі бір құбылысты дәл беруге, жеткізуге шама келмей тіл байланатыны бар. Ондай сәтте ойды қалайда нақты жеткізу үшін ежелден тұрақтанған ережелерден шығып кетуге бейіміз. Дәл сол жерде қолданылатын жаңа сөздер керек. Олар әдеби тілден емес, жалпы халықтық сөйлеу тілінен, не басқа бір формалардан алынады. Мұндай жағдайда біреу былай, екінші біреу олай сөйлеуге құмар. Соның қайсысын қабылдаған жөн. Бұдан тілді әркім қалағанынша қақпақылауына болады деген ойдан аулақпыз.

Ұлт өз тілінде мол байлықты жинаған. Сол себептен ежелден қалыптасып, сіңісіп қалған сөздерді өзгерткісі келмейтіні түсінікті. Өйткені тіл уақыт пен кеңістікті қамтитын құбылыс. Бірақ тіл өткеннің ескерткіші ғана емес, қазіргінің жанды бейнесі.

Тілде көрінетін күллі жаңалық бұрыннан қалыптасқан дәстүрмен, көпшілікке мәлім авторитетті школамен, аға буынмен қайшылыққа түседі. Өткенге қарайлағыштық, тілдік тәсілдермен әдеттерді көздің қарашығындай сақтау — стихиялы фильтр. Ол тіл тазалығын мейлінше қадағалайтын, қажетсіз жаңалықтарға қарсы пайда болған нәрсе. Тілде осындай әртүрлі қайшылықтар қақтығысынан өткен жаңалықтар ғана орнығып қалады. Бұл жақсылық. Бірақ бірден-бір тәсіл бұл ғана емес.

Бұл жерде әдеби тіл нормасын сақтама деген ой жоқ екенін тағы да ескереміз. Бірақ нормадан шықпай қатып қал деуге де қақымыз жоқ. Тілдің өрісін тарылту өшіруге апарар жол болмақ. Өзгеріс орнымен болсын! Қажеті жоқ жерде ережені бұзу — кешелік. Жөнді жаңалықтың енуі керек жерде ережеден шықпай қатып қалу — одан да сорақылық. Бұл тұста атақты тіл маманы акад. Щербаның мына бір сөзін еске алған жөн сияқты. Ол: «Авторов, вовсе не отступающих от нормы, конечно, не существуют — они были бы невыносимо скучны. Когда чувство нормы воспитано у человека, тогда он начинает чувствовать всю прелесть обоснованных отступлений от нее у разных хороших писателей (я говорю «обоснованных» потому, что у плохих авторов они бывают часто недостаточно мотивированы внутренним содержанием — поэтому-то эти авторы и считаются плохими)», — деп жазады. Ата-бабаларымыздың ұрпағы екеніміз даусыз, одан қашпау керек, бірақ соқыр тайлақтай бұлкек желіспен талғамсыз, талапсыз олардың соңынан ере бермеу қажет екенін де есте тұтқан жөн. Пушкиннің мына бір сөзін еске алайықшы: «повиноваться законам своего языка... владеть языком, несмотря на грамматические оковы». Сөйте отырып, ол орыс сөзіне ерік беру керек екенін де айтады. «Побольше дать воли, чтобы он развивался, сообразно законам своим».

Қазақ тілі — бай әрі икемді тіл. Ол ой мен сезімнің ең нәзік тұстарын беруге қабілетті. Ендеше тілдегі бар мүмкіндікті түгелімен пайдалану қа-

жет. Тілде әртүрлі әдістер көп болған сайын, ол солғұрлым бай, икемді тіл, әрі қоғам мүддесін толық қамтамасыз ететін тіл болмақ.

С. ОМАРБЕКОВ

СӨЗ ҚОЛДАНУДАҒЫ ТАЛҒАМ

Орфоэпия мен емле жөнінен әдеби тілімізде жүйеге салуы қиындық келтіріп жүрген мәселелердің бірі — дублеттер. Ауызекі тілімізде болсын, жазба жүзінде болсын, екі ұдай айтылып, екі ұдай жазылып жүрген баршамызға аян бөлегі — бөлгі, мағына — мағана, бәйге — бәйгі, айқай — айғай, палуан — балуан, үлгіру — үлгеру, аспап — асбап, арқылы — арқалы тәрізді сөздер осы фонетикалық дублетке жатады. Білдіретін мағынасы, тіліміздегі атқаратын қызметі бір-бірімен тепе-тең түсіп жататын болғандықтан, мұндай жарыспалы сөздердің әдеби тіліміздің сөз нәрі, стильдік орамы үшін тигізер пайдасы, әлбетте, аз болмақ. Бір сөзді бірде риза, бірде разы, не ырза деп дыбыстық тұрғыдан сан саққа жүгіртіп қолданудың айту мен жазуда ала-құлалық тудырғаны болмаса, тілдің байлығын таңытпасы кәміл.

Ешқандай мағыналық өң болмауы себепті бұл секілді дыбыстық құбылыстардан сөз әсерлілігі өзгеріске ұшырай қоймайды. Сол үшін де әдеби тіліміз өз бойында олардың бір сыңарын ғана орнықтыруға мүдделі. Мұндай фонетикалық егіз сөздердің тіліміздің лексикасында өмір сүруінің, біздің ойымызша, бір-ақ шарты бар. Ол — бұлардың әр сыңарының дербес мағыналық түс-таңбаға ие болуы. Басында шартты түрде алынып, кейін бірте-бірте жұртшылық түсінігіне етене боп сіңісіп, екі

сыңарға бірдей әдеби тіліміздің сөздік қорынан лайықты орын тапқан **өкімет** (орысшасы — власть), **үкімет** (правительство) сынды сөздердің бар екенін біздің әрқайсысымыз жақсы білеміз. Бұл сөздерді қазір мағыналық жағынан бір-бірінен дербестеніп, дублет аясынан шығып, лексикалық тұрғыдан толық сараланған деуімізге әбден болады. Әрине, тілдің барлық құбылыстарын шіп-шырғасына дейін қалдырмай қажет болған жердің бәрінде дәл осылай ретке салып отыру — әр кез қолдан келе бермейтін жұмыс. Ресми стильдегі сөздерді, қоғамдық-саяси, ғылыми т. б. терминдерді жүйеге келтіруде мәдени қауымның тілге саналы түрде етер ықпалы нәтижелі болып шыққанымен, халықтың күнделікті сөйлеуіндегі от басы, ошақ қасында айтылып жататын тұрмыстық лексикадағы сан қилы сөздерге келгенде оның ойдағыдай нәтиже бермеуі ықтимал. Өз алдына жеке бір сөз болса, немесе морфологиялық құрылысы өзгеріске түскен сөздер болса бір сәрі, дәл тұрмыстық лексикамыздағы толып жатқан сөздердің жуан-жіңішке айтылуынан, яки сөздің бір дыбысының **тостаған** — **тостақан** деген тәрізді құбылуынан мағына дербестігін тудыруға әуестену, біздіңше, қолайлы тәсіл емес.

Әйтеуір, тіліміздің сөзі еді ғой, жерге тастамайық деп, фонетикалық дублеттің мына сыңарын қайткенде де мына мағынада қолдан, ана сыңарын ана мағынада қолдан деп өлшеп-тамап рецепт бергенімізбен, онымызды күнделікті тұрмыстағы ауызекі сөйлеу стихиясы қабылдай бере ме? Тіл мәдениетіне қатысты жарияланған кей мақалаларда **қария** мен **кәрия** фонетикалық дублеті жөнінде оның «қариясын» ер адамға, «кәриясын» әйел адамға теліген жөн болады деген пікір де айтылды. Менің әкемді «қария» деп айт та, шешемді «кәрия» дәп айт дегенге сөз білем деген адамның бәрі бірдей үй ішінде пәтуәласып жатпайтынын былай қойғанда, сөздерді род категориясына байланыстырып тезге салуды тіліміз заңдылығының қажет етпесі түсінікті болса керек. Еркек пен әйелдің әрқайсысына қатысты болған

атаулардың бас-басына род ұғымын тудыратын формалық форма іздеуге ұмтылу — қазақ тілінің, қала берді барша түркі тектес тілдердің табиғаты үшін парыз емес. Орыс тіліндегі **колхозники** мен **колхозницы** дегеннің «колхозшылар мен колхозшы әйелдер» деп аударылған кезі де болған. Бірақ аударма тәжірибесінің бұғанасы бекімеген кездегі жіберілген мұндай жасандылықты әдеби тіліміздің түпкілікті қабылдамағанын енді көріп отырмыз. Орайы келгенде айта кетейік, қазіргі баспасөзімізде **мұғалима**, **азаматша** болып алынып жүрген сөздердің болашағы соншалық зор дегенге өз басымыз қол қойғымыз келмейді. Оқытушы, суреткер, сатушы, шопан, дәрігер деген сөздер еркек-әйелге бірдей қолданылғанда, бұлай ету **мұғалім** мен **азамат** сөзінің тақиясына тар келеді дегенге көңіліміз оншалық ұйымайды.

Дублеттердің ішіндегі енді бір сала — лексикалық дублеттер. Бұлардың қолданылуында жоғарыда сөз болған фонетикалық дублеттермен салыстырғанда кейбір өзіндік ерекшелігі бар. Ол — мұндай дублеттердің кейде тіліміздегі синоним сөздермен астасып, қабысып жататын жайы. Мәселен, бәрімізге таныс **қасқыр** мен **бөрі** сөздерін тілімізде өзара жарыса қолданылып жүрген **көгершін**, **кептер** сөздерімен салыстырып көрейік. Былай сырт қарағанда, **қасқырды бөрі** деп, **көгершінді кептер** деп атауда мағыналық айырманың бар-жоқтығы байқала қоймайды. Бірақ осыларға кішкене үңіліңкірей қарау — **қасқыр**, **бөрі** дегендер мен **көгершін**, **кептер** дегендердің лексикалық реңінде соншалық бадырайып тұрмағанымен, әжептәуір айырмашылық бар екенін аңғартады. Өйткені **қасқыр**, **бөрі** сөздері стильдік тұрғыдан алып қарағанда, бірінің орнына бірі талғамсыз қолданылатын сөздер қатарында емес. **Аш қасқырдай**, **аш бөрідей** деп, айта беруге келгенімен, **қасқыр терісі**, **қасқыр ішік** дегендерді **бөрі терісі**, **бөрі ішік** деп айту стильдік оғаштық болар еді. Сол сияқты **бөрі арығын білгізбес** болып айтылғанымен, **қасқыр арығын білгізбес** болып айтылмайтыны да түсінікті ғой. Демек, мағына

жағынан бір-біріне тым жақын келіп жатқанымен, бұл сөздердің тіліміздегі стильдік өрісі басқа-басқа. Әр алуан стильдік аяда қолданылатын сөздердің, әлбетте, синоним шеңберінде танылатыны мәлім. Ал **көгершін**, **кептер** сөздерін бірінің орнына бірін балама етіп қолдануға қайшылық келтіретіндей жоғарыдағы сияқты стильдік айырма жоқ. Республикамыздың орталық, солтүстік, батыс өңірлерінде **көгершін** сөзі қандай лексикалық мағынада қолданылса, республикамыздың оңтүстік өңірінде айтылатын **кептер** сөзі де дәл сондай лексикалық мағынада қолданылады. Сол үшін бұларды дублет сөздер деп білеміз. Мұның жазба әдеби тілімізде кеңірек қолданылып жүргені — **көгершін** нұсқасы.

Синонимдерді тіліміздің көркемдік құдіретін танытатын зор бейнелеу құралы деп танысақ, оларды дублеттерден жаза бастырмай ажырата білудің әдеби тіліміз үшін қаншалық маңызы бар екенін түсіну қиын емес. Бір ғана ғылым төңірегінде **сөзуар**, **сөзшең**, **тілмар**, **шешен**, **сөйлемпаз**, немесе **тез**, **шапшаң**, **жылдам**, **дереу**, **шұғыл**, **жедел**, **лезде**, **заматта**, демде болып құлпырта қолданылған синонимдердің әрқайсысының арқалаған стильдік жүгі әр басқа. Ал лексикалық дублеттерді, әсіресе олардың ішіндегі нақтылы бір объектінің атауы болып келетін **бәкі** — **шаппа** — **ныштар**, **елек** — **елеуіш** — **елгезер**, **тіреу** — **тірек** — **ұстын**, **кәкпір** — **кепсер** — **шәулі** — **шолпы**, **иінағаш** — **суағаш** — **әпкіш** — **күйенте** — **құрамыс** тәрізділерін осының алдында сөз етіліп өткен фонетикалық дублеттермен бара-бар десек болғандай. Әр түрлі сөздермен аталғаны болмаса, шаппа да бәкі, ныштар да бәкі, бәкі де бәкі ғой. Сондықтан еш стильдік бояуы болмаса мұндай сөздерді тепе-тең мағынада бірінің орнына бірін алма кезек қолданудан әдеби тіліміздің ұтыс таппасы айқын. Егер қажет болған жерде осылардың бас-басына шартты түрде дербес лексикалық мағына тануға мүмкіндік тапқандай болсақ, онда әңгіме мүлде басқаша. Мәселен, бір ғана мағынада бірде **шыны**, бірде **шөлмек**, **шиша**, кейде орысша нұсқасында **бөтелке** боп қолданылып

жүрген сөздердің бірін орысша бутылка, енді біреулерін банка, бутылъ, бокал мағынасында елжұртқа саралап қолдандыруға шамамыз келсе, мұнымыз жаман болмас та еді. Осындай сөздердің тиісті мамандарға тізімін жасатып, белгілі мағыналық аяда жұмсауға боларлық жолын, амалын қарастырған мақұл сияқты.

Қайталап айтайық, әр сыңарын жоғарыдағы ретпен әдеби тілімізде өзге-өзге мағыналық белгіде жұмсап, кәдеге жарата алсақ, дублет сөздерден қашқалақтап бойды аулақ салудың еш лайығы жоқ. Кейбір сәтсіз шыққан жасанды сөздерден гөрі мұндай сөздердің әдеби тіліміздің табиғатына анағұрлым жанасымдырақ келетіні даусыз. Өйткені дублет сөздер дегеннің өзі тілімізде ғайыптан пайда болған құбылыстар емес қой. Синонимдер сияқты олардың да тілімізде сақталып келуінің белгілі сыры бар. Тіліміздегі көпшілік дублеттердің пайда болуының мықты бір із-өкшесі халық тілінде жатыр. Қазақ жерінің әр өлкесін қоныстанған жергілікті халықтың ауыз-екі тілінде кейбір тілдік айырмашылықтардың бар екенін біздің әрқайсысымыз жақсы білеміз. Мәселен, осындағы мысалға алынып өткен дублеттердің қай тізбегін алсақта, олардың әр сыңарының республикамыздың әр өңіріне тән сөз екені көрінеді. Айталық, **кәкпір** деп басталатын тізбектің **кәкпірі** көбіне Қазақстанның орталық, солтүстік бөлігінде қолданылатын болса, **кепсері** Жетісу төңірегінде, **шәулісі** Шымкент маңында қолданылатыны белгілі. Жергілікті халық тілінің әр кез әдеби тіліміздің өркен жаюының құнарлы бір арнасы болып келе жатқанын ешкім де бекер дей алмаса керек. Сөз қазынасының не бір асылы халықта, ел аузында, тек соларды талғам таразысынан өткізіп, сұрыптап, елеп-екшеп ала білгеніміз абзал. Әуелде жергілікті халық тілінен алынып, бұл күнде әдеби тіліміздің төрінен ірге тепкен **бағбан, шабандоз, сайыс, омарта, сақпаншы, дақыл, пияз, мұрап, қаяз, сыла, әнгелек, торлама** тәрізді талай-талай сөздердің бар екені бәрімізге де аян. Қазір осы сөздердің бір уақытта тек республи-

ликаның оңтүстік аймағы тұрғындарының тілінде ғана қолданылып келген сөздер болғандығын айтсақ, жұрттың бәрі сене бермес те ме еді?

Халық тілі байлығын осылайша орайы келген жерде пайдаланудың еш әбестігі жоқ. Алайда, жылтырағанның бәрі алтын емес дегендей, кез келген жергілікті сөзді жөн-жосықсыз әдеби тілімізге тықпалай берудің тіл мәдениеті үшін пайда бермесі күмәнсіз. **Сәбіз** сөзі тұрғанда жергілікті сөз **көшірді**, **асқабақ** тұрғанда **аскелдіні**, **таразы** тұрғанда **шеккіні** әдеби тілімізге қоса ендіруге тырысу — әсте тіл мәдениеттілігінің нышаны бола алмақ емес. Өзіміз орнымен **кәдеге** жаратамыз десек, қазақтың жергілікті ауызекі тілі әдеби тіліміздің игілігіне тұтынарлық сөздерге әлі де кенде емес. Мәселен, Қазақстанның оңтүстігі мен батысында егіз туған үш төлді, төрт төлді білдіретін **үшем**, **төртем** (немесе **үшен**, **төртең**) сөздерін орыс тіліндегі дәл осы мағынадағы тройня, четверня сөздерінің баламасы есебінде қолданылатын болсақ, әдеби лексикамыз үшін қандай жарасымды болар еді. Сол тәрізді орыс тіліндегі **коридорды** оңтүстіктік қазақтарша **дәліз**, **бездельникті** **бекерші**, **пельменді** **түшпара**, **минерал суын** **арасан суы**; батыс қазақтарынаша плащты **жамылшы**, кошелекті **шилан**, керосинді **жермай**, купканы **тоғыт** деп алсақ, ә дегенде құлаққа тосындау естілгенімен, кейін олардың да бірте-бірте әдеби тілімізге сіңісіп кетуі ғажап емес.

Әсіресе кейбір оңтүстік говорларымызда **дәріхана** (аптека), **балахана** (бала бөлмесі), **сүтхана** (сүт магазині), **қышхана** (кірпіш заводы) секілді — хана жұрнағының жәрдемімен жасалған атаулар тым көп-ақ. Міне, бұлардың да біразын әдеби тіліміздің игілігіне жаратудың жөні бар. Өйткені құлағымызға көптен кәнігі болған **кітапхана**, **мейманхана** тәрізді үйреншікті сөздерді былай қойғанда, кейінгі жылдарда ғана осы жұрнақтың сүйемелімен жасалған **шеберхана**, **сырахана** сынды сөздер сәл уақыттың ішінде-ақ тілімізге сіңісіп кеткен жоқ па?

Халық тіліндегі табиғат құбылыстарына, жан-

жануар, өсімдіктер дүниесіне байланысты атаулардың молдығына жөз тұнады. Бір ғана Маңғыстау өлкесі қазақтарының тілінен жер бедерінің (рельефінің) ылди-өрі, ой-қырына байланысты айтылатын көбімізге бейтаныс ағас, кесене, жалас, қапы, еңіреу, қобыс, үдек, жығары, далда, үрпек, тұран, күп, үспе, орпа тәрізді қыруар сөздерді кездестіргеніміз бар. Мұндайлардың өзі жаратылыс терминдерінің халық тілінде сақталған бейне бір шежіресі есепті. Халық тілінің әлі күнге ескерілмей, зерттеуші назарынан тыс, қалыс жатқан осы іспетті құбылыстары баршылық. Тек осыларды «жергілікті» дегенді желеу етіп жатырқамай, мұқтаж болған жерде белгілі мақсатқа лайықтап сәтті пайдалана алсақ, әдеби тілімізді ұстартудың сарқылмас арналарының бірі — сол болмақ. Ал олардың жай-жапсарын жыға танып білмей тұрып, әдеби тіліміз үшін пайда-залалы қайсы деген жайда кейде бой көрсетіп қалып жүргеніндей, шамасы осы болар-ау деген ниетпен құр долбар пікір тую, тұспалдап билік айту — үстірттік болар еді.

Е. ҚОЙШЫБАЕВ

«ҚОРАЗ» БЕН «ӘТЕШ» СИНОНИМ ЕМЕС

Қазақ тілінде жарық көріп жүрген әдеби анықтамаларда, түрлі сөздіктерде, кейбір ғылыми еңбектерде ¹ осы екі атау («қораз» және «әтеш») синонимдік сөздер тұрғысынан түсіндіріліп, ауыс-қағыс қолданылып жүр. Бір қарағанда, рас, «әтеш» және «қораз» сөздерінің бәлендей айырмашылығы

¹ *Болғанбаев Ә.* Қазақ тіліндегі зат есімдік синонимдер. Алматы, 1965, 8-б.

жоқ та сияқты. Бірақ филологиялық тұрғыдан қарағанда, бұл екі атаудың «еркек тауық» жөніндегі жалпы ортақтылығынан (семантикаластығынан) өзге, қолданыс жағынан, даралығынан, тұлғалық та (лингвистикалық, яғни грамматикалық форма жағынан да), мағыналық та (тілдік функциялары жағынан да) үзілді-кесілді айырмалары бар. Осы себептерден бұл екі атау (сөз) синонимдік жұп құра алмаса керек.

Қораз — иран тілі негізіндегі (хорос) жасына жеткен ата тауық мағынасындағы сөз де, әтеш — түркінің өз тілі негізіндегі ата тауықтың жасы, яғни ата (әтә, этә) түбіріне кішірейткіш аффиксін жалғау арқылы жасалған сөз екендігі аңғарылады (азынау, лап қою мағынасындағы ортақ етіс емес). Лексика-грамматикалық құрылысы жағынан қарағанда, бұл екі сөздің (атаудың) орыс тіліндегі «петух» немесе «петушок» дегендегідей идентификациялағыш (петь етістігінен шыққаны сияқты) ортақ түбірі және жоқ.

Көне түркіде бұлардың өтеуін «ата тауық» немесе «еркек тауық» тіркестері бергенге ұқсайды, ал көне түркі тілінің сарқыты мол делініп жүрген қазіргі тува және хакас шығыс түркі тілдерінде бұл атаудың «айғыр тауық» түріндегі аналитикалық тіркестері айтылуын содан деп білеміз: асқыр дагаз (Русско-тув. словарь. М., 1953, с. 395), асхыр танях (Хак.-рус. словарь. М., 1953, с. 217). Демек, **әтеш** және **қораз** сөздері шығыс түркілер тілдеріне таралмаған екен.

Тіл мәдениеті дамыған елде синонимдерді орында қолдаудың үлкен мәні бар. Айуанаттарды, әсіресе, үй жәндіктерін жасына және өзге түрлі сипатына қарай жүйелеп атау — ел-елде бар дәстүр, ол біздің қазақ тілінде де мол кездеседі. Мысалы, төрт түліктің аталықтарын ажыратқанымызда бураны «буыршын» деп, кексе айғыр деудің орнына «дөнен» не «бесті айғыр» деп, бұқаны «тана бұқа» немесе «тайынша бұқа» деп, қошқарды «тоқты қошқар», текені «текешік» немесе «ылақ теке» деген бейпіл қолданыстар тілімізде жоқ. Өйткені, айуа-

наттардың да тілімізде қалыптасқан тұрлаулы атаулары, олардың өз дүрмегіне орай қойылған берік атаулары бар, яғни олардың қай-қайсысы болмасын, өмір қажетінен туып пайда болған ұғымдар. Иран тілдес жұрттардан сіңген **хорос** сөзі батыс түркі тайпалары тілдеріндегі еркек тауық (тауықтың айғыры) сөзін ығыстырғанымен, «бала қораз» (немесе балапан қораз) мағынасындағы «чеже хорос» («петушок». Русско-персидс. словарь. М., 1937, с. 179) сөзі ол өңірдегілерге сіңісе қоймаған. Оның өтеуін түркілер өзінің «этеш» формасындағы төл сөзімен атқарып келеді. Сондықтан да біз «этеш» және «қораз» сөздерін жеке-дара номинативтік мәнді сөздер (атаулар) деп қарай аламыз. Осылардан байқайтынымыздай, үй айуанаттары аталықтарының қай-қайсысы болмасын, екі түрлі жүйеге жіктеліп оқшауланады екен. Олай болса, бір жүйедегі атау сөздер өзге жүйедегі сөз өтеуін әмісе дәл бермек емес, ол көбіне түрлі контекстік нюанстарда, репрессивті-стилистикалық тіркестерде ашық аңғарылып отырады. Сонымен, **қораз** бен **этеш** синонимдікке сыйыспайды демекпіз. Тек структуралық тұлғасы жағынан дублет сөздер ғана синонимдік пар құра алады.

В. ҚАЛИЕВ

СӨЗДІ САРАЛАЙ БІЛЕЙІК

Қазақ тілін жан-жақты терең зерттеудің, оның әр түрлі сөздіктерін жасаудың тіл мәдениеттілігі үшін маңызы орасан зор. Оларды жасау үстінде тіл фактілерінің қайсысы дұрыс дегенмен ғана шектелмей, мүмкін болатын бірнеше варианттардың ішінен де іріктеу керек. Әңгіме мынада:

Кейбір тілші ғалымдарымыздың күнделікті тұрмыста жиі қолданылатын бірен-саран сөздерді мынау көнерген, мынау диалекті деп, оларды әдеби тілдің құрамынан шеттеттіруге тырысатыны бар. Мәселен, қазақ тілі жөніндегі еңбектерде **көйлек** — **жейде**; **шелек** — **бақыр**; **шалбар** — **сым**; **қант** — **шекер** дегендердің алдыңғыларын (көйлек, шелек, шалбар, қант) әдеби тіл деп, оларды тілімізде қолдануға, соңғыларын (жейде, бақыр, сым, шекер) диалектизм деп, бұлардан қашуға бейімдеу бар. Ал бұл сөздердің тұрмыстағы қолданылуына келсек, олар сараланып, жеке-жеке заттың немесе оның бір түрінің атауы болып қалыптасып кеткен.

Айталық, **сым** дегеннен ер адамның матадан істелген **бұт киімі** ұғынылады да, **шалбар** дегеннен ерте кездегі **қой** терісінен жасалған киім ұғынылады. **Шелек** — **бақыр** дегендер де мағыналық жағынан ажыратылған. Ағаштан ойып жасалған ыдысты (мал сауады, су әкеледі) **шелек** дейді де, темірден жасалынып, магазиндерден сатылып алынатын ыдысты **бақыр** дейді (тіпті оның **бақыр** деген атының өзі де темірдің дыбыс шығаратындығына байланысты қойылса керек). **Жейде** (рубашка) — **көйлек** (платье) дегендер де сараланып, бірі ерлер, екіншісі әйелдер киімінің атауы болып қолданылып жүр. Сол сияқты, **қант** (рафинат) — **шекер** (песок) дегендер де мағыналық жағынан жіктелген.

Егер, «бізде олай емес» дегенді қойып, қазақ тілінің болашағы үшін, оның қолданылу аясының кеңеюі мен саралануы үшін осы тәрізді мағыналық жіктелуге еркіндік беретін болсақ, онда тіліміздегі лексикалық варианттар делініп жүрген **шыны** (фарфор) — **әйнек** (стекло), **әтір** (одеколон) — **иіс май** (вазелин) — **иіс су** (духи) тәрізділер халықтың қолданылу тәжірибесіндегідей бір мағынаның төңірегіндегі жарыспалы сөздер емес, өз алдына мәні, мағынасы бар жеке-жеке сөздер болып табылған болар еді. Дәл осы сияқты, **бәйге** (ат жарыс) — **бәйгі** (жүлде, сыйлық), **үлгіру** (оқуды) — **үлгеру** (поезға), **батыру** (суға) — **матыру** (шөмішті) тәрізділер де бір мағынаны білдіретін фонетикалық

варианттар емес, көпшілік тілші жолдастар айтып жүргендей «жеке-жеке мағынасы бар лексикалық сөздер» екендігінде дау жоқ.

«Тұзды», «тұзы күшті» (тұщы емес) деген мағынада **тұзы ащы, ащы су, ащы тер** деуге болады. Ал «ауызды, тілді дуылдататын, тызылдататын» (тәтті емес) деген мағынада **пияз ашты, қызылбұрыш ашты екен** деген дұрыс. Практикалық өмірде тұзға байланысты да, пияз бен қызылбұрышқа байланысты да **ащы** сөзі қолданылады. Бізше **ащы** және **ашты** сөздерінің мағыналарын бір-бірінен саралаған жөн.

Сол сияқты, **үйіру** сөзі **ауыз** сөзімен (**ауызды үйірді**) емес, тіл сөзімен тіркесіп, **тілді үйіретін** дәм түрінде қолданылады. **Қатты сынадым** деген де дұрыс емес, **қатал сынадым** деу керек. **Қатты** сөзі тек кристалды заттарға тән. **Ет тәтті** деу де жөнсіз, **ет дәмді** болады.

Бұдан шығатын қорытынды: біз бұл сияқты сараланулардан қашпай, қайта оларды әдеби тілге солай етіп қалыптастыруымыз керек. Одан тілімізге келер зиян жоқ, керісінше, лексикамыз молайып, тілдік қорымыз байи түседі.

Тіл мәдениеттілігіне керекті талаптардың тағы бірі — сөздерді тауып айтып, оны өз орнында қолдана білу, айтылған сөздердің мағыналық жағының дұрыс болуын қадағалау болып табылады. Бұл, әрине, әркімнің қолынан келе бермейді. Олай істеу үлкен мәдениеттілікті, шеберлікті керек етеді. Талмай ізденіп, ерінбей еңбектенуден келіп туады. «Аяқтыға жол керек, ауыздыға сөз керек», — деп, сөйлей бергеннің бәрі сөз емес, жүйесін тауып орынды жерінде қолданылған сөз ғана мәдениетті болып саналады. Орынсыз, мағынасыз сөз тілімізді бұзады. Көсеміміз Владимир Ильич Ленин сөзді орынсыз қолдануды сынап, дәл өз мағынасында қолдануды әрқашан да талап етіп отырған. Тілдік құралдардың бәрін де пайдалана отырып, айтайын деген ойды әрі қысқа, әрі түсінікті етіп бере біл. Алдына қойған мақсатың — аз сөзбен көп мағына беру болсын. Бірақ сөзге сараң, ойға бай бо-

ламын деп ұдайы мақалдап сөйлеуге де болмайды. «Сөздің көркі — мақал» болғанымен, мақал-мәтелдердің де қолданылатын өз орны, беретін мағынасы бар. Мәдениетті сөйлеу мақалдап сөйлеу емес.

Қорыта келгенде, тіл мәдениеттілігі үшін күресу деген сөз — тіл тазалығы үшін, оның мағыналық дәлме-дәлдігі мен дұрыс айтылып, дұрыс жазылуы үшін күрес деген сөз. Ендеше, бұл бәріміздің міндетіміз болып табылады.

Н. УӘЛИЕВ

ҚОСЫМШАНЫ ДА ҚҰНТПЕН ҚОЛДАНСАҚ...

Ана тіліміздің бітім-тұлғасы — жалғамалы. Сондықтан да соны сөз, тың терминдердің көпшілігі сөз тудырушы қосымшалар арқылы жасалады. Жаңа сөз жасаудағы осындай үлкен мүмкіндігімізді кейде нысаппен емес, ысыраппен қолданатын тәріздіміз. Кейбір қосымшаларды қажетсіз жерінде де қосақтап айта саламыз, жаза береміз, ал қайсы бірін қажетті болса да қалдырып кетеміз. Сондағы айтайық деп отырғанымыз, потенциялық мүмкіндігі мол **-ші, -шы** қосымшасы жалғанған **диқаншы, аспазшы, шаштаразшы** және **куәші** деген бәрімізге белгілі бірді-екілі сөз.

Баспасөз беттерінде **дихан, аспаз, куә** сөздері бірде **диқан//диқаншы, аспаз//аспазшы, куә//куәші** делініп, әрі-сәрі жазыла береді. Мысалы: Егін науқанында еселі еңбек ететін **диқаншылардың** бәрі — шоферлар («Лен. жас», 1971, 2 сентябрь). Биыл аудан комбайншылары Үржар ауданының **диқандарымен** жарысқа түсті («Лен. жас», 1973, 14 сентябрь). **Аспазшым** питон етін пісіруден үзілді-кесілді бас тартты («Лен. жас», 1967, 28 февраль). Өзіме тиесі-

лі жерді бітіріп, түн жарымға таяла қос басына келсем, **аспаздың** бөткесінен басқаның бәрін көшіріп әкетіпті (М. Хасенов, Тұлпардың дүбірі, 1971, 74-б). **Диқан** (диқаншы), **аспаз** (аспазшы), **куә** (куәші) сөздерінің жарыспалы сыңарларының білдірер мағынасы бірдей, бірінің стильдік бояуы қанық, екіншісінің стильдік ажары солғын деуге тағы болмайды. Мысалы:

Хатта Қартқожақов әңгімеде суреттелген оқиғалардың мүлде басқаша болғандығын, сол оқиғаларға Мәжитов қатысты деген адамдардың қатыспағанын, 1924 жылы болған оқиғаны автордың 1930 жылдарда болды деп айта келіп, сол шындықтардың **куәшісі** ретінде тарихи шындық бұлай бұрмалануына наразылық білдіріпті («Жұлдыз», 1974, № 10, 220-б). Куәлікке де **куә керек** («Қаз. әдеб.»; 11 апрель, 1975). Мұндай жарыспалы сөздер әдеби тілдің нормасына сәйкес емес. Әдеби нормаға лайық деп **диқан**, **аспаз**, **куә** сөздеріне жіп тақсақ, **-шы**, **-ші** қосымшасына қиянат емес. Онсыз да бұл қосымшаның қызметі кең. Оның үстіне **диқан**, **аспаз** деп қолдану тілдік тәжірибеде тосын емес о баста бар нәрсе. Халық аузында жиі айтылатын мынадай мақал-мәтелдер оған мысал: «Диқан — мөрт, жер — жомарт», «Диқан болсаң екі өгізің тең болсын, шаруа болсаң етек, жеңің кең болсын», «**Аспаз көп жерде, ас пісусіз қалады**». «Өтірікшінің **куәсі** қасында», Т. Б.

Жаңа бұлмен жамырап саудагерлер,
Диқаншылар жер жыртып егін егер.
Шаруаның біреуі екеу болып,
Жаңа төлмен көбейіп дәулет өнер,—

деп, **диқаншы** сөзін бір кезде Абай да қолданған. Әдеби тіл біреу болғанымен, ол кездегі тілдік норма қазіргі әдеби нормадан өзгешелеу. Одан бері талай заман өтті. «Тілдің нормалану процесі үздіксіз болып отырады»¹. Сондықтан да «Абай осылай

¹ Балақаев М. Тіл мәдениетінің мәселелері. Алматы, 1965, 29-б.

қолданған, ұстай қат та, тістей қат» деп, барлық, уақытта, содан айырылмауымыз жаңсақтық болар еді. Қезінде Пушкин «Куда по нем свой быстрый бег стремится Онегин» («Евгений Онегин») деп жазған екен. Бұндай құрылым қазіргі орыс әдеби тілінің нормасына лайық емес.

Бәлкім, **диқаншы, аспазшы** сөздері дәл осы тұлғада тұрып **аспазшылық** тәрізді жаңа сөздердің жасалуына база болады, сондықтан **диқаншы, аспазшы** деп қолданғанымыз кейбірімізге дұрыс көрінер. Бірақ, **шылық-шілік** күрделі аффикстері арқылы жасалған тілімізде **кеңшілік, таршылық, баршылық** т. б. сөздер бар. Олардың **кеңші, таршы, баршы** т. б. деп қолданылмайтыны да бесенеден белгілі. Сонымен аспаз, диқан сөздерін әдеби тілдің нормасына сәйкес дер едік. Ал **диқаншы, аспазшы** деу лайықсыз, мұғалімші, дәрігерші деумен бірдей. Бұндай жарыспалы сөз сыңарларын сапырылыстыра бермей бір ізге түсіру керек тәрізді. Ал **шаштаразшы** сөзінің жөні басқашалау. **Шаштараз** бен **шаштаразшы** сөздері екі түрлі ұғымды білдіреді. **Шаштараз** — парикмахерская, **шаштаразшы** — парикмахер. Сондықтан шаштаразшы сөзінің құрамындағы **-шы** қосымшасын басы артық қолданылған дей алмаймыз. **Шаштаразды** әрі «парикмахерская», әрі «парикмахер» сөздерінің орнына жұмсай берсек, бұл сөздің жүгін ауырлатып, **-шы** қосымшасын қажетті жерінде қолайын тауып қолданбағандық болар еді. Алайда баспасөз беттерінде **шаштараз** сөзі әрі-сәрі жұмсалынып жүр. Мысалы, мына сөйлемдерде **шаштараз** әрі «парикмахерская», әрі «парикмахер» мағынасында қолданылған. Аудан орталығындағы **шаштаразда** жұмыс істейтін біздің коллектив халыққа қалтқысыз көмек көрсетуді басты міндет деп біледі («Жетісу», 1973, 18 сентябрь,). Кейбір **шаштараздар** жоспардың орындалуын келушілердің аз-көптігіне байланысты дегенді айтады (Бұл да). Екінші сөйлемдегі шаштараз сөзін шаштаразшы деп қолдану әлдеқайда әдеби тілдің талабына лайық болар еді.

НАҚЫЛ СӨЗ — ТІЛДІҢ НӘРІ

Нақыл сөздің де өткір, қуаттысы, әсерлі, әрлі-нәрлісі болады. Адам баласының асыл ой, арман-тілегін, көңіл күйін шертетін де осы сөз. Адамның озық ой санасынан туған таңғажайып жаңалықтар да сөз арқылы таралады. Сонау ертедегі Греция мәдениетін бізге жеткізген де, берідегі марксизм-ленинизм ілімін дүние жүзіне паш еткен де — сөз. Досты сүйсіндірген де, дұшпанды күйіндірген, тіпті жасақты жауды жайратқан да — сол сөз күші. «Сөз сүйектен өтеді, таяқ еттен өтеді», «Қаһарлы сөз қамал бұзады» деген аталы сөздерді халық тегін айтпаған ғой.

...Әрбір халықтың әдебиетіндегі нақыл сөздер қоры бір тілден екінші тілге аударылуы арқылы да толығып отырады. Орыстың қанатты сөздерін жинап, зерттеушілер еңбегіне зер салсақ, олардың әдеби тіл қазынасына ежелгі грек мәдениетінен бастап, бүгінгі Батыс, Шығыс әдебиетінің озық үлгілерін аударудың көп әсер еткенін көреміз.

Қазақтың ауызша және жазба шығармаларында, әсіресе, газет, журнал материалдарында жүректің отын тұтандырып, жігер беретін, жалындаған өршіл талант иесін Прометейге, таңғажайып батырды Геркулеске, бір нәрсенің ең нәзік, осал жерін — Ахиллестің өкшесіне, әйел атаулыға талғаусыз қарайтын, көрсе қызар, семья бұзарларды — Дон Жуанға, әлтің білмей «мен батырмын» деп, қолынан келмеске ұмтылатын мақтаншақ, әумесер мінезділерді — Дон Кихотқа теңеушілік бар.

Қазақ әдебиеті тарихында басқа халықтар поэзиясының озық үлгілерін алғаш рет аударушылардың бірі Абай Құнанбаев болды. Ол кезінде орыс классиктерінің шығармаларымен таныса жүріп, оның бірқатарын ана тілімізге аударды. А. Пушкиннің «Евгений Онегин» романы, М. Лермонтовтың «Теректің сыйы», «Қанжар», «Ой», «Өзің сен-

бе, жас ойшыл» сияқты өлеңдері, И. Крыловтың біраз мысалдары әуелі Абай қаламымен қазақшанды. Ақын олардың бәрін еркін аударды. Абай аударған сол өлең, мысалдардың кейбір жолдары аударылуы үстінде қанаттанып, нақыл сөзге айналып кетті. Оған «Тұманды теңіз өріне», «Асау той, тентек жиын, опыр-топыр» (Лермонтовтан), «Азат басың болсын құл, қолдан келмес іске ұмтыл» (Крыловтан) деген қанатты сөздер дәлел.

Абай аудармасының шеберлігі сонша, тіпті сол қанатты сөздерді аударма жолымен емес, оны қазақша ойлап, қазақша жырлаудан пайда болған ба деп қаласыз. Шынында солай. Бұған «Шегіртке мен құмырсақ» атты Крылов мысалының орысшасы мен Абай аударған нұсқасын салыстырып көрейік. Крыловта:

Попрыгуня стрекоза	Оглянуться не успела,
Лето красное пропела,	Как зима катит в глаза,—

деген шумақты Абай:

Көгалды қуып гөлайттап
Қызықпен жүріп жазды алған,—

деп өткірледі. Оны қазақ халқы ала жаздай шаруа қамын ойламай, сауық-сайранмен жүріп, қыс түскен соң, бармағын тістеп өкінгендер кейпін бейнелеу үшін қолданады. Сол мысалдың:

Злой тоской удручена,	Дай ты мне собраться силой
К муравью ползет она:	И до вешних только дней
Не оставь меня, кум милый,	Прокорми и обогрей ¹ ,—

деген алты жолын Абай:

Селкілдеп келіп жығылды,	Қарағым, жылыт, тамақ бер,
Аяғына бас ұра:	Жаз шыққанша асыра ² ,—

деген төрт-ақ жолға сыйғызды. Осы жолдарды оқығанда, ұзын екі тал мұрты қыбырлаған, жазда ал-

¹ Крылов И. А. Басня. М., 1958, с. 36.

² Құнанбаев А. Шығармалар жинағы. Алматы, 1945, 220-б.

дыңыздан ыршып ұшатын, бөкен санды, бөрі тірсек шегірткенің күн суытқандағы мүшкіл халі көз алдыңызға келеді. Қазақ арасында осы төрт жолдың бәрі бірдей емес, соңғы жаз шыққанша асыра дегені қанатты сөз ретінде жиі айтылады. Оны жұрт көбінесе «Уақытша болса да, қараса тұр» немесе «Мына бір ісімді жөндеп алғанша, көмектес» деген мағынада қолданады. Сөйтіп, Крыловта қанатты сөз боп айтыла қоймаған жолдар Абайда қанатты жолдарға айналып кеткенін байқадық.

Мұндай сәтті аударудан қанаттанып кеткен бейнелі сөздерді Мұхтар Әуезов аударған Гогольдің «Ревизорынан», Шекспирдің «Отеллосынан», Қ. Шаңғытбаев аудармасындағы Г. Чернышевскийдің «Не істеу керегінен», Қ. Сағындықов аударған М. Горькийдің «Анасынан» т. б. көптеп кездестіреміз.

Өз тілінде қанаттанып тұрған сөз тіркестері басқа тілге аударылғанда әлсіз шығатын жағдайда оның балама, серіктерін іздеп тапқан жөн. Орыс тіліндегі «Подписано с плеч долой» сөзінде бейнелі қасиет бар. Сондықтан оны бір ғана қол қоюға байланысты айтсақ, қазақша шықпайды. Шыққан күнде де бастапқы мол мағынасына ие бола алмай қалады. Ол қанатты сөздің бізде дәл өзіндей болмағанымен, «Көңілден тыс, көзден таса; Көлігім көпірден өтті» — ісім бітті Усияқты сынарлары бар. Дәл сондай-ақ «Врида, знай же меру» нақылының да қазақта: «Асыға айтсаң да, асыра айтпа, Жалған айтсаң да жалпы айтпа» т. б. түрлері кездеседі. Аударуға қиын болған кезде осындай нақылдарды неге қолданбасқа.

Нақылдарды, мақал-мәтелдерді аудару жөнінде пікірлер әр түрлі. Біреулер сөзбе сөз (калька), енді бірі мағынасына қарай (адекватты) аударуды дұрыс деп табады. Ал бірқатар ғалымдар ондай бейнелі сөздер аударылмайды деп дәлелдейді. Сондықтан да олар қанатты сөз, идиомаға анықтама бергенде, бір тілден екінші тілге аударылмайтын астарлы сөздер деп жүр.

Бұл тұжырымға қосылуға болмайды. Өйткені

аударылмайтын сөз жоқ. Аударушы табылса, қандай қиын, астарлы сөз болса да, мағынасы жағынан болса да, аударылуға тиіс. Тек қана ондай астарлы сөздердің терең сырын аша білетін, оның әуенін, ерекшелігін, айтылу мәнерін, өткір, тапқырлық, нақылдық қасиетіне жете түсінетін шебер аудармашы болсын. М. Қаратаев «Тынық Донның қазақшаға аударылуы және көркем аударманың кейбір мәселелері» деген мақаласында: «Сөзбе-сөз аударылумен мұндай идиомдардың мағынасын беру мүмкін емес. Сондықтан оларға қазақ тіліне сәйкес келетін баламаларды, үйлесімдерді іздеп табуға тура келеді»³,— деп жазды. Осы пікірдің барлығы да А. Федоровтың «Введение в теорию перевода» атты кітабындағы идиом, фраза сияқты бейнелі, астарлы сөздер аударуға келмесе, оны сол тілде бар баламасымен (эквивалент) орнын алмастыру керек деген ережені қуаттайды. Бұл дұрыс. Оған біз де қосыламыз. «А, Васька слушает да ест» (Крылов) нақылын «Мысық тыңдап жей берді» деп аударғанша «Құлақ аспай сөзіне, көше берді жөніне» деп алсақ, немесе орыс тіліндегі «Знай сверчек, свой шесток» нақылын қазақтың «Аяз, әліңді біл, құмырысқа, жолынды біл» деген бейнелі сөзімен алмастырсақ, әрі жатық, әрі үйлесімді шығар еді.

Бұл жерде алмастырып отырған екі тілдегі нақылды ой таразысының екі басына салып, олардың қайсысының көркемдік, бейнелі қасиетінің басым екенін аша кету артық болмайды. Мәселен бізше «Аяз, әліңді біл, құмырысқа, жолынды білдің» қуаты «Знай сверчек, свой шесток» деген орыс тілінде берілген мағынасынан артық болмаса, кем емес. Ондай мағынасы тең сөздерді аудармай-ақ, орнын ауыстыра беруге болады. Оның есесіне орыстың «Вот, где зарыта собака» нақыл сөзіне қарағанда, біздегі «Міне, мәселе қайда жатыр» деп, оған серік болады-ау деген сөзіміздің астарлы қуаты кем (неполноценный), жай сөз сияқты. Мұндай жағдайда

³ Қаратаев М. Туған әдебиет туралы ойлар. Алматы, 1958, 344-б.

сөздің орнын алмастыру тиімді бола бермейді. Сондықтан одан да өткірлеу, бейнелі сөз тіркестерін іздеуге тура келеді.

Осы айтылып отырған әр ұлт тіліндегі мағынасы бір, бейнелі, астарлы сөздерді бір халық тілінен екінші халық тіліне аударылу арқылы таралған деп айту тіптен дұрыс емес. Себебі орыстағы «Знай сверчек, свой шесток» нақыл сөздің қазақтағы «Аяз, әліңді біл, құмырсқа, жолыңды біл» деген қанатты сөзбен мағынасы бір болғанымен, айтылуы әр түрлі. Орыста «сверчек» десе, қазақта аңыз ертегі түріндегі Аяз би атына байланысты айтылып отыр. Сондықтан бұл ұқсас нақылдарды бір-бірінен аударылған деудің жөні келмейді. Олар әр халықтың тұрмыс-салтына қарай шыққан параллель сөздер ғана. Бұл сөздердің әр ұлт тілінде ешкімнің ықпал-әсерінсіз, өздігінен бір мағынада қолданылып кетуінің басты себебін — сол халықтардың экономикалық-саяси бірлігінен, тағдырластығынан, өмірдің ащы-тұщысын бірдей бағалауынан деп ұққан жөн.

Мысалы, тіршілік кәсібі бір, ауылы аралас, қойы қоралас, қатар жатқан бауырлас халықтардың мақал-мәтел, нақыл қанатты сөздері бір-біріне өте ұқсас, сабақтас, қатарлас келеді. Қазақтың «Сен салар да, мен салар, атқа шөпті кім салар» деген халықтық нақылы Дағыстанның «Ты — князь и я князь, а кто же лошадам сено даст» деп айтылуы мал шаруашылығымен шұғылданған екі ел кәсібіне байланысты туған. Ал қазақтың «Кімнің жерін жерлесен (мекендесен, — Т. Н.), соның жырын жырла» нақылы абхаз халқында «В чьей лодке сидишь, того песню пой» немесе біздегі «Алма алманы көріп рең аладының» Азербайжандағы «Виноград глядя на виноград, быстрее созревает» сөздері бір есептен, мағыналас, сабақтас түрінде айтылса, екіншіден, олардың әрқайсысынан сол халыққа тән өзіндік ерекшелік сезіліп тұрады. Оны терістіктегі, қиыр шығыстағы халықтар шығарыпты дей алмаймыз. Міне, әр елдің өзіне тән айтылып кеткен мұндай нақылдары аударма емес, ұқсас сөз

тіркестері (параллель) деп саналады. Ал, аударма арқылы келген нақылдар өзінен-өзі белгілі. Мысалы, қазақтың әдеби тіліндегі «Өмірге жолдама-ның» — «Путевка в жизнь» деген кинокартина атынан, «Мысыққа күнде той бола бермес» тіркесінің — «Не все коту масленица» дейтін Островский пьесасынан, «Біздің көшеде де той болардың» — «Скоро на нашей улице будет праздник» дегендердің тура мағынасынан туған.

Кейде аудару үстінде жаңа сөз тіркестері пайда болады. Бұл жөнінде 1958 жылы болып өткен (Алматыда) Орта Азия, Қазақстан; Азербайжан аудармашылары бас қосқан кеңесте жақсы айтылды. Осы жиында баяндама жасаған Қ. Сағындықов В. И. Ленин шығармаларында кездесетін «Волков бояться — в лес не ходить»; «Взялся за гуж — не говори, что дуж»; «Слышал звон, да не знаю, где он»; «И волки сыты, и овцы целы»; «Лучше горькая правда, чем сладкая ложь» сияқты көптеген нақыл сөздерді аударып отырып, бұрын қазақ тілінде болмаған «Қасқырдан қорыққан тоғай араламас»; «Ауыр жүкке жегілме, жегілсең, егілме»; «Әлдеқайда жаңғырық, білмей қалды аңырып»; «Қасқыр да тоқ, қой да аман»; «Тәтті өтіріктен, ащы шындық жақсы» сияқты жаңа сөз тіркестерінің пайда болғанын айтады⁴.

Демек, бұған қарағанда, әр халықтың әдебиетіндегі қанатты сөздер бір тілден екінші тілге сыртқы құрылысын бұзбай сөзбе-сөз (калька), мағынасына қарай (адекватты) және сыңарларын (эквивалент) іздеп табу арқылы ғана емес, сол нақылдарды аудару жолында екінші басқа халық тілінде жаңа сөз тіркестері келіп қосылады екен. Бұл да өзіндік сыры бар жаңа құбылыс. Нақыл сөздер қорының толығына беруіне бұл тәсілдердің де қосар үлесі мол. Сондықтан да оны дамыта бергеніміз жөн.

⁴ Материалы регионального совещания по переводу литературы с русского на язык народов Средней Азии, Казахстана и Азербайджана. Алма-Ата, 1960.

Нақылдар мен идиомдардың аударылуы, оның әдеби тілдің дамуына ететін әсері жөнінде өзбекстандық Р. Саломовтың, түркменстандық А. Аннанұровтың, қазақстандық С. Талжановтың, Ә. Сатыбалдиевтің, Р. Сәрсенбаевтың ғылыми еңбектерінде де жоғарыда көрсетілген мақал-мәтелді, нақыл сөздерді аудару жолдары тіл білімі және әдебиет мәселесі тұрғысынан дәлелденген.

Сайып келгенде, қазіргі кезде қанатты, нақыл сөздердің, идиом, фразалардың, мақал-мәтелдердің, шешен сөздердің бір тілден екінші тілге аударылып, таралуының маңызы зор. Олай дейтін себебіміз, біріншіден, әр ұлт тіліндегі қанатты сөздерді аудару арқылы сол халықтың сөз байлығы арта береді. Сөз байлығының молая беруімен байланысты ол халықтардың әдеби тілі де көркемделе, бейнелене, құлпыра түседі. Олай болса, әдеби шығармалардың мазмұндылығы мен көркемдігі арта береді деген сөз. Екіншіден, әр халықтың аударылмай жүрген бейнелі сөздері көркем аударылудан кейін екінші халықтың әдеби тілі сіңіседі. Сөйтіп, араласа, тарала келіп, бір немесе бірнеше ұлттарға ортақ, кейін жалпы халықтық мәндес бейнелі сөз құралына айналып кетеді. Бұл — лениндік ұлт саясатынан шыққан бүгінгі дәуір талабы. Әдеби, мәдени байланысы нығайған, достық ынтымағы жарасқан бауырлас халықтар талабы.

ЖАҢА СӨЗДЕРДІҢ ЖАДЫМЫЗДА БОЛҒАНЫ ЖӨН

Қазіргі дәуіріміз — ғылым мен техниканың өркендеген, халқымыздың мәдени талабының, талғамының артқан кезі.

Қоғам өміріндегі мұндай өскелең қарқын қазақ әдеби тілінің дамуына, әсіресе, оның сөздік құрамы мен сөздік қорының баюына әсер етіп отыр. Өндіріс пен ғылымның әр саласынан қазақ тілінде шығатын ғылыми еңбектер мен газет-журналдар, көркем шығармалар әдеби тілдің көркеюіне, кемелденуіне септігін тигізері сөзсіз.

Соның нәтижесінде, жаңа сөздер, ғылыми-техникалық терминдер тілімізге көптеп еніп, әдеби тілдің игілігіне айналууда. Ал мұндай сөздерді қалыптастыруда баспасөздің ролі айрықша. Өйткені, қандай да болмасын өмірге келген жаңалықты біз ең алдымен мерзімді баспасөзден байқаймыз. Бірақ баспасөз бетінде кездесіп отырған жаңа сөздердің бәрі сәтті, еш мүлтіксіз деп қоштай қоюға да дәлел жоқ. Көп нәрсеге уақыттың өзі төреші. Өмір талабына қарай кейбір жаңа сөздер көп қолданыла келе тілден өз орнын тауып орнығып жатса, ал кейбіреулері өмір қажетін өтей алмай белгілі бір кезендерде жұмсалудан шығып жатады.

Ал жаңа сөз жасауда сөз тудырушы қосымшалар жалпы түркі тілдерінде оның ішінде қазақ тілінде, ең өнімді тәсіл болғандықтан қосымшалар арқылы жасалып жүрген біраз сөздерге тоқталуды жөн көрдік. Өйткені, қосымшаларды пайдаланудың да шегі бар. Әр қосымшаның белгілі бір сөзге жалғану арқылы білдіретін өзіне тән меншікті мағынасы, атқарар қызметі бар. Бірақ қосымшалардың осындай ерекшеліктері кейде ескерілмегендіктен бе, баспа бетінде мағынасы бұлыңғыр, құлаққа тосын жасандылау «жаңа» сөздер кездесіп қалады. Мысалы: Осынау жапан жиһанның ендігі

еншігері өзіңсің деген жалт сезім санасында ұйып қалды. (Қ. Ахметбеков. «Сый орамал»). Немесе, меніңше біз үшін диплом өз мамандығымыз бойынша 3—4 жылдық курсты аяқтағанымызды растайтын **куәгер** қағаз ғана емес (газеттен). Егер талантты актерлердің **ғұмырнамасы** хақында бірер сөз айту керек болса: 1910 жылы Қызылорда қаласында кедей шаруаның семьясында дүниеге келеді (газеттен). Осы сөйлемдердегі **еншігер, куәгер, ғұмырнама**, және осы типтес қолданылып жүрген **жарыскер, кісілік қалып, конверттік адрес, аудармалық, паспорттық бланкі** сияқты сөздер мен сөз тіркестерін сәтті шыққан, әдеби тілдің нормасына лайық дей қою қиын. Себебі, қазақ тілінде бұрыннан қалыптасқан мағынасы айқын, көңілге қонымды **еншілес, куәлік қағаз, кісі қалпына келу, конверт адресі, паспорт бланкісі** деп жұмсалынатын үлгілерді жазсақ та еш ұтылмас едік. Күні ертең **малқор** сөзі **малкер, шайқор** сөзі **шайкер, паракордың паракер**, деп жазылмасына кім кепіл. Сондықтан қосымшаларды орынсыз кез келген сөзге тықпаламай, өз орнымен қолдансақ. Ал араб-иран тілдерінен енген бастапқы мағынасы «хат», «шығарма» деген ұғымда жұмсалған «нама» **формантын** қолдану соңғы жылдарда белең алып барады. Мысалы, **сапарнама, ғұмырнама, өсиетнама, құбыланама, жаднама** (памятка), **есімнама** (персонали), **тарихнама** (историография), **жырнама, т. б.** Осы аталған соны сөздердің бәрі бірдей **әдеби тілдің үдесінен шыққан** дей алмаймыз. Дегенмен, **сапарнама, тарихнама, мақалнама, есімнама, жаднама** (памятка) тәрізді сөздердің екшеуден өтіп, игілікке айналатындары да жоқ емес. **Нама** қосымшасы революциядан бұрынғы ақындардың өлеңдерінде көбіне жеке сөз күйінде қолданылған екен. Айталық,

Жақсылар бұл **наманың** жөнін білгін,
Ашылса баһарда бақ сайрар бұлбұл.

(Айтыс, II том, 554-б.).

Бұл, әрине, кітаби тілдің әсері. Ал қазір жеке күйінде емес, кейбір сәтті баламаларын таба алмай

жүрген сөздерді беруде жұрнақ ретінде қолданылып жүр.

Жалпы жаңа сөздер қоғамдағы әртүрлі оқиғаларға, алуан түрлі жаңалықтарға байланысты пайда болып жататындықтан, сөздік қорымыздағы жаңалық, өзгеріс атаулының бәріне үрке қарауға да, шеттетуге де болмайтыны белгілі. Қайта, мағынасы дәл, айқын, халыққа түсінікті, тіл заңдылығына сәйкес баламаларды, жаңа сөз легін тілімізге біртіндеп енгізуге болатыны даусыз нәрсе. Оған мысал етіп соңғы жылдары пайда болған **жазушы** сөзінің синонимі ретінде шығармада әртүрлі стильдік мақсатта қолданылып жүрген **қаламгер**, **суреткер** сөздерін, **жаттықтырушы** сөзімен мағыналас **бапкер** сөзін, тілімізде бұрыннан бар **жауынгер** сөзінің үлгісінде жасалған **майдангер** (фронтовик), **жеңімпаз** сөзінің синонимі **жүлдегер** сөздерін келтіруге болады.

Айталық, **майдан** сөзінен өрбіген **майданшы**, **майдандас** сөздері о баста бар еді, енді — **гер** қосымшасы арқылы әрі жаңа, әрі сәтті **майдангер** сөзі жасалды. Бұрын «солдат» (соғысқа қатысқан адамдар) көбіне **жауынгер** сөзімен аталатын еді, енді майданнан қайтқан, соғысқа қатысқан адамдарды — **майдангер** деп мағынасын саралай алғанымыз жөн сияқты. Осындай саралау арқылы біз бұлардың мағыналық айырмашылығын аша түсеміз. Бұлар **үст**ті шыққан туындылар, сондықтан сөздік қорымыздың бел ортасынан орын алады дер едік.

Ал **бапкер** сөзінің негізгі мағынасы атты күтуші, баптаушы. Қазір осы сөз «жаттықтырушы» сөзінің орнына қолданылып жүр. Мысалы, Қазбек Әмляев отызға әлі ілікпеген ақберен жігіт күні кеше талантты боксшы атанса, бүгінде білікті **бапкер** («Лен. жас», 1971, 5 январь). Осы мағынада 50—60 жылдары **сайыпкер** сөзі қолданылған еді. Айталық, тәжірибелі **сайыпкер** шәкірттеріне штангистің күшті болуы үшін жан-жақты жаттығудың керек екендігін тағы да жақсылап айтып берді (сонда. 1956, 8 июль). Демек, синонимдерді стильдік мақ-

сатқа сәйкес бірінің орнына-бірін жігін таба қолдансақ, тіліміздің оралымдылығы артып, икемділігі кеңейе берер еді. Бұл ретте профессор Мәулен Балақаев былай деген еді. «Біз тілді нормаландыру дегенді уағыздағанда, тілдің икемділік қасиетін жойып, сірідей сірестіріп қояды көздемейміз. Тілдің икемділік қасиетін арттыруды көздейміз. Тіл материалдары сұрыпталып бүкіл халыққа тегіс түсінікті, әрі ұғымды, дәл, анық ету арқылы ғана тілдің икемділігін арттыруға болады. Сол мақсатпен тілдік норма үшін күресудің маңызы өте зор». Сонымен тілге үлкен-үлкен жауапкершілікпен қарап, сөзді, сөз тұлғаларын барынша ұқыппен, мұқият қолдансақ, ана тіліміздің көркейіп, тіл мәдениетінің жоғарылай түсетіні сөзсіз.

Ж. ТҰРЛЫБАЕВ

БӘРІМІЗДІҢ АРДАҚТЫ БОРЫШЫМЫЗ

Ана тілі мәдениетінің жоғары, бай, көркем тіл болуына ат салысу — тек тіл мамандары ғана емес, осы тіл арқылы қарым-қатынас жасайтын әрбір азаматтың да міндеті. Өз ана тілінің мәдениетіне халықтың ертеден-ақ назар аударып, көңіл бөліп келе жатқанын білеміз. «Жақсы сөз — жарым ырыс», «Ашуың қатты болса да, тілің тәтті болсын», «Андамай сөйлеген ауырмай өледі», «Сөз қадірін білмеген, сөзді өзіне келтіреді», «Жылы-жылы сөйлесең, жылан іннен шығады».

Халықтың тіл мәдениетіне деген жан ашырлығын, оған аса мән беріп, жауапты қарап келе жатқанын осы мақал-мәтелдерден-ақ байқауға болады. Бұл секілді тарихи игі дәстүрді Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл білімі институты ауық-ауық

қозғап, тіл мәдениетінің жаңа саты, жаңа биікке көтерілуіне көш басшы болып келе жатқаны мәлім. Қазірде тіл мәдениеті жөнінде кең, еркін пікір алысуға мүмкіндік туып отыр.

Тіліміздің сөздік қоры үнемі жаңа сөздермен молығып, жаңа ұғымдармен байып, оның стилі де, грамматикалық құрылысы да күн санап мүсіндену үстінде. Тілдің бұл құдіретін сөйлеушілер де, жазушылар да қажетінше пайдаланып жүр.

Қазақ тілінің қазіргі жетістігін мақтаныш етумен бірге оның мәдениетінің дамуына аз да болса кедергі келтіретін кейбір әлсіз жақтарын аңғарып, оны жоюға тырыссақ, тіл мәдениетіне жанашырлық сол деп есептейміз.

Біз мекеме атауларының жай-күйіне назар аударғымыз келеді. Бізде сан мыңдаған әкімшілік, қоғамдық ұйымдар, өндірістік, сауда тағы басқа мекемелер бар. Оның бәрінің маңдайшасында қазақша, орысша жазылған атаулары бар. Міне, осының кейбіреулерінің қазақша атаулары сол мекеме, өндіріс, сауда орнының дәл атын бере алмайды. Мысалы, бір дүкеннің маңдайшасындағы тақтаға жазылған «Құрмалас заттар магазині» деген сөзді түсіне алмай, маңдайшадағы екінші тақтаға қарасақ, онда орысша «Магазин смешанных товаров» деп жазылған екен. Сонда ғана оның аралас заттар немесе аралас товары бар дүкен екенін түсіндік. Маңдайшадағы жазудың көбі осындай түсініксіз не сауатсыз жазылып келеді. Осыған тағы бірнеше мысал келтірейік: «Қазақстан денсаулық министрлігінің тазалық-эпидемиологиялық республикалық станциясы», «Қазақ ССР Құрылыс министрлігі Алматы өңдеу (жөндеу болуы керек) жұмыстары тресі № 19 құрылыс-монтаж басқармасы», «Армияға, авиацияға және флотқа жәрдемдесетін бүкілодақтық ДОСААФ-тың Қазақ республикалық қоғамы», «Қазақ ССР автомобиль транспорты министрлігі Алматыдағы пассажирлік автотресі автобус паркі № 4», «Қазақ ССР құрылыс-монтаж главалмаатастрой Алматының ұй салатын комбинаты», «Алма-

та қаласы Калинин аудандық біріккен 8-ші емдеу поликлиникасының филиалы».

Бұл біз кездестірген кейбір мысалдар ғана. Айрықша уақыт бөліп, арнайы байқау жүргізген адам мұндай сауатсыздықтың, жауапсыздықтың бұдан да сорақысын кездестіруі сөзсіз.

Осымен бірге Алматы зоопаркіне барып айуандар мен құс аттарына да және оларға берілген түсініктерге де назар аударайық.

Қазақтың кең байтақ даласында жортпайтын аң, ұшпайтын құс жоқ. Аң аулап, құс салуға қазақ — шебер халық. Ерте кезде аңшылық, аугершілікті арнайы кәсіп еткен адамдар көп болған, ондайлар қазірде де бар. Сондықтан аң мен құстың сан түрлі атауын және олардың ерекшеліктерін, түрлі қасиеттерін танытатын есепсіз көп сөз қалыптасқан. Соған қарамастан Алматы зоопаркіндегі кейбір айуандар мен құстардың қазақша аты-жөні жоқ, барлығына берілген түсініктер қазақ тілі нормасына сай келмейді. Мысалы, торғайлар тобының орысша **славики, овсянки, снегири** деген аттары бар да, олардың қазақшасы жоқ. Қазақша аталатын **суық торғай, ақ шымшық, қара шымшық, боз торғай, қара торғай, шақшақай** тағы сол сияқты қанша түрі болса, сонша аты бар емес пе? Бақа-шаян, тышқан іліп жеп жүретін **ақсары** деген құстың қазақша аты жазылмай орысша **болотный лунь** деген аты жазылған. **Тазқара** деген құс **тасқара** делінген. Оның тағы бір түрі **құмай** деп аталады, ол да жоқ.

Қазақ **сиыр, ешкі, қой, тау ешкі, арқар, құлжа, бұғы, маралды** бір сөзбен **аша тұяқтылар** деп атайды. Мұнда **қос тұяқтылар** деп жазған, қос тұяқтылар отрядына жатады деген түсінік берілген. Біздіңше оның орнына **аша тұяқтылар тобына жатады** десе, қазақшаға жақындау келер еді. Аң мен құсқа «Қазақстан далалықтарын мекендейді» деген түсінік жазған. Осыны **далалықтарын** деп шұбаландатудан гөрі **даласын** деп жазу ыңғайлы емес пе? Лама деген айуанның қазақша аты берілмеген. Біздіңше, ол **желмая** болуы керек. Түйе тәріздес, бірақ түйеден кіші, жылдам жүретін аң. Осы секіл-

ді қарақұйрық, бөкен, арқар, құлжа деген аңдардың өзі бар да аты жоқ, кейбіреуі орысша аталған. Заттың өзін де, атын да білдіру өзгелердің тіл байлығын арттыруға қамқорлық деп білеміз.

Аң мен құс аттарын қарттар жақсы білгенмен, жастар жақсы біле бермейді. Аңға байланысты атау — тіл байлығының бір саласы. Сондықтан айуандар мен жан-жануардың, өсімдіктердің, құрт-құмырсқаның қанша түрі болса, сонша аты бар, болмаса қазақша атын беру қажет. Олардың көбі тілде бар, бірақ жұрттың бәрі бірдей біле бермейді.

Тіл байлығын дамытудың бір арнасы — диалектизмдер. Жергілікті тілге үрке қарауға да, оны жөн-жорықсыз қолдануға да болмайды. Әдеби тілге қабылдап алатын сөз Қазақстанның түкпір-түкпіріне жайылып кетпегенімен, облыс көлемінен шыққан, оның әдеби тілде жарыспа мағынасы жоқ, әдеби тіл қатарына келгенде, өз орнын тауып, жымдаса кететін, егер оны алып тастаса орны олқы қалатын сөз болу керек деп есептейміз. Мұндай сөздерге мысал ретінде баспа бетінде үшен (қойдың бірден үш қозы төлдеуі), жозы (аласа стол), зембіл (носилка) тағы басқа сөздер айтылды. Мұны қостай отырып біздің айтарымыз — Алматы, Жамбыл, Талдықорған облыстарында қолданатын жейде деген атаудың әдеби тілге енгені жөн демекпіз. Жейде — ерлердің киімі. Оның орысшасы — рубашка. Ал қазақ әдеби тілінде ерлер көйлегі немесе бір сөзбен көйлек деп аталып жүр. Біздіңше ерлердікін де, әйелдердікін де бір сөзбен көйлек дегеннен гөрі бірін жейде деп, бірін көйлек деп дараласақ дұрыс болар еді. Жейде атауын жоғарыда аталған үш облыстан басқа тағы Шығыс Қазақстан мен Семей облыстарының да көп жерлері қолданады.

Енді бір ауыз сөз әдеби тіліміздегі дублеттер туралы. Қай орында тұрса да, қандай экспрессивті жағдайда қолданылса да, екеуі бір міндет, бір мағынадан ауытқымайтын, екіншісі, егіздің сынарындай болып жүрген сөздерді таңдап, талғап, елеп-екшеп бірте-бірте әдеби тіл нормасына келтіріп алу қажет-ақ. Таңдау, талғау жүргізуден бұ-

рын әуелі сол дублет немесе жарыспа сөздерге не-лер жатады, соның шекарасын ажыратып алу қажет сияқты. Кейбір жолдастар, ол дублет болса болсын, болмаса қойсын әйтеуір өз басым қария мен кәрия, оңды мен өңді деген сөздердің бірін еркекке, бірін әйелге қолданам дегенді де айтады. Егер бұл пікірді құптайтын болсақ, жаутандауды еркекке, жәутендеуді әйелге, азар деген сөзді еркекке, әзер дегенді әйелге, ажуа дегенді еркекке, әжуәні әйелге, ар деген сөзді еркекке, әр деген сөзді әйелге қолдануымыз керек. Сөйтіп бір күндерде қазақ тіліне «төңкеріс» жасап, жуан дауысты дыбыспен айтылатын сөздерді еркекке, жіңішке дауысты дыбыспен айтылатын сөздерді әйелге қолданайық деушілер де шығуы мүмкін. Бұған тіл дамуының заңдылығы көне қояр ма екен? Тілімізде жарыса қолданылатын бір сыңары екінші сыңарынсыз-ақ толық қызмет атқара алатын, бірін алып, бірін қалдырса, қалдырылғанының орны ойсырамайтын бір қанша жарыспалы немесе сыңарлы сөздер бары рас. Мысалы, осы күнде жарыса қолданылып жүрген ашты мен ашы, ыстық пен ысы, айғай — айқай, жаутандау — жәутендеу, азар — әзер, ажуа — әжуә, қазыр — кәзір, бірдеңе — бірденке, ішбір — ешбір, ішқашан — ешқашан сипаттас сөздердің бір ғана сыңарын жазба әдебиетке тұрақтандырғанымыз дұрыс.

Біздіңше, осы секілді қайсысын тастап, қайсысын қолданса да орны олқы қалмайтын қосар сөздердің біреуін ғана қолдансақ, тіліміз ала-құлалықтан таза болар еді.

Сайып келгенде, екшей-текшей сөз маржанын сүзіп алу — бәріміздің де ардақты борышымыз.

БАУ-БАҚША ТЕРМИНДЕРІ ЖӨНІНДЕ

Әдеби тіл нормасын сақтау, тіл тазалығы мен мағына дәлдігі үшін күрес ұлттық терминологияның жай-күйімен тікелей байланысты. Терминологияның дұрыс қолданылуы әдеби тілдің жетілу, кемелдену дәрежесін айқындайды.

Ауыл шаруашылық әдебиеттерінде бау-бақша терминдерінің бірсыпырасы әлі де орынсыз қолданылып, тұрақты жұмсалынбайтыны жиі байқалады. Біз төменде осы мәселеге тоқтала отырып, өз пікірімізді айтуды мақұл көрдік.

Орыс тілінде «кишмиш» термині екі мағынаға ие: біріншісі — кептірілген жүзімді (мейіз), екіншісі — жүзім сортын аңғартады (кишмиш розовый, кишмиш черный). Бірінші мағынасы қазақ тілінде **мейіз** сөзімен беріледі, оған ешкімнің дауы жоқ. Ал екінші мағынасы тағы да осы сөзбен (мейіз) алынуы ойға қона бермейді. **Қызғылт мейіз, қара мейіз** секілді ерте және орташа сорттар да едәуір ұзақ (2—3 ай) сақтауға жарайды (Бағбан кітабы, 1970, 295-б.). **Қара мейіз** — орташа немесе орташа ерте пісетін, тасымалдауға жақсы, шығыс тобына жататын тұқымсыз асханалық сорт (Жас бағбанға көмекші, 1968, 192-б.).

Халық ұғымында **қызыл мейіз, қара мейіз** тіркестері жүзім сортын емес, мейіз түрлерін аңғартады. **Қара мейіз** жемеймін өрік тұрып, Тақияшаң жүрмеймін бөрік тұрып (Халық өлеңі). Сондықтан мүмкіндігінше мағына даралығын сақтап, қолдану үшін қызғылт мейізді — **қызғылт кішміш**, қара мейізді — **қара кішміш** деп алған жөн ғой деп ойлаймыз. Оның үстіне бұл сөз қазақ тілінде бұрыннан мейіз сөзімен қатар қолданылып келгендігін «Алпамыс» жырындағы мына қатарлардан аңғаруға болады. **Кішміш мейіз** жегізіп, Шұбар атын бақтырды (Алпамыс, 1968, 132-б.).

Кейде халық тілінде ежелден сараланып қалып-

тасқан, терминдеп алуға лайық кәсіби сөздерді білмеу не салақтық салдарынан әркім өзінше ба- ламаны қолдан жасауға әрекеттенушілік те байқа- лады. Мысалы, халық бау-бақша өсімдіктерінің жасын бір жылдық, екі жылдық деп жыл сөзімен атайды. Ал баспа беттерінде орыс тіліндегі **одно- летка**, **двухлетка** сөздерін сөзбе-сөз аударып жыл сөзін жас сөзімен ауыстырып жазып жүр. Алманы және алмұртты **екі жасында**, ал сүйектілерді... **бір жасында** отырғызуға болады (Жас бағбанға көмек- ші, 1968, 94-б.). **Жеті жастағы** ағаштарынан 20 килограмға дейін жеміс алынады (Бағбан кітабы, 1970, 48-б.). Бұлайша өзгерте берер болсақ, **жыл- дық сақина** (годовичное кольцо) терминін жастық са- қина деп алуға тура келеді. Көне түркі тілінен бас- тап жеміс ағаштарының бұтағын агротехникалық шараларға байланысты кесу, қырқу жұмысын **бұ- тау** сөзімен аңғартып келген. Соған қарамай баспа беттерінде қырқу, кесу деп жазылып жүр. **Қырқу- ды** сорттардың бәрі бірдей дәрежеде қабылдай бер- мейді, сондықтан түрлі сортқа **қырқудың** түрлі әдістерін қолданған жөн (Бағбан кітабы, 1970, 110-б.). Біздіңше, «қырқу, кесу» сөздерімен «бұ- тау» сөзінің берер мағынасы бірдей емес. «Қырқу, кесу» сөздері — жалпы қолданылатын сөз. Мысалы, қағаз қырқу, мата қырқу т. б.

Ал бұтау сөзі тек бау ағаштарының бұтақтарын мақсатқа сай кесу жұмысын аңғартады. Сондай-ақ **сөл жүру** деп жазудың орнына **сөл жүгіру** (Бағбан кітабы, 81-б.), **қысқы қурау** деп жазудың орнына **қысқы кебу** (Жас бағбанға көмекші, 174-б.) деп қолдану да келісіп тұрған жоқ. Кейбір терминдер әдеби тілде қолданылу жиілігі артып, жалпы ха- лыққа түсінікті болып кеткен. Мысалы: **бағбан**, **гүлдеу**, **шырпу** сияқты терминдерді қазақ тілінде сөйлейтіндердің бәрі де түсінеді десек қателеспей- міз. Амал не, бағбанды — **бағбаншы**, гүлдеуді — **гүлдену**, шырпуды — **шырпылау** деп жазушыларды да жиі байқаймыз.

Бағбаншылар дайындау ісіне жауапкершілік- пен қарау керек («Қазақстан ауыл шаруашылығы»,

1969, № 11, 40-б). **Гүлдену**, түйнектеу кезінде түйіннің саны, пәлек, жапырақ, мүртшалары саналып анықталды (Қазақстан қауын-қарбыздары, 1969, 45-б.). Кәрі ағаштарды алдымен **шырпылау** керек (Жас бағбанға көмекші, 119-б). **Гүлдеу мен гүлденудің, шырпу мен шырпылаудың** жеке-жеке мағыналары бар, ол сөздерді бір-бірімен шатастыруға болмайды.

Ендігі бір айтылуға тиіс мәселе — орфографиялық қателер. Мысалы: шабдалы термині **шапталы**¹, **шабдалы**², **шабдал**³ болып әр сөздікте әртүрлі жазылған. Баспа беттерінде де бір ізділік жоқ. Киевский ранний — **шабдалдың қысқы** суыққа ең төзімділерінің бірі (Жас бағбанға көмекші, 74-б.). Победитель — **шабдалының** неғұрлым ерте пісетін сорттарының бірі (Бағбан кітабы, 49-б.). **Шабдал** ағаштары өріктен, қиыр шығыстық алхорыдан және қытайлық шырмауық шиенен көп кеш гүлдейді (Алхоры, өрік, шабдал... 1968, 162-б.). Біздіңше, бұл сөзді көп қолданатын Оңтүстік Қазақстан тұрғындары тіліндегіше **шабдалы** деп алу қазақ тілінің айтылу заңына да сәйкес келетін секілді.

Түркі тілдеріне ортақ кейбір бау-бақша терминдері орыс тілінен еніп, сол тілдің айтылу заңына байланысты жазылып жүр. Ол сөздермен қазақ тіліндегі нұсқасын салыстырып көрелік. Мысалы: **шілдекі** (ор. чиялки), **құсайын** (ор. хусаине), **әнгелек** (ор. хандаляк), **әміре** (ор. амери), **күләбі** (ор. гуляби), **қозыбай** (ор. кузыбай), **іші қызыл** (ор. ичкизил), **ақ шабдалы** (ор. ак-шафталю), **бұхар** (ор. бухарка) т. б.

Неге екені белгісіз, осы терминдердің қазақшасынан гөрі баспа беттерінде орыс тіліндегі нұсқасы жиі қолданылады. **«Чиялки, халили, қара мейіз, хусаине, чарас, құлжалық, паркент, қызғылт тайфи,**

¹ Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. Алматы, 1963.

² Орфографиялық сөздік. Алматы, 1972.

³ Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 2-т. Алматы, 1961; Т. Мұсақұлов. Биология терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. Алматы, 1961.

нимранг және басқа сорттар өсіп-өну кезеңіндегі тиімді температуралардың жалпы жинағы 3500 градус және одан да асатын аудандарда ғана жемісті әрі мол, әрі тұрақты береді (Жас бағбанға көмекші, 183-б.) **Ақ-шафталю** сортының жемістері асханаларда және кептіруге пайдаланылады (Алхоры, өрік, шабдал... 158-б.). Осындай ізденудің нәтижесінде ұзақ сақталатын ел арасына тасуға төзімді Қызылорданың **қара гуляби**, қалайсан және Шымкенттің **бухарка** сорттары пайда болған (Қазақстан қауын-қарбыздары, 8-б.). Қауын сорттарына қарай адна, **хандаляк**, **кассаба**, **амери...** топтарға бөлінеді. Олар ...жергілікті **кизил урук** тағы басқалар (Бұл да сонда, 70-б.). Бұл сорт Қазақстанның Қызылорда, Шымкент, Жамбыл облысының аудандарында жергілікті **ич-кизил** қауыны деп аталады (Бұл да сонда, 73-б.). Кеш пісетін қарбыз сорттарынан **кузыбай** қарбызын 5—6 ай сақтауға болады (Бұл да сонда, 106-б.). Дұрысында бұл үзінділердегі келтірілген терминдер **шілдекі**, **құсайын**, **ақ шабдалы**, **күләбі**, **әңгелек**, **қызыл ұрық**, **іші қызыл**, **қозыбай** болып жазылуы керек.

Ұлттық терминологиямыздың толығып, жетіле түсуіне орыс тілінің айрықша әсері болып отыр. Көптеген терминдер орыс тілінен тікелей алынып не аударылу арқылы жасалуда. Дегенмен, бұл игі жұмыста да қынжыларлық жәйттер аз емес. Орыс тілінен аударылу арқылы алынған терминдердің өзі бір кітаптың әр бетінде әр түрлі жазылып, берекесіз қолданыла береді. Мысалы: орыс тіліндегі **площадь питания** термині **қорек алу алаңы**, **қоректік алаң**, **қоректік аумақ** деп үш түрлі, ал **ловчие пояса** термині **құрт аулағыш белдік**, **қармағыш белдік**, **құрт ұстайтын белдеулік**, **аулау белдігі** деп төрт түрлі жазылып жүр. Дұрысы: **қоректік аумақ** (**площадь питания**), **қармағыш белдік** (**ловчие пояса**) болып алынуы керек. Жаңа алынған терминдердің қалыптасып кетуі үшін оның бір ізді қолданылуының ерекше әсері бар. Бірақ бұл мәселеге көңіл бөлу әлі де жеткіліксіз болып келеді. Кейбір сортты аңғартатын терминдердің бірде орыс тілін-

дегі нұсқасы алынса, бірде оны аударып жататын кезіміз де жиі кездеседі. Мысал үшін «Жас бағбанға көмекші» (1968 ж.) атты кітаптан мына сөйлемді оқып көрелік. **Ақ розмарин...** кездейсоқ сеппелерден өсіріліп шығарылатын табиғи будандар ғой (178-б.). **Розмарин белый** ағашы топырақтың құнарлы болғанын, жиі суарылғанын жақсы көреді (53-б.). **Шабдал алхорысы** бөрік басын біршама сирек қалыптастырады (123-б.). **Персиковая** — шыққан тегі белгісіз англиялық сорт (6-б.). **Алмұрттың** орман сұлуы және басқалар кездейсоқ сеппелерден өсіріліп шығарылған табиғи будандар (178-б.). **Лесная красавица** XIX ғасырдың басында өсірілген Бельгияның сорты (259-б.). Мұның бәрі терминге, оның қолданылу заңдылығына немқұрайды қараушылықтан туатын жәйттер. Бұндай кателер етек алып, әдетке айнала берсе, әдеби тілдің даму барысына зиянды ықпал тиюі мүмкін.

А. АЛДАШЕВА

ӘР СӨЗ ӨЗ МАҒЫНАСЫНДА ТҮРСЫН

Баспасөз — насихатшы да, тәрбиеші де. Бүгінгі таңда ол әрбір совет азаматының күнделікті қажетіне, сырласар серігіне, ақылшысына айналып отыр.

Республикада қазір жүздеген газет-журнал шығады. Сол газет-журналдар сан мыңдаған адамның назарын өзіне аударады, баспасөз бетінде жариялаған материалдар арқылы адамдар қоғамдық өмір өзгерістерімен, игі жаңалықтармен таныса алады. Осындай әр адамның айнымас досы — баспасөздің басты құралы тіл екені де даусыз.

Әдетте, «газет тілі» деген термин жиі қолданылады. Бірақ оны іс қағаздарының, ғылыми еңбектердің немесе көркем шығармалардың тілінен мүлде өзгеше екен деп түсінбеу керек. Газет тілінің

өзіндік грамматикалық формалары жоқ, газет бетінде кездесетін сөздердің, сөз тіркестерінің, сөйлемдердің мағынасы, құрылымы да басқаша емес. Әрине, газет жанрларының өзіне тән сөз жұмсау ерекшеліктері бар. Информация тілі суреттеме тілінен өзгеше, мақала мен репортаж тілінің арасында да әжептәуір айырмашылық бар. Бірақ бұл мерзімді баспасөзде тілдің мол байлығын кеңінен пайдалануды жоққа шығармайды.

«Газета — один из важнейших источников литературной речи. Она не только формирует сознание читателя, его идеологию, его отношение к обществу, к миру, но и язык читателя. Необходимо чтобы язык газеты был действительно примером, образцом литературной речи»¹.

Бұндай тұжырым баспасөздің алға ұстар қағидасы болуға тиіс.

Кең-байтақ қазақ жерінің әр аймағында шаруашылыққа, кәсіпке байланысты айтылатын сөздер, грамматикалық тұлғалар, дыбыстық ерекшеліктер бар екендігі мәлім. Мұндай тілдік ерекшеліктер ең алдымен сол жердің сөйлеу тілінде, сол аймақтың орталығынан шығатын күнделікті баспасөздің, яғни облыстық, аудандық газеттердің тілінде қолданылатыны да сөзсіз.

Осы жағдайларға орай, облыстық газеттердің сөз қолдану мәдениетіне, әдеби тілдің арнасын көтеруге қосатын үлесі болары да хақ. Тілге нұқсан келтіретін кемістіктер де кездеспей қалмайды. Енді Семей, Шымкент облыстары газеттерінің тілінде кездесетін кейбір кем-кетіктерге назар аударалық. Біздің мақсатымыз — объектіге алынған газеттердің материалдары тілін қарастыра отырып, сөзді орынды жұмсаудың, емлелік ережелерді, грамматикалық нормаларды қатаң сақтаудың тіл мәдениетін өркендету жолындағы маңызы зор екендігін айта кету.

«Семей таңы», «Оңтүстік Қазақстан» газеттерінде байқалған бір жәйт — олардың қазақ тілін-

¹ Работа над словом. М., 1971, с. 76.

дегі кейбір сөздерді өз мағынасында дұрыс жұмсауға мән бермейтіндігі. Мысалы, «Семей таңы» газетінің бетінде «жетісу» етістігі жиі қолданылады. Жастарды кәсіптік-техникалық біліммен қаруландыруда қаладағы № 28 училище жыл сайын жоғары үлгірімге **жетісіп** келеді («Сем. таңы», 1972, 3 март). Ол ойлап тапқан жаңалықтың өзінен ғана совхоз көптеген пайдаға **жетісіп** келеді («Сем. таңы», 1972, 11 апрель). Бұнда «жетісу» етістігі сөйлемдердің мағынасын айқындай алмай, қайта күңгірттендіріп тұрған тәрізді. Және бұл сөздің кемсіну, кекету мағынасы бар екендігін ескерген жөн.

Қазақ тілінің байырғы сөздерінің бірі — «үстірт» деген сөз. Бұл сөз арқылы бірнеше мағынаны түсіндіруге болады. Түсіндірме сөздікте былай делінген: «Үстірт. I сын. Қалай болса, солай, жеңіл-желпі, ұшқары, ағат. II. зат. Биіктеу болып келетін жер, төбе, қырат»¹.

Ал «Семей таңы» газетінде мынадай сөйлем кездесті: Ең алдымен берік жемшөп базасын жасау қажет, бұл үшін шалғындар мен жайылымдардың шығымдылығын түбегейлі және **үстірт** жақсарту, суландыру, ауыспалы жайылым, малды қоршауда жаю, шөптер (?) егу жолымен едәуір жақсарту керек. (1972, 27 апрель). Бұл сөйлемдегі «үстірт», әрине, «төбе, қырат» мағынасында емес. Сонда қалай болса солай, немесе жеңіл-желпі жақсарту деген ұғым тумай ма?

Атақты шопан Әмзе Омаров сүйікті партиямыздың XXIV съезін еңбектегі жаңа табыстармен қарсы алуға **жұмылуда** («Оңт. Қаз.», 1973, 23 октябрь). Сол жылы оқу қорытындысында емтиханды ойдағыдай тапсырған ол осы институттың студенті болып **тағайындалды**. («Сем. таңы», 1972, 11 апрель). Бағытымыз — Ақсай участогы. Бұнда № 2 ферманың **отар саулығы қыстатылады** («Оңт. Қаз.», 1972, 27 октябрь). Коммунист бригадир сегізінші бес-

¹ Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 2-т. Алматы, 1961, 441-б.

жылдықтың қорытындысында **оза шауып** бәйге алды («Сем. таңы», 1972, 1 март).

Осы сөйлемдердегі қарамен терілген сөздер мен сөз тіркестерінің қолданылуындағы оғаштық бірден көзге түседі. «Жұмылу» көп адамның қимылына тән, сондай-ақ, студент тағайындалмайды, оқу орнына қабылданады. «Отар саулығы» деген тіркестегі сөздердің орнын ауыстырып қолданғандықтан, оның мағынасы айқын емес. «Оза шауып» та өз орнымен жұмсалмаған.

Баспасөз тілінде ерекше байқалған кемшіліктің бірі — сөйлем ішінде болсын, текст ішінде болсын, бір сөзді орынсыз қайталай берушілік. Бұның өзі тілдегі бар сөзді, сөздік қорды дұрыс пайдалана білмегендіктен келіп туады, стильдік орашолақтыққа әкеп саяды. Тіпті ондай сөйлемдерді оқып отырып қазақ тілінде бұдан өзге сөз жоқ шығар деп қаласыз. Биылғы жылды **тәуір көрсеткіштермен** қорытындылаймыз, **тәуір** таза пайдамен шығамыз, **көрсеткіштер** жеткілікті, — дейді шопандар («Оңт. Қаз.», 1970, 16 октябрь).

Осы сөйлемдерде бір сөзді қайталай берушіліктен туып тұрған ұтымдылық байқалмайды.

Пунктуациялық қағидалар да, сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі де мұқияттылықты талап етеді. Мына сөйлемде: Ол сауда орны, өзіңіздің де **хабарыңыз бар артта қалған** («Оңт. Қаз.», 1973, 2 февраль), біріншіден, сөйлем дұрыс құрылмаған, екіншіден, автордың айтайын деген ойы — артта қалған сауда орны, бірақ «өзіңіздің де хабарыңыз бар» дегеннен соң үтір қойылмағандықтан, «хабары артта қалған» болып шығып тұр. Мұндай қателер тілге деген салғырттықты аңғартады, әрі газет тілінің мәдениетін төмендетеді.

Әдеби тілдің нормасын бұзбай орайына қарай жұмсай білу — баршаға ортақ іс. Бұл ретте мерзімді баспасөздің көтерер міндеті үлкен екендігі даусыз. Сондықтан газетте жарияланатын материалдардың ерекшелігіне сай тіл қорындағы бар сөзді дұрыс қолдану — газет қызметкерлерінің басты борышы.

МАЗМҰНЫ

I. Тіл мәдениетінің жалпы мәселелері

І. Кеңесбаев. Тіл мәдениеті туралы бірер сөз	3
М. Балақаев. Әдеби тілдің мәдениеті туралы	8
Ә. Қайдаров. Орыс тілі және тіл мәдениеті	20
Ә. Болғанбаев. Синонимдер мен дублет сөздердің ара қатынасы	26
Қ. Есенов. Өрелі тіл	32

II. Орфоэпия және орфография мәселелері

Р. Сыздықова. Орфоэпиялық нормалар жайлы	36
Қ. Неталиева. Жазу мәдениетін жетілдіру жөнінде	40
Т. Жанұзақов. Жалқы есімдердің емлесіндегі кейбір алалықтар	45
И. Ұйықбаев. Фонетикалық вариантты сөздер	48
Е. Жұбанов, С. Татубаев. Әнші шеберлігі және орфоэпия заңдары	54
Т. Жексенбаев. Қысқарған сөздер және олардың орфографиясы мен орфоэпиясы	62
Ә. Ермеков, А. Оспанұлы. Дұрыс жазу да мәдениеттілік	67

III. Баспасөз тілінің мәдениеті

Т. Қожакеев. Мерзімді баспасөздің тілі және стилі жөнінде	73
Н. Демесінова. Баспасөз тілінде көптік жалғауын қолдану ерекшеліктері	79
З. Ақышев. Аударма мәдениетін сөз етейік	85

Т. Ермеков. Кейбір оқулықтар тілі мәдениетін сөз етсек	90
---	----

IV. Сөз қолдану мәдениеті

А. Әбдірахманов. Тіл мәдениеті және терминология	94
Ө. Айтбаев. Тіл дамуындағы кейбір құбылыстар	101
С. Омарбеков. Сөз қолданудағы талғам	105
Е. Қойшыбаев. «Қораз» беп «әтеш» синоним емес	111
Б. Қалиев. Сөзді саралай білейік	113
Н. Уәлиев. Қосымшаны да құтпен қолдансақ	116
Н. Төрекүлов. Нақыл сөз — тілдің нәрі	119
З. Бейсенбаева. Жаңа сөздердің жадымызда болғаны жөн.	126
Ж. Тұрлыбаев. Бәріміздің ардақты борышымыз.	129
А. Айғабылов. Бау-бақша терминдері жөнінде	134
А. Алдашев. Әр сөз өз мағынасында тұрсын	139

КУЛЬТУРА РЕЧИ — ВЫСОКОЕ ИСКУССТВО

(на казахском языке)

*Утверждено к печати Ученым советом Института
языкознания Академии наук Казахской ССР*

Редактор *Б. Сагындыков*
Худож. редактор *И. Д. Сузих*
Техн. редактор *В. К. Горлячкина*
Корректор *А. Досымбекова*

* * *

Сдано в набор 19/VIII 1976 г. Подписано к печати 3/XI 1976 г.
Формат 84×108^{1/32}. Бумага № 1. Усл. печ. л. 7,8.
Уч.-изд. л. 8. Тираж 5700. УГ01078.
Зак. 117. Цена 51 коп.

* * *

Издательство «Наука» Казахской ССР.
Типография издательства «Наука» Казахской ССР.
Адрес издательства и типографии:
480021, г. Алма-Ата, ул. Шевченко, 28.

517.